Художественное образование в настоящее время является структурным компонентом непрерывной системы этнохудожественного образования. В Концепции этнокультурного образования национальной культуре и народному искусству отводится роль системообразующего компонента преемственной образовательной системы. В воспитании основ художественной культуры подрастающего поколения особенно велико значение одного из основных видов народного искусства – предметно-изобразительного.

Ключевые слова: реконструкция, этнодизайн, метод реконструкции, творческая профессиональная деятельность, художественное наследие.

Существует множество методов для повышения мастерства учителя изобразительного искусства. Это должно выражаться в знании своего предмета, специфических вопросах творчества, умении преподнести все это доходчиво и убедительно, в адекватной оценке творческой работы. Профессиональную подготовку будущего учителя изобразительного искусства нельзя рассматривать отдельно от познания этнической культуры региона, где ему предстоит работать.

Творческий характер профессиональной деятельности специалиста выдвигает на первый план проблемы художественной подготовки. Главной целью подготовки учителя изобразительного искусства является развитие творческой индивидуальности личности, обладающей профессиональными художественными знаниями, умениями, навыками. При этом изобразительная грамота является лишь средством, которым может оперировать художник. Вся совокупность художественно-изобразительных умений и навыков, приобретаемых в процессе обучения, должна быть ориентирована на решение художественно-образных задач, т.е. использована в процессе творчества. Выход на творческую деятельность требует как владения профессиональным мастерством, так и развитым воображением, художественно-образным мышлением, и является обязательным условием профессиональной подготовки в области искусства [1].

Знание художественного наследия, основ народного творчества является обязательным компонентом профессионализма учителя. Студенту необходимо создать условия для развития и реализации своего творческого потенциала. Личность, способная к продуцированию новых идей, к принятию нестандартных решений сможет реализовать себя как в художественном творчестве, так и в профессиональном педагогическом мастерстве.

Одной из важнейших задач профессиональной подготовки будущих учителей изобразительного искусства является глубокое знание этнодизайна. Художественно-творческая деятельность проявляется в умении воспринимать и усваивать содержание этнических произведений искусства, оценке их художественных достоинств, в умении самостоятельно создавать предметы материальной культуры.

Организация прикладной художественно-творческой деятельности студентов – одно из условий успешности формирования их эстетического вкуса и технологической культуры. Включение будущих учителей изобразительного искусства в процесс создания авторского художественного изделия позволяет выработать способность к целеполаганию, рефлексии, развивает эстетический вкус и художественное воображение, формирует открытость к диалогу культур, национально-этническому взаимодействию.

Обучение мастерству работы с различными художественными материалами и привитие интереса к нему как к источнику творческой активизации и самореализации студентов создает оптимальные условия для проявления творческого потенциала личности, фантазии, воображения, эвристического мышления, профессиональному развитию будущего учителя изобразительного искусства.

Многогранный комплекс художественных, технологических задач требует серьезной теоретической подготовки и приобретения разносторонних умений и навыков. Обучающая деятельность на занятиях, усвоение ключевых моментов создания изделия от идеи до воплощения в материале формирует умение видеть систему, выделять особенности использования технических и художественных средств при создании произведений декоративно-прикладного искусства утилитарного или художественного назначения. Все это способствует осуществлению связи теоретических знаний и практических умений в будущей профессиональной деятельности.

Этнодизайн как дисциплина, обладающая самостоятельным объектом изучения и рядом специфических методов, уверенно заняла свое место в профессиональной подготовке специалистов в области изобразительного искусства. Среди дидактических методов в преподавании этнодизайна, наряду с репродуктивным (лекционным) методом, значительное место занимают методы практического характера. Основная цель использования практических методов – стимулирование развития творческих и познавательных способностей студента. Наиболее высоким уровнем познавательной активности характеризуется исследовательский метод, частным случаем которого можно считать метод технологической реконструкции художественных процессов этнического искусства. Суть метода реконструкции состоит в максимально полном экспериментальном воспроизведении аутентичных технологий и материалов с целью глубокого освоения и изучения определенного технологического процесса или специфического объекта творчества [2].

Метод реконструкции способен с успехом решать задачи воссоздания в ходе эксперимента процессов обработки исходного материала, этапов изготовления и декорирования предмета этнического искусства. Используя аутентичные сырье, материалы и специфический инструмент, исследователь получает возможность более глубоко понять и оценить их свойства, художественных проявлений. Метод реконструкции может стать ведущим в преподавании дисциплины «этнодизайн».

Метод реконструкции в разной степени полноты воспроизведения имеет достаточно широкое распространение в современном мире. Например, так называемая «историческая реконструкция». В области восстановления художественных процессов и технологий этнического искусства в процессе подготовки специалистов в высшей школе метод реконструкции, к сожалению, еще не получил такого широкого применения, как в исторических науках, хотя его эффективность, подтвержденная отдельными экспериментальными проектами и практическими опытами, уже очевидна. Прием реконструкции представляется перспективным как в практике обучения художников и дизайнеров, так и учителей изобразительного искусства.

Метод реконструкции художественных процессов очень эффективный и дает объективные данные, в отличие от классического, лекционного. Метод исторической реконструкции технологий становится важным и достоверным источником получения информации, наряду с методами поверхностного изучения вещей и морфологического метода» [3].

Важной составляющей учебного процесса для студентов художественных специальностей являются практики: музейные, пленэрные и производственные, практики, эффективность которых должна существенно повыситься за счет включения элементов реконструкции народных артефактов. Освоив данный метод на примере отдельных технологических процессов, изученных в ходе практик, студенты начинают эффективно пользоваться им в самостоятельной учебной деятельности, при проведении курсовых и дипломных исследований [4].

К сожалению, современные тенденции в декоративно-прикладном искусстве – это использование материалов и технологий по хорошо прописанной пошаговой инструкции. Изданные за последнее десятилетие книги по декоративно-прикладному искусству – наглядная иллюстрация тенденции. Красиво иллюстрированные эффектные издания содержат готовые художественные идеи и подробное описание их реализации.

Такая ситуация грозит тупиком в личном развитии дизайнера или художника педагога. Материалы этнического искусства дают практически неисчерпаемое поле для исследования и реконструкции. Эти материалы имеют, как правило, природную основу, они экологичны и легко доступны. Для их изготовления не нужно высокотехнологичного оборудования, их возможно получить самостоятельно. В ходе реконструкционного эксперимента, варьируя ингредиенты, можно найти оптимальное сочетание и пропорции, наиболее полно определить художественные свойства материала, области его применения и способы создания художественного эффекта.

Использование метода реконструкции обогащает личный, профессиональный опыт будущего педагога. Например, в ходе изучения в рамках этнодизайна традиционной керамической посуды, можно выявить не одну особенность, характерная только для Отрарской традиции.

Развитие творческих способностей – бесспорная составляющая образовательного процесса. Говоря о творчестве применительно к учителям изобразительного искусства, чаще всего понимают процесс создания образа и способы его воплощения. Но необходимо помнить и о другой области возможного применения творческих способностей – области художественных технологий. В формировании профессиональных компетенций учителя изобразительного искусства отсутствие опыта творческой конструктивно-технологической деятельности может значительно сузить его возможности как профессионала. «Специалист с высшим образованием должен решать не полностью предписанные или вообще не предписанные профессиональные задачи, становление у него в процессе обучения в вузе творческих качеств является одной из сторон обще-профессиональной подготовки специалиста» [5].

Реализация метода реконструкции в учебной дисциплине «этнодизайн» позволяет студенту эффективно действовать и в научно-исследовательской парадигме. Это подразумевает: исследование возможностей моделирования архаичных и традиционных технологий по различным параметрам (материал, фактура и структура, технологический прием, рабочий инструмент, красочные материалы), исследование вариативности моделирования форм, исследование возможностей создания объектов актуального дизайна на основе архаичных и традиционных технологий.

Наиболее продуктивным и полноценным является реконструктивный эксперимент, проведенный на реальном этнографическом материале. Региональные принципы подбора изучаемого материала определяют высокую степень приближенности к собственной, этнически, исторически и национально близкой культуре.

Исследование особенностей собственных локальных традиций и связанные с этим открытия как индивидуально, так и общественно значимого характера придают методу реконструкции в системе преподавания очевидную нравственную и даже патриотическую воспитательную окраску. Метод реконструкции художественных процессов можно считать комплексным, так как в процессе реконструкции студентами осуществляются различные виды учебной деятельности. По работе с источниками информации метод реконструкции отождествляем с репродуктивными и поисковыми методами учебной деятельности. По уровню наглядности и доступности он схож с демонстрационным методом. По типу познавательной деятельности – это эвристический исследовательский метод. При этом отличительным достоинством метода реконструкции, применительно к образованию учителей изобразительного искусства, является то, что результатом деятельности всегда становится художественный, творчески преобразованный продукт.

Применяя метод реконструкции художественных процессов как структурообразующий в рамках дисциплины «этнодизайн», удастся вывести эту дисциплину на новый уровень и с точки зрения научной достоверности содержания, и с позиции эффективности формирования профессиональных компетенций учителя изобразительного искусства.

1 Седова И.Г. Способы творческой самореализации личности в художественно-образовательном процессе / И.Г. Седова // Продуктивные технологии образовательного процесса в подготовке специалистов: сборник трудов международной научно – практической конференции преподавателей вузов, учёных, специалистов. – Шуя: Издательство Шуйского педагогического университета 2008. – С.158.

2 Семенов С.А. Изучение первобытной техники методом эксперимента // Новые методы в археологических исследованиях. М.; Л.: Наука, 1963. С. 191–214.

3 Коробейников А.В. Историческая реконструкция по данным археологии. Ижевск, 2005, 180 с.

4 Фокин Ю.Г. Преподавание и воспитание в высшей школе: методология, цели и содержание, творчество. М.: Академия, 2002. 22

5 Исаева Т.И. Архаичные и традиционные технологии в современном дизайне текстиля: автореф. СПб., 2009. 17 с.

Түйіндеме

Бейсенбаев С.Қ. – М.Әуезов атындағы ОҚМУ ректоры кеңесшісі, п.ғ.д.,
ҚР ПҒА академигі, bei-sad@mail.ru

Бейсенбаева М. - М.Әуезов атындағы ОҚМУ, 6М010700- Бейнелеу өнері және сызу
мамандығының 1 курс магистранты, moldir-bs@mail.ru

**Болашақ бейнелеу өнері мұғалімдерін дайындау үдерісінде
этнодизайнды меңгеру әдісін қайта құрастыру**

Мақалада этнодизайн сабағын өту барысында көркем құрастыру әдісін қолдану болашақ бейнелеу өнері мұғалімдерінің кәсіби деңгейін арттыруда қаншалықты нәтиже беретіндігі туралы баяндалады. Болашақ бейнелеу өнері мұғалімдерін кәсіби дайындауда жас маманның болашақта еңбек ететін өңірінің этникалық мәдениетін танып білуін бөліп қарауға болмайды. Студенттердің қолданбалы көркем-шығармашылық жұмыстарын ұйымдастыру – олардың эстетикалық талғамы мен мәдениетін табысты қалыптастырудың бірден бір талабы.

Көркемдік білім беру бүгінгі таңда этникалық білім беру жүйесі құрылымының ажырамас компоненті болып табылады. Ұлттық мәдениет және халық өнерінің этникалық және мәдени қалыптастыру тұжырымдамасы білім беру жүйесінің сабақтастығын жүйекұрушы компоненті рөлін атқарады. Өскелең ұрпақты көркем мәдениет негізінде тәрбиелеуде ерекше халық өнерінің негізгі түрлерінің бірі затты бейнелеу болып табылады.

Кілтті сөздер: қайта құрастыру, этнодизайн, қайта құрастыру әдісі, кәсіби шығармашылық қызметі, көркем мұра.

Summary

S.K.Beisenbayev – Rector’s adviser on educational work and youth policy of SKSU by M.Auezov, doctor of pedagogical sciences, academician of the Academy of pedagogical Sciences of Kazakhstan, bei-sad@mail.ru

M. Beisenbayeva – 1 (2) grade master student by specialty 6M010700 - Fine Art and Drawing at SKSU by M. Auezov, moldir-bs@mail.ru

The method of reconstruction in mastering the subject of etnodesign in the process of preparing future fine art teachers

Here in this article is taken into consideration the method of artistic reconstruction in etnodesign disciplines, as it is an essential part of future tutor’s qualifications. Professional preparation of future fine art teachers is not apart from recognizing the ethnic culture of the region, where he or she will work. The organization of applied art creative activity of the student is one of the main conditions of being success in creating the aesthetic taste and technological culture.

Nowadays literary educational is structural component of conditional system of etnocultural education. In the concept of etnocultural education for national culture and folk art is devoted a role system formatting component of educational system. And while formatting the foundation of art culture in the youth generation the meaning of subject art is really significant.

Key words: reconstruction, etnodesign, method of reconstruction, creative professional activity, artistic heritage.

УДК 37/1174

ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕЛЕРДІ ҚОЛДАНА ОТЫРЫП АРТ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ АРТ-ТЕРАПИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРМЕН ПСИХОКОРРЕКЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТАР ЖҮРГІЗУ

Айтбаева Айгүлім Боранғалиқызы – педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор кафедрасы
теориясы және методикасы изобразительного и декоративно-прикладного искусства КазНПУ им. Абая [aba-](mailto:aba-abd@mail.ru)
abd@mail.ru

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің бейнелеу және сәндік-қолданбалы өнер теориясы мен әдістемесі

кафедрасының профессоры. aba-abd@mail.ru

Қасен Гүлмира Аманқызы – педагогика ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті философия және саясаттану факультетінің педагогика және білімдік менеджмент кафедрасының профессоры gulmira.Kassen@mail.ru

Мақалада ҚР БЖҒМ-нің "Арт-педагогика және арт-терапия Қазақстандағы жастардың суицидтік мінез-құлқының алдын алу үшін: ғылыми негіздері мен практикалық технологияларын жасау" атты гранттық жобаның аралық нәтижелері талдауға алынған.

Мақаланың өзектілігі жастар мен жасөспірімдер арасындағы көбейіп отырған суицидтік көріністердің алдын алу жұмыстарының маңыздылығымен анықталады. Авторлардың ойынша бұл бағыттағы жұмыстар – тұлғаның өзін-өзі бейнелеуінің бір жолы болып табылатын көркем өнермен психологиялық-педагогикалық тұрғыда әсер ету әдістерінің – арт-педагогикалық әдістердің табысты нәтижелеріне сүйенуі тиіс.

Бұл әдістердің көмегімен тұлғалық ішкі конфликтілер, дағдарыстық, мазасыздық және стресстік жағдайлар, психологиялық травмалар жеңілдетіліп, уақыт өте келе мүлде шешілетіндігі дәлелденеді. Авторлардың пікірінше, мұндай әдістер сондай-ақ, креативтіліктің, жекетұлғалық дамудың және шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі өзектендіру әлеуетінің артуына көмектеседі.

Сондай-ақ, арт-терапевтік арт-педагогикалық әдістердің аражігін ажырату қажеттігі де негізделеді. Себебі, авторлардың пікірінше, арт-педагогикалық әдістер арт-терапияның жанында басымырақ қолжетімділігімен және «жеңілдігімен» ерекшеленіп, тұлғаның «мейлінше тайыз» проблемаларымен жұмыс жасауға мүмкіндік береді.

Дереккөздерін талдау барысында арт-терапияның көркемөнер туындылары арқылы емдеудің бір түрі ретіндегі даму тарихы үш кезеңге бөлінетіндігі дәлелденді. Арт-терапия мен арт-педагогика салаларындағы ғылыми дереккөздерін талдау мен жүйелеу - әлемнің көптеген жетекші елдерінде арт-терапия көркемөнер туындыларымен емдеудің бір түрі болып табылса, бірқатар елдерде – музыкалық терапия, би-қимылдық терапия және драматерапиямен бірге парамедициналық кәсіп болып табылатындығын көрсетті.

Мақалада, сонымен бірге, әлем елдерінің ұлттық және аймақтық арт-педагогикалық және арт-терапевтік мектептерді дамытудағы үздік тәжірибелерін жинақтау және жүйелеу барысында алынған материалдар да көрініс тапты.

Психокоррекциялық және профилактикалық әлемдік тәжірибені саралап-зерттей отырып, соның негізінде дүниежүзілік алдыңғы қатарлы дәстүрлі топтық арт-терапия мен арт-педагогиканың озық тәжірибелерін жинақтаған арт-педагогикалық сеансты өткізу барысы өңделіп іске асырылды. Оны өткізудің және одан кейінгі анкеттеудің нәтиже-материалдары да мақалада орын алған. Мәселен, оған қатысушылардың мазасыздықтың жойылуы, эмоциялық тонус пен сенімділіктің артуы, позитивтік көңіл-күй сияқты сезімдерді бастан кешіргендігі туралы тәжірибелік нәтижелер сипатталды.

Қорытындыда, жүргізілген зерттеулер арт-педагогика мен арт-терапияның психокоррекциялық және профилактикалық жұмыстарда атқаратын мүмкіндіктерінің биіктігін және сонымен бірге, арт-әдістерді жалпы білім беру мен тәрбиелеуде қолдану көп жағдайда Қазақстандағы жастар мен жасөспірімдер арасындағы суицидтік көріністердің алдын алудағы проблемаларды шешудің тиімді бір жолы болуы ықтималдылығы болжанады.

Кілтті сөздер: Өнер-терапия, өнер педагогикасы, өнер әдістері, өнер-педагогикалық қызметі, өнер-оқытушылық сеансы.

Жасөспірімдер мен жастар арасындағы суицидтік көріністердің белең алуы осы бағыттағы алдын алу жұмыстарының маңызын арттыра түседі. Ол істер, біздің ойымызша, тұлғаның өзін өзі тануының бір жолы болып табылатын, көркем өнермен психологиялық-педагогикалық әсер етудің әдістерінің бірі – арт-педагогикалық әдістер арқылы табысты іске асырыла алады.

Арт-терапия туралы ұғымды ғылымға XX ғасырдың 30-шы жылдарында көркем өнермен емдеу әдістерін белгілеу үшін А. Хилл енгізген болатын. Мұндай әдістерді ол алғашында туберкулезбен

ауыратындарға қолданды. Соңыра ұғым бара-бара кеңейтіліп, қазір арт-терапия адамның психологиялық сипаттағы проблемаларын шешу үшін оның жасампаз шығармашылық белсенділігін пайдаланатын психотерапиялық және психокоррекциялық әдістер кешені болып табылады.

Бұл әдістердің көмегімен тұлғааралық тұлғаишілік конфликтілер, дағдарыстық, мазасыздық және стресстік жағдайлар, психологиялық травмалар табысты түрде шешіліп, әрі қарай мүлде жойылуға мүмкіндік туады. Оның үстіне, мұндай әдістер тұлғаның креативтілігін, жеке өсуін дамыта отырып, оның шығармашылық әлеуетінің өзіндік белсенуіне ықпал етеді.

Біздің пікірімізше, арт-терапиялық және арт-педагогикалық әдістерді бір-бірінен ажырату қажет. Біздіңше, арт-педагогикалық әдістер арт-терапияның жанында басымырақ қолжетімділігімен және «жеңілдігімен» ерекшеленіп, тұлғаның «мейлінше тайыз» проблемаларымен жұмыс жасауға мүмкіндік береді. Себебі, олар жасөспірімнің сөзбен айтып жеткізе алмайтын саналы және бейсана сезімдері мен қажеттіліктерін символдық деңгейде жандандырып жарыққа шығаруға көмектеседі.

Бұл әдістерге жалпылама тән нәрсе – олардың жасырын мазмұны тұлғаның нағыз шынайы бағытын айқындап, қоршаған ортамен, өзімен субъективті қарым-қатынасын диагностикалауға және оның бейсаналық құрылымдарына ықпал жасауға мүмкіндік береді.

Осылайша, біздің ойымызша, арт-педагогикалық қызметте, әсіресе, практикалық жұмыстарда арт-терапия элементтерін пайдалану – тұлғаның негативті ортаға тартылуына қарсы факторлардың күшейтілуіне, соның ішінде суицидке бармауына елеулі әсер етеді.

Психокоррекциялық және алдын алу практикалық жұмыстарындағы шетелдік арт-педагогикалық және арт-терапиялық тәжірибелерге талдау

ҚР БЖҒМ-нің "Арт-педагогика және арт-терапия Қазақстандағы жастардың суицидтік мінез-құлқының алдын алу үшін: ғылыми негіздері мен практикалық технологияларын жасау" атты гранттық жобасы аясында біз әлемдік жетекші елдердің ұлттық және аймақтық арт-педагогикалық және арт-терапевтілік озық тәжірибесін жинақтап бір жүйеге түсіруге тырыстық. Сондай-ақ, бұл тәжірибенің психокоррекциялық және профилактикалық қызметте қолданылу деңгейі де талдауға алынды.

Арт-терапия және арт-терапия салаларындағы ғылыми дерек көздерін әр жылдарда шығу реті бойынша (Копытин А. И. [1,5,6,7], Медведева Е. А., Левченко И. Ю., Комиссарова Л. Н., Добровольская Т. А. [2], Лебедева Л.Д. [3], Кокоренко В. Л. [4], Тарарина Е.В. [8], Корженко О. М. [9]) жүйелеп талдай отырып анықтағанымыз, әлемнің көптеген жетекші елдерінде арт-терапия көркемөнер туындыларымен емдеудің бір түрі болып табылса, бірқатар елдерде – музыкалық терапия, би-қимылдық терапия және драматерапиямен бірге парамедициналық кәсіп болып табылады.

Шетелдік дерек көздерін (Walsh S.M., Weiss S. [10], білім берудегі арт-терапияның Еуропалық Консорциумының Материалдарын [11]) талдау – арт-терапияның көркемөнер арқылы емдеу түрі ретіндегі даму тарихын үш кезеңге бөлуге болатындығын көрсетеді:

1) Дерек көздерінде арт-терапияның негізін салушылар мен пионерлерінің кезеңі деп аталатын (1950-ші жылдардың соңына дейінгі кезең) **бастапқы кезең**: білім беру саласы мен денсаулық сақтау салаларындағы әлеуметтік реформалармен (XX ғасырдың 40-шы жылдары), көркем сурет саласындағы инновациялармен, өмірді сипаттаудың жаңа құралдарын іздеген модернистік өнердің дамуы сияқты өзекті ағымдармен;

2) **Әлеуметтік-мәдени** немесе арт-терапевт мамандығының жаңадан пайда болу кезеңі (XX ғасырдың 60-80 жылдары): мәдени альтернативалар іздеу, қоғам дамуының либералдық және консервативтік модельдері арасындағы ушыққан қайшылықтар жағдайындағы әлеуметтік инновациялар, қоғамдық денсаулық сақтау саласын қайта өзгерту, психиатриядағы реформалар, постиндустриалды қоғамға өту сияқты әлеуметтік-мәдени тұжырымдамалармен;

3) **Арт-терапияның «пісіп-жетілу», даму кезеңі**, яғни, дәлелді арт-терапияға өту кезеңі (XX ғасырдың 90-шы жылдарынан қазіргі кезге дейін): постмодернистік ой-пікір ықпалының күшеюі; жаһандану, мәдениеттің ақпараттық (өзіне тән ашықтығымен, көптүрлілігімен, мультимәдениеттілігімен, виртуалдылығымен) түріне өту; экономикалық жағдайлардың қысымы, азаматтық қоғамның дамуы сынды өзекті ағымдармен сипатталады.

Шетелдік арт-педагогикалық және арт-терапиялық тәжірибеге жасалған талдау төмендегідей фактілерді айқындауға мүмкіндік берді:

1) XX ғасырдың 80-90-шы жылдарында әлемнің көптеген елдерінде арт-терапевтілердің қоғамдық кәсіби бірлестіктері құрыла бастады (Канада 1981, Австралия, 1987, Германия, 1989, Нидерланды 1996, Ресей Федерациясы 1997, Италия 1997, Испания 1999).

2) Сондай-ақ, XX ғасырдың 90-шы жылдары да көптеген еуропалық елдердің университеттерінде арт-терапиядан білім беру бағдарламалары жасалуымен ерекшеленеді; арт-терапевтикалық қауымдастықтар бөлшектеніп, арт-терапияға деген өзіндік көзқарастарын ғана қорғап, Еуропада қалыптаса бастаған арт-терапевтикалық қызмет көрсету мен білім беру секторын бақылауға алуға ұмтылған, түрлі кәсіби саясат ұстанған әрқилы мектептер мен коалициялар пайда бола бастайды.

3) Еуропаның кейбір елдерінде (мысалы Германияда) арт-терапевтердің қоғамдық бірлестіктері құрылады. Тіпті ұзақ уақыттық тәжірибелері бар бірлестіктердің өз ішінде де арт-терапевтік қауымдастықтардың түрлі сегменттері арасында қарама-қарсылықтар күшейе бастайды.

4) 1980-ші жылдардан бастап арт-терапевтердің Британдық ассоциациясы (АТБА) Еуропаның басқа елдеріндегі арт-терапевтикалық ұйымдармен арт-терапевтік білім беру мен практикасының жалпыеуропалық стандарттарын жасау турасында келіссөздер жүргізеді. Мұндай стандарттарды қабылдау арт-терапевтерге кәсіби еркін миграцияны және бірегей шарттағы жұмыс жасау мен жалақы алуды қамтамасыз еткен болар еді. Еуропаның басым елдерінде арт-терапевт мамандығының жоқтығына және олардың заңдарындағы әрқилылыққа байланысты бұл стандарттар осы уақытқа дейін қабылданбай отыр.

5) Осылайша XX-шы ғасырдың 90-шы жылдарынан бастап арт-терапияның медицинадан, психологиядан және де басқа ғылыми білімдер салаларының дамуынан артта қалуы байқалады.

6) Шетелдердегі арт-терапевтік қауымдастықтың бір бөлігінің консерватистік көзқарастары саланың дамуына кедергі келтіруде. Сонымен бірге заманауи әдістерді, ғылыми таным құралдары мен көркемөнерлік тәжірибені, акпараттық технологиялар мен медиақұралдарды қолданудың жеткіліксіздігі айқын көзге түседі.

7) Арт-терапиялық қауымдастықтың кәсіби ұйымдарға мүше болудың және арт-терапевтік білім мен практикаға қол жеткізудің (ішінара елдерде) қатаң шарттарымен шектелетін шартты түрдегі жабықтығы, арт-терапиялық қозғалысқа басқа да кәсіби топтар өкілдерінің (дәрігерлер, психологтар, педагогтар және т.б.) енуіне кедергі келтіреді де, сол себептен, арт-терапевтикалық зерттеулер мен әдіснаманың дамуын қиындатады. Дәл осы факт арт-педагогикалық қызметтің кең таралуына да бөгет болуда.

8) Кәсіби арт-терапевтердің жұмысын легализациялаумен байланысты көптеген мәселелер бүгніге дейін ретке келтірілмей отыр. Қабылданған заңдарға қарамастан, арт-терапевтер, әсіресе арт-педагогтар бірқатар елдерде (соның ішінде Ұлыбритания мен АҚШ-та да) жұмысқа тұруда қиындықтар шегуде. Бұл мамандарға деген тұрақты жұмыс орындары жеткіліксіз. Сондықтан олардың көбі уақытша контрактілер негізінде немесе шектелген жұмыс сағаттарымен еңбек етуге мәжбүр. Бұл факторлар оларды арт-терапевтік практиканы суретшілік, арт-педагогтық, психолог-консультант, немесе отбасылық психотерапевт (арт-терапевтіктен басқа арнайы қосымша дайындығы болған жағдайда) жұмыстарымен қатар алып жүруіне итермелейді. Мұның негізгі себептері қоғамдық денсаулық сақтау ісін қаржыландырудың қысқаруы және әртүрлі мамандарға қойылатын талаптардың жоғарылауы болып табылады.

9) 1998 жылы британдық парламент арт-терапевтердің кәсіби статусы мен рөлін айқындайтын заң және арт-терапевтік білім беру стандартын қабылдады. Бұл заңға сәйкес, арт-терапевтер музыкалық терапевтер және драматерапевтермен қатар көмекші медициналық мамандар болып табылады. Олардың емдеу мекемелеріндегі еңбегі Ұлттық денсаулық сақтау жүйесінің тарифтік кестесіне сай өтеледі. Ал, сонымен бір мезгілде, арт-терапевтер мен арт-педагогтар үшін білім беру мекемелерінде еңбекақы төлеу тарифі қарастырылмаған.

10) Арт-терапевтер және көп жағдайда арт-педагогтар басқа мамандармен бәсекелестікке түсе алмайды, себебі, зерттеу әдістерін жеткілікті дәрежеде игермеген немесе ұзақ уақытқа созылатын, қымбатқа түсетін, басқа әдістерге қарағанда тиімділігі аз терапияға бағытталған.

11) Шетелдік арт-терапевтердің, әсіресе арт-педагогтардың психология, психотерапия және кеңес беру салаларындағы білімдері қазіргі күнге дейін жеткіліксіз деңгейде қалып отыр.

Шетелдердегі арт-терапиялық кәсіби даярлау бағдарламасы бойынша оқуға түсу үшін кандидаттарда көркемөнерлік білімінің болуы басты шарт болып сақталуда. Арт-терапия бойынша білім беру бағдарламалары құрамында психологиялық және клиникалық пәндер блоктары бар, бірақ, оларға бөлінетін сағат саны аз.

12) Шетелдік арт-терапия бойынша жасалған білім беру бағдарламаларының басым көпшілігіндегі философиялық және әдіснамалық платформаларға келетін болсақ, мұнда көркемөнерлік шығармашылық үдерістің және де терапевтік тиімді нәтижеге жетудегі клиент пен маманның қарым-қатынасының маңызды рөлі толық мойындалады.

13) Арт-терапия мен арт-педагогиканың оқыту үдерісіндегі негізгі теориялық базасы психодинамикалық тұғыр болып табылады. Бұл тұрғыдан алып қарайтын болсақ, Ұлыбритания мен АҚШ сияқты елдерде 1970-ші жылдардан бастап бүгінгі күнге дейін аса көп өзгеріске түскен жоқ.

Ресей арт-педагогикасы мен арт-терапиясы тәжірибесін талдау төмендегідей фактілерді айқындауға мүмкіндік берді:

1) XX-шы ғасырдың 80-ші жылдары Швейцарияда Э.Бабаян бастаған кеңестік авторлар ұжымының үш томдық «Шизофрениямен ауыратындардың көркембейнелік тілі» (орысша және ағылшынша) еңбегі жарық көргеннен кейін осы тектес аурулардың шығармашылығын клиникалық-психиатриялық позициядан зерттеулер көбейе түсті.

2) XX ғасырдың 80-ші жылдарында «өзін шығармашылықпен бейнелеу» атты ерекше психотерапевтикалық әдіс қалыптасып кең тарала бастады (Бурно М. Е. [12]).

3) XX ғасырдың 80-ші жылдарының екінші жартысы – 90-шы жылдардың бас кезі психикалық аурулармен ауыратындардың шығармашылығына деген қызығушылықтың күшеюімен, олардың көркем шығармаларының алғашқы мамандандырылған коллекцияларын жасаумен сипатталады. 1996 жылы Москвада жан ауруларына шалдыққандар шығармашылығының Мұражайы ашылды. Мұндағы экспонаттар тек клиникалық-психиатриялық позициядан қаралып қана қоймай, пәнаралық зерттеулердің, көркем-эстетикалық қабылдаудың нысанына айналды.

4) 90-шы жылдары білім беру мекемелеріндегі шығармашылық жұмыстарда тұлғаның өзін көркемдік тұрғыдан көрсете алуына жәрдемдесетін әдістерді және көркем білім беру саласында инновациялық бағдарламаларды қолдануға деген қызығушылық арта түсті.

5) Әсіресе, Ресейде және ТМД елдерінде педагогтар мен психологтар пост-кеңестік кезеңде жалпы және арнайы білім беру жүйесінде көркем өнердің денсаулық сақтаудағы әлеуетін анықтаумен байланысты зерттеулерді бастап кетті (Лебедева Л.Д. [3], Алексеева М.Ю. [13], Гришина А.В. [14] и др.). Бұл кезеңді арт-терапияның аясында арт-педагогиканың пайда болу кезеңі деп атауға әбден болады.

6) 1990-шы жылдардың екінші жартысында Ресей Федерациясының арт-терапевтік қауымдастығының қалыптасу үдерісі басталды.

7) 1997 жылы Санкт-Петербургте күш алып келе жатырған арт-терапевтік қозғалыстың негізі болған - Арт-терапевтік ассоциация құрылды. Ассоциация шығармашылықпен айналысудың емдік мүмкіншіліктерін насихаттаумен ғана шектелмей, сонымен қатар, арт-терапия және арт-педагогикамен байланысты емдік-реабилитациялық жобалар мен практикалық зерттеулерге қолдау көрсетті және арт-терапевтік білім берудің бағдарламаларын жасап, оларды іске асыра бастады.

8) 1990-шы жылдардың соңынан XXI ғасырдың 10-шы жылдарына дейін арт-терапия (көркемөнер терапиясы) елдегі психологтар мен психотерапевт-дәрігерлердің өз қызметтерінде қолданатын жаппай кәсіби құралына айналып, арт-терапия мен арт-әдістердің денсаулық сақтау, білім беру (педагогика) және әлеуметтану салаларына енгізілуі іске асырылуда.

9) Сондай-ақ, дәл осы жылдары ерекше арт-терапевтік білім беру жүйесі қалыптасып, отандық және шетелдік психология, психиатрия, педагогика және т.б. ғылымдар қол жеткізген табыстар негізінде арт-терапияның теориясы мен әдіснамасы жасақталды. Психикалық бұзылушылықтар кезінде емдік-реабилитациялық арт-терапевтік тұрғыдан әсер етудің моделі – жүйелік арт-терапия (ЖАТ) қалыптасты (Копытин А.И., 2010).

10) Қазіргі күні көршілес Ресей Федерациясындағы арт-терапевтік қауымдастық құрамына медициналық, психологиялық, көркемөнерлік, педагогикалық және т.б. салаларда арт-терапиялық дайындығы бар және ол білімдерін өз кәсіби қызметінде жетекші әдіс ретінде қолданатын мамандар кіреді.

Ресей «Арт-терапевтік ассоциациясының» Резолюциясына (2009 жылдың 16 мамырында Санкт-петербургте өткен «Арт-терапия сегодня. Методы арт-терапии в образовании, медицине, социальной работе» атты 11-ші конференцияға қатысушылар қабылдаған) сәйкес, арт-терапия – клиенттің (пациенттің) сеанстарда көркемөнерлік қызметіне және психотерапиялық қарым-қатынасына негізделген психологиялық және психофизикалық емдік-коррекциялық және профилактикалық әсер ету жүйесі деп анықталды. Арт-терапия әртүрлі ауруларды емдеу және алдын алу, бұзылған мінез-құлықты және психоэлеметтік дезадаптацияны реттеу, психикалық, физикалық сырқаттары және психоэлеметтік шектеулері бар тұлғаларды реабилитациялау, сондай-ақ, адам әлеуетін дамыту мен өмірінің сапасын арттыру мақсаттарында қолданылуы мүмкін.

Арт-педагогика мен арт-терапияның шетелдік тәжірибесін жүйелеу негізінде топтық арт-педагогика мен арт-терапияның таңдаулы дәстүрлерін жинақтаған, тұлғаға жайлы әсер ететін арт-педагогикалық сеанс жасалып, апробациядан өткізілді.

Шетелдік топтық дәстүрлі арт-педагогика мен арт-терапияның негізіндегі арт-педагогикалық сеансты жасау және апробациялау

Арт-терапияны өткізудің батыс-еуропалық, ресейлік, және украиналық терапевтік мектептерінің (Рудестам [15], Остер Дж. [16], Копытин А. И. [5, 17], Кузьмина Е. Р. [18], Тарарина Е. В. [8], үздік тәжірибелерін зерттеп-үйренудің негізінде біз де қазақстандық топтық арт-педагогикалық сеанс бағдарламасын жасап шықтық.

Топтық арт-педагогикалық сеанс, біздің ойымызша, құнды әлеуметтік дағдыларды дамытуға; жалпы проблемаларды шешіп өзара тиімді көмек көрсетуге; адамның өзінің іс-әрекетін және олардың өзгелерге тигізетін ықпалын бақылауына; тұлғаның жасырын сапаларын айқындап, жаңа рөлдерді игеруіне және рөлдік мінез-құлық модфикациясының қоршаған адамдармен қарым-қатынасқа ықпалын бақылауына; өзін-өзі бағалауды арттыруға және өзіндік идентификацияны нығайтуға жағдай жасайды.

Арт-педагогикалық сеанстың негізгі процедуралық кезеңдері:

1. Эмоциялық лайықты күйге келтіру («қыздыру»).
2. Визуалдық, аудиалдық, кинестетикалық сезінулердің күшейтілуі, өзектендірілуі.
3. Жеке бейнелеу жұмысы (тақырыпты өңдеу).
4. Вербалдандыру кезеңі (вербалды және вербалды емес коммуникацияны белсендіру).
5. Ұжымдық жұмыс (коллаждау) немесе қосарлы, шағын топтарда жұмыс жасау.
6. Қорытындылау кезеңі. Рефлексивтік талдау болып бөлінеді.


Біз жасап апробациялаған бес сағаттық арт-педагогикалық сеанстың мақсаты – өзінің ішкі карама-қайшылықтары (мысалы, оптимизм-пессимизм, сүйіспеншілік – жек көру, әлсіздік - күштілік, тәуелділік - тәуелсіздік, үстемдік - бағыныштылық, үміт - күйзеліс және т.б.), арасында тепе-теңдік сақтай алатын үйлесімді тұлға дамыту, яғни, тұлғаның болашақта кездесетін күрделі стресстік өмірлік ахуалдарға қарсы тұруға жәрдемдесетін өзіндік бір үйлесімділікке қол жеткізуі.

Сеанста қолданылған техникалар тұтастай алғанда төмендегідей міндеттерді шешті: тұлғалық «көкжиекті кеңейту»; өмірлік перспективаларды айқындау; ішкі өмірлік дағдарыстарды адекватты қабылдау. Техникаларды таңдауда біз негізгі – суретпен, музыкамен, қолданбалы өнермен және тағы басқаларымен іске асырылатын түрлі модальдық шығармашылық көріністер индивидтің мүмкіндіктерін барынша арттырады деген әдіснамалық қағидаға сүйендік.


Арт-педагогикалық сеансты (түрлі материалдар мен арт-техникаларды қолдана отырып) өткізгеннен кейін біз ашық және жабық сұрақтары бар анкеттеу жүргіздік. Респонденттер жалпы саны 87 адам болатын, 14 пен 19 жас арасындағы жасөспірімдер мен жастар.

Анкета сұрақтарына берілген ең қызықты да мағлұматты жауаптарды келтіре кетейік.

Арт-педагогикалық сеанс кезінде (рисунок 1) жаңа көңіл-күй мен эмоциялардың пайда болуы туралы мәселе респонденттерде еш қиындық тудырмады. Бұдан бұрын арт-терапиялық немесе арт-педагогикалық сеанстарға қатыспағандар (29 респондент, бұл жалпы қатысушылардың 33 %-ы, бұл туралы сеанстан соң бірден айтты), басқаларға қарағанда жоғары дәрежеде мазасыздықтың азайғанын сезінді, 19 респондент (қатысушылардың 22%-ы) эмоциялық тонустың жоғарылағанын сезінді, өз проблемаларының суретін салу сеансы кезінде басқаларға сену сезімін 10 (қатысушылардың 11%-ы) адам бастан кешірді.



1- Сурет. Арт-педагогикалық сеанс кезінде жаңа көңіл-күй мен эмоциялардың пайда болуы туралы сұрақтарға жауаптың нәтижелері



2 - Сурет. Арт-педагогикалық сеанс кезіндегі респондент-жасөспірімдердің (14-16 жас) таным процестерінің белсенділігі мен тұлғалық кейбір қасиеттердің белсенділігі туралы сұрақтарға берген жауаптарының нәтижелері

«Сізде сеанс кезінде қандай танымдық процестер мен жекелеген тұлғалық қасиеттер жанданды?» деген сұраққа жауаптарда (2, 3-суреттер) жасөспірімдер мен жас адамдарда айтарлықтай айырмашылықтар байқалды. Егер жасөспірімдер бәрінен көп қиял (38%) мен зейін (21%) дамиды десе, ал жас қыздар мен жігіттер тұлғаның ерік (37%), интуиция (32%) және адаптациялық қасиеттер (54%) сынды сапалар жетіле түседі деп мәлімдейді. Сонымен қоса, жас қыздар мен жігіттер аталған сапалармен қатар өзін-өзі бағалау да, ойлау да, қиялдау да бірге дамиды деп жасөспірімдерге қарағанда кесімді жауап бермеуге тырысты.



3 - Сурет. Арт-педагогикалық сеанс кезіндегі респондент-жас қыздар мен жігіттердің (17-19 жас) таным процестерінің белсенділігі мен тұлғалық кейбір қасиеттердің белсенділігі туралы сұрақтарға берген жауаптарының нәтижелері

Арт-педагогикалық сеанс пен оның соңынан жүргізілген анкеттеу тәжірибесі – өзіндік шығармашылықпен айналысу арқылы тұлғаның социумға бейімделуіне және бүкіл сезім органдарын, еске сақтауды, зейінді, ерік-жігерді, қиялды, интуицияны дамытуға жәрдемдесуге болады деген қорытындыға келуге мүмкіндік береді.

Қорытынды

Әлемнің жетекші елдеріндегі ұлттық және аймақтық арт-педагогикалық және арт-терапевтік мектептердің дамуындағы алдыңғы қатарлы тәжірибелерді жинақтап жүйелеудің нәтижесінде, сондай-ақ, психокоррекциялық және алдын алу мақсатында жүргізілген тәжірибелерімізді зерттеу негізінде жоба аясында үздік топтық арт-терапиялық және арт-педагогикалық дәстүрлерді бойына жинақтаған арт-педагогикалық сеанс жасалып өткізілді.

Арт-педагогикалық сеанстан кейін жүргізілген анкеттеу, оған қатысушылардың мазасыздықтың жойылуы, эмоциялық тонус пен сенімділіктің артуы, позитивтік көңіл-күй сияқты сезімдерді бастан кешіргендігін айқындады. Жалпы алғанда респонденттер сеанстың өздері анкетада көрсеткен тиімділіктердің үстіне топтық позитивті көңіл-күй пайда болуына, көркем өнермен айналысудағы бірлескен іс-әрекет оларда өзара бірін-бірі қабылдау мен эмпатияның артуына себепші болғандығын атап өтті.

Қорыта келгенде айтарымыз, жүргізілген зерттеулер арт-педагогика мен арт-терапияның психокоррекциялық және профилактикалық жұмыстарда атқаратын мүмкіндіктерінің биіктігін және сонымен бірге, арт-әдістерді жалпы білім беру мен тәрбиелеуде қолдану көп жағдайда Қазақстандағы жастар мен жасөспірімдер арасындағы суицидтік көріністердің алдын алудағы проблемаларды шешудің тиімді бір жолы болуы ықтималдылығын көрсетеді.

Пайдаланылған дерек көздері

1. Копытин А. И. Основы арт-терапии / Александр Копытин. СПб.: Лань, 1999.-251 с.
2. Медведева Е. А., Левченко И. Ю., Комиссарова Л. Н., Добровольская Т. А. Артпедагогика и арттерапия в специальном образовании. М.: Издательский центр «Академия», 2001. - 248 с.
3. Лебедева Л.Д. Практика арт-терапии: подходы, диагностика, система занятий. СПб.: Речь, 2003.- 256 с.
4. Кокоренко В. Л. Арт-технологии в подготовке специалистов помогающих профессий: [коллажи, маски, куклы] / В. Л. Кокоренко. -СПб. : Речь, 2005. – 99 с.
5. Копытин А. И. Техники аналитической арт-терапии/ Д. И. Копытин, Б. Корт. - СПб.: Речь, 2007. - 186 с.
6. Арт-терапия женских проблем / под ред. А. И. Копытина. М. : Когито-Центр, 2010.- 270 с.
7. Копытин А.И. Арт-терапия в контексте культуры и технологии// Материалы международной конференции «Арт-терапия и творческое самовыражение в сохранении здоровья и развитии человеческого потенциала», Москва, 2010. С.21-27.
8. Тарарина Е.В. Практикум по арт-терапии: шкатулка мастера. Научно-методическое пособие. - Луганск: Элтон-2, 2013. - 160 с.
9. Корженко О. М. Артпедагогика сегодня: цели и перспективы развития / О. М. Корженко, Е. А. Заргарьян // Теория и практика образования в современном мире: материалы III междунар. науч. конф. (г. Санкт-Петербург, май 2013 г.). - СПб.: Реноме, 2013. С. 95.
10. European Consortium of Arts Therapies Education. Directory of European training courses. – Paris: Rene Descartes University, 2005. – 114 p.
11. Walsh S.M., Weiss S. Art intervention with family caregivers and patients with cancer // Oncology Nursing Forum. – 2003. – Vol. 30, № 6. – P. 924-930.
12. Бурно М. Е. Терапия творческим самовыражением. - М.: Медицина, 1989. - 304 с.

13. Алексеева М.Ю. Практическое применение элементов арт-терапии в работе учителя. Учебно-методическое пособие для учителя иностранного языка. М.: АПК и ПРО, 2003. - 88 с.
14. Гришина А.В. Развитие творческой индивидуальности подростков средствами арт-терапии в учреждениях дополнительного образования. Автореферат на соискание ученой степени кандидата педагогических наук. Волгоград: Волгоградский государственный педагогический университет, 2004. С.13.
15. Рудестам К. Групповая психотерапия / К. Рудестам. - СПб.: ЗАО «Издательство «Питер», 1999. - 384 с.
16. Остер Дж. Рисунок в психотерапии. [Текст] Методическое пособие / Дж.Остер, П. Гоул -М.: Прогресс, 2009. – С. 56.
17. Копытин А. И. Системная арт-терапия / А. И. Копытин. - СПб. : Питер, 2001. -224 с.
18. Кузьмина Е. Р. Нарисуй мне о себе: практическая психология для взрослых и детей. М.: Когелет. 2001. – 48 с.
- 19.

Аннотация

Айтбаева Айгулим Борангалиевна – кандидат педагогических наук, профессор кафедры теории и методики изобразительного и декоративно-прикладного искусства КазНПУ им. Абая abd@mail.ru

Касен Гульмира Аманқызы– кандидат педагогических наук, и.о. профессора кафедры педагогики и образовательного менеджмента факультета философии и политологии Казахского национального университета имени аль-Фараби gulmira.Kassen@mail.ru

Зарубежный опыт арт-педагогики и методов арт-терапии в психокоррекционных и профилактических работах

Статья отражает промежуточные результаты грантового проекта МОН РК "Арт-педагогика и арт-терапия для профилактики суицидального поведения молодежи в Казахстане: разработка научных основ и практических технологий".

Актуальность статьи обосновывается тем, что обострение проблемы суицидальных проявлений среди подростков и молодежи повышает роль профилактической работы по данному направлению, которая, на взгляд авторов будет успешной с помощью арт-педагогических методов - методов психолого-педагогического воздействия искусством, своего рода путей самовыражения личности. Утверждается, что с помощью этих методов успешно прорабатываются и в дальнейшем разрешаются межличностные и внутриличностные конфликты, кризисные, тревожные и стрессовые состояния, психологические травмы. На взгляд авторов подобные методы также содействуют развитию креативности, личностному росту и самоактуализации творческого потенциала личности.

Обосновывается то, что необходимо разделять арт-терапевтические и арт-педагогические методы (или методы арт-педагогики). Вторые, мнению авторов, как более общедоступные и «облегченные» на фоне арт-терапии, позволяют работать с "менее глубинными" проблемами личности.

На основе анализа источников историческое развитие арт-терапии как формы терапии искусством разделяется на три этапа, выделяется период зарождения арт-педагогики в недрах арт-терапии. Анализ и систематизация научных источников в области арт-терапии и арт-педагогики позволяет утверждать, что в передовых странах мира арт-терапия является одной из форм терапии искусством, в ряде стран – парамедицинской профессией, наряду с такими родственными профессиями, как музыкотерапия, танцевально-двигательная терапия и драматерапия.

В статье также нашли отражение материалы, полученные в результате обобщения и систематизации передового опыта стран мира в развитии национальных и региональных арт-педагогических и арт-терапевтических школ. На основе изучения мирового опыта в практике психокоррекционной и профилактической работы был разработан и проведен арт-педагогический сеанс, вобравший в себя лучшие зарубежные традиции групповой арт-терапии и арт-педагогики. Результаты его проведения и последующего анкетирования также нашли отражение в данной статье.

В частности приводится практический результат арт-педагогического сеанса - участники ощутили снятие напряжения, повышение эмоционального тонуса, доверительность, позитивный настрой.

В итоге предполагается, что возможности арт-педагогики и арт-терапии в практике психокоррекционной и профилактической работы достаточно высоки, что использование арт-методов в массовом обучении и воспитании во многом может предопределять решение проблемы раннего предупреждения суицидальных тенденций подростков и молодежи в Казахстане.

Ключевые слова: арт-терапия, арт-педагогика, арт-методы, арт-педагогическая деятельность, арт-педагогический сеанс

Summary

Aitbaeva Aigulim – candidate of pedagogical science, professor of department of the theory and technique graphic and arts and crafts of KAZNPU named Abai aba-abd@mail.ru

Kassen Gulmira - candidate of pedagogical science, professor of Department of Education and Educational Management, Faculty of Philosophy and Political Science, Al-Farabi Kazakh National University gulmira.Kassen@mail.ru

Foreign experience of art pedagogics and methods of art therapy in psychocorrectional and scheduled maintenance

The article represents intermediate results of the grant of the Ministry of education and science of the Republic of Kazakhstan "The Art pedagogic and art therapy for the prevention of suicidal behavior of youth in Kazakhstan: development of scientific bases and practical technologies".

The relevance of the article is justified by the fact that the growing problem of suicidal behavior among adolescents and youth increases the role of preventive work in this direction, which, in the opinion of the authors will be successful with the help of the art- methods - methods of psychological and pedagogical influence in art, a kind of ways to Express individual identity. It is argued that these methods are successfully being worked out and further resolve interpersonal and intrapersonal conflicts, crisis, anxiety and stress, psychological trauma. In the opinion of the authors of these methods also contribute to the development of creativity, personal growth and self-actualization of creative potential of personality.

Proves that it is necessary to divide art therapy and art pedagogic (or methods of art pedagogic). Second, the authors believe that as more public and "lightweight" on the background of art therapy, allows to operate with "less deep" problems of personality. Based on the analysis of the sources of the historical development of art therapy as forms of therapy by art is divided into three stages, is the period of the origin of the art of pedagogy in the depths of art therapy. Analysis and systematization of scientific sources in the field of art therapy and art pedagogy suggests that in the advanced countries of the world art therapy is a form of arts therapies, in a number of countries – paramedical profession, along with such related professions as music therapy, dance-movement therapy and drama therapy.

The article also reflects the materials obtained as a result of generalization and systematization of best practices of countries in the development of national and regional art teaching and art therapy schools.

On the basis of studying of world experience in the practice of psycho-corrective and preventive work have been developed and implemented art educational session, which absorbed the best of foreign traditions group art therapy and art pedagogic. The results and subsequent questioning is also reflected in this article. In particular is the result of practical art teaching session - the participants felt stress relief, improving emotional tone, confidence, positive attitude.

In the end, it is assumed that the possibilities of art pedagogic and art therapy in the practice of psycho-corrective and preventive work sufficiently high that the use of art techniques in mass education may largely predetermine the solution to the problem of early warning of suicidal tendencies in adolescents and youth in Kazakhstan.

Key words: art-therapy, art-pedagogic, art-methods, art-pedagogical activities, art- pedagogical session.

УДК Д40

ТРУДОВОЕ ВОСПИТАНИЕ – ВАЖНЕЙШАЯ СОСТАВЛЯЮЩАЯ ЧАСТЬ ПОДГОТОВКИ СТУДЕНТОВ ВУЗА

Джексембекова М.И. – зав. кафедрой Музыкального образования и хореографии, д.п.н.,
профессор университета. Djeks49@vail.ru

10. Какимова Л.Ш. Музыкальность в русле проблемы музыкальных способностей в хороууправленческой деятельности педагога-музыканта // Вестник КазНПУ имени Абая. Серия «Художественное образование: искусство – теория – методика». № 4 (37), 2013.
11. Казахская музыкальная литература. Под ред.Елемановой С.А. – Астана, 2015.

Түйіндеме

Р.Н.Валиуллина – ҚазМӨПУ доценті, ө.ғ.к., ramziav@mail.ru;

А.Т.Айтуарова- ҚазҰПУ доценті, ajar-pojar@mail.ru

Музыка сабағында эмоциялық контраст принципін қолдану және музыка өнері арқылы оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру

Бұл мақалада оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру және сабақ драматургиясында эмоциялық контраст принципін қолдану мәселелері қарастырылады. Эмоциялық контраст принципі - музыка сабағына ең лайықты келетін принципі, оның негіздерін Э.Б.Абдуллин ғалымы зерттеген.

Қазіргі кезеңдегі экологиялық мәдениетін қалыптастыру мәселелері, атап айтқанда, өзекті болып табылады және олар арнайы құжаттарда белгіленген. Алайда, эстетикалық циклдағы оқу бағдарламаларында бұл мәселе әлі көрініс тапқан жоқ. Қазақ композиторлардың музыка өнері арқылы оқушыларда экологиялық мәдениетінің негіздерін тәрбиелеу қиыншылықтары - музыка сабағында музыкалық көрнекіліктерді (экология тақырыбында) іріктеу мен қолдану арнайы әдістердің және ұсыныстардың жетіспегендігінде.

Мақаланың авторлары нақты музыкалық шығармаларды экология мәселелері жағынан қарастырып, оларды музыка тыңдау (талдаумен бірге) бағдарламаларына енгізу жолдарын зерттейді. Оған қоса, бұл мысалдарының эстетикалық және экологиялық тәрбиесіндегі орыны анықталады.

Түйін сөздер: музыкалық тәрбие, экологиялық мәдениет, қазақ музыкасы.

Summary

Valiullina Ramziya Nurullova, docent, candidate of Arts study (Ph. D.), KazSWPU, E-mail: ramziav@mail.ru

Aituarova Ajar Tolikbuevna - docent , candidate of Arts study (Ph. D.), Abai NPU, E-mail: ajar-pojar@mail.ru

Principle of emotional contrast as means to form ecological culture of school students at music lessons

This article is devoted to consideration of the principle of emotional contrast in lesson dramatic art with the joint solution of problems of formation of ecological culture of school students. The principle of emotional contrast – the most specific to a lesson of music, its bases were developed by E.B.Abdullinym. Problems of formation of ecological culture at the present stage are particularly acute especially, they are specifically designated in normative documents. However in training programs of an esthetic cycle this task didn't receive the reflection yet. The problem of use of music of the Kazakhstan composers in education of bases of ecological culture consists in not a readiness of a technique and absence of recommendations about a choice of musical illustrations for hearing. The authors of article considers concrete pieces of music in aspect of inclusion them in the program of listening of music for the purpose of the solution of problems of both esthetic, and ecological education.

Keywords: music: music education, ecological culture, Kazakh music.

УДК 78 (075.8)

ОҚУШЫЛАР ТӘРБИЕСІНДЕГІ МУЗЫКАЛЫҚ ӨНЕРДІҢ МАҢЫЗЫ

А.Қ. Ахметова – *«Музыкалық білім және хореография» кафедрасының*

профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты, aimkul_akhmetova@mail.ru

Б.Қ.Жорғабаева – *№157 жалпы білім беретін мектептің музыка мұғалімі, bakirkadirbaevna@gmail.com*

Бұл мақалада оқушылар тәрбиесіндегі музыкалық өнердің маңыздылығы қарастырылған. Әсіресе, ол оқушыларға өскен ортасын дұрыс тануына, оларды достыққа, жолдастыққа баулып, әрі болашақта тәрбиелі азамат болып өсуіне көмектеседі.

Түйін сөздер: сыныптан тыс жұмыс, музыкалық өнер, музыкалық тәрбие, музыка сабағы, қызығушылық.

Ата-баба ғасырлар бойы армандаған тәуелсіздікке қолы жеткен еліміздің білім, тәрбие беру ісіндегі басты мақсат – рухани жан дүниесі биік, жеке тұлға қалыптастыру. Қазақ халық өз салты мен дәстүрін, ғұмырлық тарихын, ең алдымен, өнерге сіңірген, сол арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жеткізген. Ал осы ғасырлар бойы жиған-терген асыл рухани қазыналарды, жас ұрпақтың бойына сіңіріп тәрбиелеу өзекті мәселелердің бірі.

Көбінесе адам сезімін тәрбиелеу мәселесі көпжақты факторлармен шешімін табады, ал соның ішінде **өнер** басты рөл атқарады. Өйткені өнер арқылы адам өзінің шынайы көңіл күйін білдіреді, сол өнердің өзінен үйрене отырып, оның қиын күрделі тілін түсіне білуге ұмтылады.

Ал қоғам мұратына сай жан-жақты жарасымды дамыған тұлға тәрбиелеуде барлық өнер түрлері үлкен маңызға ие екендігі бәрімізге белгілі. Әсіресе, өнер түрлерінің ішінде өскелең жастардың мәдениетін қалыптастыруда және дамытуда музыкалық (саз) өнерінің алатын орны ерекше.

Сонымен музыкалық өнер арқылы тәрбие беру маңызды жолдардың бірі. Ол көркем бейне арқылы оқушыларды қоршаған ортада болып жатқан түрлі құбылыстардың шын бейнесін ашуда жаңа ой-өрісін байытып, өмір тәжірибесін кеңейтеді.

Жер бетінде қандай да бір музыкасыз ғұмыр кешетін адам болуы мүмкін емес, тіпті күнделікті өмірдің өзі адамға музыка тілімен жетеді. Оқушының өмір тәжірибесі, мұғалімнің күнделікті сабақта пайдаланып жүрген әдістемелері ең қиын музыкалық анықтамаларды түсіндіруге, шығармашылығын, қызығушылығын арттыруына, жеке тұлғаның рухани дамуын тәрбиелеуге көмектеседі. Сондықтан да мектептегі музыка сабағы қоғам талаптарына сай жауап беруі керек.

Жалпы білім беретін мектептегі музыка сабағы мен сыныптан тыс музыкалық жұмыстардың мақсаты – музыка өнері арқылы рухани бай, шығармашылық белсенді, музыкалық дамыған, халық музыкасын өмірдің бейнесі ретінде түсініп және оны сүйетін, халқымыздың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін қастерлеп, классикалық музыка мен басқа да халықтардың өнерін сыйлайтын жеткіншекті тәрбиелеу.

Сыныптан тыс музыкалық жұмыстар сабақтан тыс уақытта жүргізілетін болғандықтан, міндетті түрде ол оқушылардың бос уақыттарын пайдалы іспен айналысу болып табылады. Ал қазіргі кезде оқушылардың бос уақытын дұрыс пайдалануы бүкіл әлем педагогтарын қатты толғандырып отыр, сондықтан олардың жақсы өсулеріне, білімдерінің кеңеюіне, азамат ретінде қалыптасуларына, әсіресе бос уақытын сапалы, пайдалы түрлендіре ұйымдастырылған сыныптан тыс жұмыстарының маңызы зор.

Әсіресе оқушыларға шынайы тәрбие беруде олардың әрқайсысының жеке дара психологиясын, жас ерекшелігін, мінез-құлқының өзгешелігін ескеру қажет. Мысалы, жеткіншек жас табиғатынан оқып үйренуге, танып, білуге әуес. Ұстаздар да, ата-аналар да осы кезді тиімді пайдаланып, әдемі музыкалық өнер туындылары арқылы әсер етіп тәрбиелей алса, жас жеткіншектің тек өнерге ғана емес өмірге де сезімталдықпен сергек қарап, өмірді, қоршаған қоғамды тани бастайды, оқушының ортамен қарым-қатынасы кеңейіп, таным қабілеті өсіп, үйлесімді мінез-құлық қалыптасады. Таңдалған музыкалық шығармалардың түрі де, мазмұны да сан-алуан болса, ал оларды тындата, көрсете, білгізе отырып, достыққа, жолдастыққа, тапқырлыққа, іскерлікке, ептілікке, адамгершілікке және т.б. баулуға болады.

Мысалы, Құрманғазының "Сарыарқа", "Кісен ашқан", "Қызыл кайың" шығармалары Х.Ерғалиевтің "Құрманғазы" поэмасымен, Ә.Қастеевтың "Құрманғазының өмірі мен творчествосы" атты тақырыптық сурет-картиналарымен байланыстырылса, "Айша бибі" мазары, ол туралы аңыз әңгіме айша бибі ою-өрнегімен ұштастырылып, А.Қоразбаевтың "Айшаның әні" шығармасымен, Махамбеттің күй-термелері, Наурызбай мүсіншінің туындыларымен, Г.Исмаилованың "Дина" шығармасын Д.Нұрпейісованың өз туындыларымен және С.Бақбергеновтың "Қайран шешем" еңбегімен, Күләш Байсейітованың орындауында бейнеленген "Қыз Жібек", Шараның орындауында бейнеленген "Қазақ вальсі" портреттері Е.Брусиловскийдің "Қыз Жібек" операсы, Л.Хамидидің "Қазақ вальсі" әндерімен және т.с.с. сабақтастырылып берілген де ғана оқушының сана-сезімі, ақыл-ойы өсіп, жетіліп, оның психологиясының қалыптасуына әсер етіп, тіршіліктің небір құпия сырларына үңіле алады. Сонда ғана, жас жеткіншек өмірді түсінуде өз ұрпағына жақсы үлгі-өнеге қалдырған ата-бабаларының даналығын өзіне мұра етіп алып, кейіннен қажетіне жарата алады деп ойлаймыз.

Олай болса, сөз өнері, ән-күй, яғни музыка, бейнелеу өнері өмір үшін де өте қажетті үрдіс. Бұл жөнінде профессор Т.Нұртазиннің: "Педагогика – өнер болса, ол өнер оқушыны ынтықтыра, сабақты асқақ дәрежеде өткізуге, сыныптан тыс оқуға да ынталандыруға жұмсалатын болса, онда мұғалім өнерпаз, оның әрекетінде әртістікпен, сахна өнерімен ағайындас элементтер болғаны. Мұғалім өз табиғатында осындай рольдер барын жадында тұтқаны абзал" деген сөздері музыка мұғалімдерінің басты мақсаты екенін естен шығармағаны жөн [1].

Қазіргі уақытта көңіл аударатын проблема теле-бейне ақпарат құралдарының арқасында берілетін мағынасыз кинофильмдерден соң бала бойында пайда болатын қатыгездік, немқұрай сатқындық, өзімшілдік сияқты және т.б. жағымсыз қылықтардың көбеюі бізді ойландырады. Сонымен қатар жастардың жеңіл де мағынасыз улы-шулы музыкамен әуестенуінің өте-мөте кең етек алағаны көптеген педагогтарды қатты алаңдатып отыр. Оқушыларға музыкалық білім беру жөніндегі соңғы халықаралық конференциялардың бірінде мектептерде халық музыкасын енгізу туралы ұсыныс енгізілді, мұндағы мақсат – халық музыкасының формалары мен ырғақтарына талдау жасау арқылы, жастардың әуен, ырғақсыз, даңғырап құртатын қазіргі кең тараған музыкаға деген кеселді ынтасын, әуестенуін басу.

Осы орайда, қазақтың ұлттық поэзия тарихының бір басында ақындық, әншілік, композиторлық, орындаушылық, жыршылық, импровизаторлық өнерді аса сәтті тоғыстырған, халқымыздың арасынан суырылып шыққан киелі өнердің көрнекті қайраткерлері Біржан сал, Ақан сері, Абай, Мұхит, Балұан Шолақ, Жаяу Мұса, Мәди, Үкілі Ыбырай, Естай, Майра, Нартай, Кенен және т.б. әнші-ақындардың, сал-серілердің, өрелі өнерпаздардың ерекше мәнді табиғатын оқушылар бойына сіңіру өте орынды. Қашан да озық туған таланттың мұрасы, рухы, жарқын бейнесі келешек ұрпақтың қиялын шарықтатып, болашаққа бірге адымдап, бірге жасайтыны анық.

Олай болса, музыка мен тәрбие – өнегелік ұғым. Адамзаттың барлық жақсы қасиеттерін жас ұрпақтар бойына сіңіруде, олардың қоғамға деген көзқарастарының дұрыс қалыптасуына музыкалық тәрбиенің маңызы аса зор. Әсіресе оның оқушыларға өскен ортасын дұрыс тануына, адамдарға сүйіспеншілікпен қарауына, жалпы адамгершілік қасиеттерін бойына сіңіруде өте маңызды. Сонымен бірге балалардың нәзік сезімді, ұшқыр қиялды, алғыр, мейірбан болып өсуіне елеулі ықпал жасайды [2].

Ойшыл Фараби: "Бұл ғылым (музыка, ән) өзінің байсалдылығынан айрылған адамды түзеуге, қызба адамды бір қалыпты ұстауға құдіреті әбден жетеді" - деген екен [3].

Ал музыканың адам жанына әсері жөнінде ұлы ойшыл Аристотель былай деген: «Ырғақ пен әуенде әрқашан өмір шындығы болады. Онда адамдардың қаһары мен көркемділігі, ерлігі мен байсалдылығы және оларға тән барлық қайшылықтар, сонымен бірге адамдардың мінез-құлықтары да бейнеленеді. Мұны біз әдетте өз тәжірибемізден байқауға болады. Біз ырғақ пен әуенді тыңдағанымызда көңіл күйіміз өзгеріп сала береді» [4].

Музыканы сүймейтін адамды кездестіру мүмкін емес, өйткені ол баршаға қажет, ал оның тілі кім-кімге де түсінікті. Музыканы жанымен түсінетін, музыкалық өмірге белсене араласатын білімді адамды дайындау мектептің міндеті.

Тарихқа жүгінсек, музыкалық тағылым беру жөнінде музыка ағартушылары Б.В.Асафьев, Б.Л.Яворский, О.А.Апраксина, Д.Б.Кабалевский, А.Қ.Жұбанов және т.б. еңбектерінде елеулі орын алған. Мысалы: Б.Яворский «Музыканы қабылдау ісіне негіз болатын нәрсе – ойлау, бәрімізге анық естілетін сөйлеген сөз сияқты түсіне білу» - деп есептесе, ал Б.Асафьев ұстаздар ортасында кеңінен қолдау тапқан тәсілдерге мән беруді ұсынды. «Белгілі бір шығарманы жанды орындау арқылы таныстыру, сол арқылы музыкалық терминдерді жеткізу, оларды пайдаланудың анық та, айқын түсінікті түрін қарау. Ең негізгісі – оларды қызықтыра білу» [5].

Ұлы ойшыл Я.А.Коменский қызығушылыққа үлкен мән бере отырып, оны баланың білім меңгерудегі маңызды тірегі деп санаса, ал Ж.Ж. Руссо қызығушылықтың өзінен-өзі пайда болмайтынын, оны дамыту қажеттігін айтқан. Кезінде «қызығушылықты оқу-тәрбие үрдісінің бөлінбес бөлігі» деп есептеген Ы.Алтынсарин, ғылым-білімге балалардың қызығушылығын әңгімелер, ертегілер, өлеңдер мен мысалдар арқылы қалыптастыруға болатындығын көрсетеді. Ал танымдық қызығушылықтың пайда болуы музыка өнеріне деген білім, білік, дағдыларының қалыптасуына әсер етеді.

Музыка, оның түрлері, жанрлары туралы, композиторлардың өмірі мен шығармашылығы туралы білімді музыканың өзімен таныса отырып алу музыкалық танымның кеңеюіне мүмкіндік береді. Егер оқушылар тек сауатты ән айтып, нота жазуын түсініп, кейбір шығармалармен таныс болса,

бірақ шынайы көркем музыкамен кездескенде, ерекше қуаныш сезімін басынан өткізбесе, егер музыка олардың рухани әлемін байытпаса, олардың ойлары мен істеріне деген ойларын туғызбаса, әсемдікті марапаттап, ұсқынсыздыққа төзбеу сезімдерін оятпаса, онда басты мақсат орындалмайды: балалар ең бастысы – музыкалық тәрбие алмағандығы болады.

Сыныптан тыс музыкалық жұмыстарда оқушылардың іс-әрекеттерінің артуына неғұрлым ықпалды да тиімді болуы үшін практикалық жұмыстар жоспарланған белгілі бір шарттар негізінде ұйымдастырылады. Ойнақы не мұңды, салтанатты немесе қайғылы музыка адам жанына денедей еніп, адамдарды біріктіру, өз күштеріне сену қасиетін дарытып, әділдік жолындағы күреске тартып, рухын шыңдайды.

Олай болса, қазіргі таңда қазақ жастары үшін музыканы насихаттаудың ең қолайлы кезеңі туды. Мәселен, сан салалы оқу орындарында халқымыздың өз тілін, тарихын, мәдениетін, әдебиетін, музыкасын оқып үйренуге толық мүмкіндік бар. Сондықтан жас өспірімдерді бірте-бірте халық музыкасына тарту, құрбы-құрдастарымен қазақ концертіне бару – олардың біртіндеп рухани дамуына бірден-бір жол. Халық музыкасы жас сананы жайласа, оқушылар өз халқының жетістіктері мен табыстарын біртіндеп ұлттық мақтанышқа айналдырып, өзін, достарын, өскен ортасын, тіпті Отанды сүйді бастайды деп айтсақ та, артықтық етпейді.

Ал сыныптан тыс музыкалық жұмыстардың ішіндегі ең маңыздысы – танымдық мәні бар үйірмелік жұмыстар ғана емес, көпшілікке арналған тақырыптық өнер кештері, көкпар жарысы, "Ақсүйек" ойыны және т.с.с.

Осы орайда, музыка мұғалімі теориялық, әдістемелік жағынан мықты, өз жұмысын білетін, тиянақты болса, осындай іс-шараларды оқушылар зор ықыласпен, қызығып тыңдайды, әрі мұғалімнің беделі артып, тәрбие жұмыстарының сапасы арта түседі.

Мектептегі музыкалық білім беру үрдісінде пайдаланылып келген «Елім-ай», «Мұрагер», «Музыка» және де т.б. бағдарламаларының тақырыптық мазмұны өмірмен байланыстыру ұстамына негізделі отырып, мақсатты түрде тәрбиелік бағытты көздеген. Бағдарламада туған жерге, Отанға, Қазақстан табиғатына деген сүйіспеншілікке баулу және т.б. музыка мұғалімінің ғана емес, бүкіл қоғамның қасиетті борышы.

Қорыта келгенде, сыныптан тыс музыкалық жұмыстар көркем туындылармен таныстыру және түсіндіру арқылы оқушыларды мәдениетке тәрбиелейді, олардың дәрежесін шыңдай түсіп, одан да жоғары дәрежеге көтереді, сондай-ақ олардың түйсіну, сезіну мүмкіндіктерін қалыптастырып, жан сұлулығына тәрбиелеп, адамгершілікке баулитын – қайнар бастау екеніне көз жеткізеді. Ал сыныптан тыс музыкалық жұмыстар жоспарлы, мақсатты түрде өткізілген жағдайда ғана оқушылардың тыңдаған шығармаларын жан-жақты терең талдай білуге, оның қайталанбас әсемдігін сезініп, қабылдай білуге, талғамын, белсенділігін арттырып, музыкалық туындылардың шығу тарихымен таныса отырып алған әсер ләззаты және т.с. с. мәселелер шешімін табады.

1 Таубалдиева Ж.Ш. Мектептегі музыка тәрбиелеу әдістемесі (оқу құралы). – Алматы, 2002.

2 Нысанбаев Ә., Әбжанов Т. Ойлау тарихының белестері. Фил. тарихы – Алматы, 199., – 76 б.

3 Аль-Фараби. Трактаты о музыке и поэзии. – Алматы: Ғылым, 1992.

4 Кішібеков Д., Сыдықов Ү. Философия. – Алматы, 1994. – 337 б.

5 Асафьев Б.В. Избранные статьи о музыкальном просвещении и образовании. – Л., 1973.

Аннотация

Ахметова А.К. – кандидат педагогических наук, профессор кафедры «Музыкального образования и хореографии», aimkul_akhmetova@mail.ru

Б.К. Жоргабаева - учитель музыки школы № 157, bakirkadirbaevna@gmail.com

Значимость музыкального искусства в воспитании учащихся

В данной статье музыкальное искусство рассматривается как важней компонент в вопросах воспитания учащихся на современном этапе. А именно помогает приобщиться к социальной среде, приучает учащихся к дружбе и товариществу, а также в будущем помогает формированию гражданских чувств и воспитывает в духе патриотизма.

Ключевые слова: внеклассная работа, музыкальное искусство, музыкальное воспитание, урок музыки, интерес.

Summary

Akhmetova A.K. – Candidate of pedagogical sciences, professor of department "Music education and choreography", aimkul_akhmetova@mail.ru

B.K. Zhorgabaeva - school music teacher number 157, bakirkadirbaevna@gmail.com

The importance of music in education of pupils

This article discusses the art of music in the education of students. Specifically it helps to know the environment, teaches students to friendship and partnership, as well as in the future is helping the formation of well-mannered citizen.

Keywords: class work, the art of music, music education, music lesson, interest.

УДК 78 (075.8)

ОҚУШЫЛАР ТӘРБИЕСІНДЕГІ МУЗЫКАЛЫҚ ӨНЕРДІҢ МАҢЫЗЫ

А.К. Ахметова – «Музыкалық білім және хореография» кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты, aimkul_akhmetova@mail.ru

Б.К.Жорғабаева – №157 жалпы білім беретін мектептің музыка мұғалімі, bakirkadirbaevna@gmail.com

Бұл мақалада оқушылар тәрбиесіндегі музыкалық өнердің маңыздылығы қарастырылған. Әсіресе, ол оқушыларға өскен ортасын дұрыс тануына, оларды достыққа, жолдастыққа баулып, әрі болашақта тәрбиелі азамат болып өсуіне көмектеседі.

Түйін сөздер: сыныптан тыс жұмыс, музыкалық өнер, музыкалық тәрбие, музыка сабағы,қызығушылық.

Ата-баба ғасырлар бойы армандаған тәуелсіздікке қолы жеткен еліміздің білім, тәрбие беру ісіндегі басты мақсат – рухани жан дүниесі биік, жеке тұлға қалыптастыру. Қазақ халық өз салты мен дәстүрін, ғұмырлық тарихын, ең алдымен, өнерге сіңірген, сол арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жеткізген. Ал осы ғасырлар бойы жиған-терген асыл рухани қазыналарды, жас ұрпақтың бойына сіңіріп тәрбиелеу өзекті мәселелердің бірі.

Көбінесе адам сезімін тәрбиелеу мәселесі көпжақты факторлармен шешімін табады, ал соның ішінде **өнер** басты рөл атқарады. Өйткені өнер арқылы адам өзінің шынайы көңіл күйін білдіреді, сол өнердің өзінен үйрене отырып, оның қиын күрделі тілін түсіне білуге ұмтылады.

Ал қоғам мұратына сай жан-жақты жарасымды дамыған тұлға тәрбиелеуде барлық өнер түрлері үлкен маңызға ие екендігі бәрімізге белгілі. Әсіресе, өнер түрлерінің ішінде өскелең жастардың мәдениетін қалыптастыруда және дамытуда музыкалық (саз) өнерінің алатын орны ерекше.

Сонымен музыкалық өнер арқылы тәрбие беру маңызды жолдардың бірі. Ол көркем бейне арқылы оқушыларды қоршаған ортада болып жатқан түрлі құбылыстардың шын бейнесін ашуда жаңа ой-өрісін байытып, өмір тәжірибесін кеңейтеді.

Жер бетінде қандай да бір музыкасыз ғұмыр кешетін адам болуы мүмкін емес, тіпті күнделікті өмірдің өзі адамға музыка тілімен жетеді. Оқушының өмір тәжірибесі, мұғалімнің күнделікті сабақта пайдаланып жүрген әдістемелері ең қиын музыкалық анықтамаларды түсіндіруге, шығармашылығын, қызығушылығын арттыруына, жеке тұлғаның рухани дамуын тәрбиелеуге көмектеседі. Сондықтан да мектептегі музыка сабағы қоғам талаптарына сай жауап беруі керек.

Жалпы білім беретін мектептегі музыка сабағы мен сыныптан тыс музыкалық жұмыстардың мақсаты – музыка өнері арқылы рухани бай, шығармашылық белсенді, музыкалық дамыған, халық музыкасын өмірдің бейнесі ретінде түсініп және оны сүйетін, халқымыздың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін қастерлеп, классикалық музыка мен басқа да халықтардың өнерін сыйлайтын жеткіншекті тәрбиелеу.

Сыныптан тыс музыкалық жұмыстар сабақтан тыс уақытта жүргізілетін болғандықтан, міндетті түрде ол оқушылардың бос уақыттарын пайдалы іспен айналысу болып табылады. Ал қазіргі кезде оқушылардың бос уақытын дұрыс пайдалануы бүкіл әлем педагогтарын қатты толғандырып отыр, сондықтан олардың жақсы өсулеріне, білімдерінің кеңеюіне, азамат ретінде қалыптасуларына, әсіресе бос уақытын сапалы, пайдалы түрлендіре ұйымдастырылған сыныптан тыс жұмыстарының маңызы зор.

Әсіресе оқушыларға шынайы тәрбие беруде олардың әрқайсысының жеке дара психологиясын, жас ерекшелігін, мінез-құлқының өзгешелігін ескеру қажет. Мысалы, жеткіншек жас табиғатынан оқып үйренуге, танып, білуге әуес. Ұстаздар да, ата-аналар да осы кезді тиімді пайдаланып, әдемі музыкалық өнер туындылары арқылы әсер етіп тәрбиелей алса, жас жеткіншектің тек өнерге ғана емес өмірге де сезімталдықпен сергек қарап, өмірді, қоршаған қоғамды тани бастайды, оқушының ортамен қарым-қатынасы кеңейіп, таным қабілеті өсіп, үйлесімді мінез-құлық қалыптасады. Таңдалған музыкалық шығармалардың түрі де, мазмұны да сан-алуан болса, ал оларды тындата, көрсете, білгізе отырып, достыққа, жолдастыққа, тапқырлыққа, іскерлікке, ептілікке, адамгершілікке және т.б. баулуға болады.

Мысалы, Құрманғазының "Сарыарқа", "Кісен ашқан", "Қызыл қайың" шығармалары Х.Ерғалиевтің "Құрманғазы" поэмасымен, Ә.Қастеевтың "Құрманғазының өмірі мен творчествосы" атты тақырыптық сурет-картиналарымен байланыстырылса, "Айша бибі" мазары, ол туралы аңыз әңгіме айша бибі ою-өрнегімен ұштастырылып, А.Қоразбаевтың "Айшаның әні" шығармасымен, Махамбеттің күй-термелері, Наурызбай мүсіншінің туындыларымен, Г.Исмаилованың "Дина" шығармасын Д.Нұрпейісованың өз туындыларымен және С.Бақбергеновтың "Қайран шешем" еңбегімен, Күләш Байсейітованың орындауында бейнеленген "Қыз Жібек", Шараның орындауында бейнеленген "Қазақ вальсі" портреттері Е.Брусиловскийдің "Қыз Жібек" операсы, Л.Хамидидің "Қазақ вальсі" әндерімен және т.с.с. сабақтастырылып берілген де ғана оқушының сана-сезімі, ақыл-ойы өсіп, жетіліп, оның психологиясының қалыптасуына әсер етіп, тіршіліктің небір құпия сырларына үңіле алады. Сонда ғана, жас жеткіншек өмірді түсінуде өз ұрпағына жақсы үлгі-өнеге

қалдырған ата-бабаларының даналығын өзіне мұра етіп алып, кейіннен қажетіне жарата алады деп ойлаймыз.

Олай болса, сөз өнері, ән-күй, яғни музыка, бейнелеу өнері өмір үшін де өте қажетті үрдіс. Бұл жөнінде профессор Т.Нұртазиннің: "Педагогика – өнер болса, ол өнер оқушыны ынтықтыра, сабақты асқақ дәрежеде өткізуге, сыныптан тыс оқуға да ынталандыруға жұмсалатын болса, онда мұғалім өнерпаз, оның әрекетінде әртістікпен, сахна өнерімен ағайындас элементтер болғаны. Мұғалім өз табиғатында осындай рольдер барын жадында тұтқаны абзал" деген сөздері музыка мұғалімдерінің басты мақсаты екенін естен шығармағаны жөн [1].

Қазіргі уақытта көңіл аударатын проблема теле-бейне ақпарат құралдарының арқасында берілетін мағынасыз кинофильмдерден соң бала бойында пайда болатын қатыгездік, немқұрай сатқындық, өзімшілдік сияқты және т.б. жағымсыз қылықтардың көбеюі бізді ойландырады. Сонымен қатар жастардың жеңіл де мағынасыз улы-шулы музыкамен әуестенуінің өте-мөте кең етек алағаны көптеген педагогтарды қатты алаңдатып отыр. Оқушыларға музыкалық білім беру жөніндегі соңғы халықаралық конференциялардың бірінде мектептерде халық музыкасын енгізу туралы ұсыныс енгізілді, мұндағы мақсат – халық музыкасының формалары мен ырғақтарына талдау жасау арқылы, жастардың әуен, ырғақсыз, даңғырап құртатын қазіргі кең тараған музыкаға деген кеселді ынтасын, әуестенуін басу.

Осы орайда, қазақтың ұлттық поэзия тарихының бір басында ақындық, әншілік, композиторлық, орындаушылық, жыршылық, импровизаторлық өнерді аса сәтті тоғыстырған, халқымыздың арасынан суырылып шыққан киелі өнердің көрнекті қайраткерлері Біржан сал, Ақан сері, Абай, Мұхит, Балуан Шолақ, Жаяу Мұса, Мәди, Үкілі Ыбырай, Естай, Майра, Нартай, Кенен және т.б. әнші-ақындардың, сал-серілердің, өрелі өнерпаздардың ерекше мәнді табиғатын оқушылар бойына сіңіру өте орынды. Қашан да озық туған таланттың мұрасы, рухы, жарқын бейнесі келешек ұрпақтың қиялын шарықтатып, болашаққа бірге адымдап, бірге жасайтыны анық.

Олай болса, музыка мен тәрбие – өнегелік ұғым. Адамзаттың барлық жақсы қасиеттерін жас ұрпақтар бойына сіңіруде, олардың қоғамға деген көзқарстарының дұрыс қалыптасуына музыкалық тәрбиенің маңызы аса зор. Әсіресе оның оқушыларға өскен ортасын дұрыс тануына, адамдарға сүйіспеншілікпен қарауына, жалпы адамгершілік қасиеттерін бойына сіңіруде өте маңызды. Сонымен бірге балалардың нәзік сезімді, ұшқыр қиялды, алғыр, мейірбан болып өсуіне елеулі ықпал жасайды [2].

Ойшыл Фараби: "Бұл ғылым (музыка, ән) өзінің байсалдылығынан айрылған адамды түзеуге, қызба адамды бір қалыпты ұстауға құдіреті әбден жетеді" - деген екен [3].

Ал музыканың адам жанына әсері жөнінде ұлы ойшыл Аристотель былай деген: «Ырғақ пен әуенде әрқашан өмір шындығы болады. Онда адамдардың қаһары мен көркемділігі, ерлігі мен байсалдылығы және оларға тән барлық қайшылықтар, сонымен бірге адамдардың мінез-құлықтары да бейнеленеді. Мұны біз әдетте өз тәжірбиемізден байқауға болады. Біз ырғақ пен әуенді тыңдағанымызда көңіл күйіміз өзгеріп сала береді» [4].

Музыканы сүймейтін адамды кездестіру мүмкін емес, өйткені ол баршаға қажет, ал оның тілі кім-кімге де түсінікті. Музыканы жанымен түсінетін, музыкалық өмірге белсене араласатын білімді адамды дайындау мектептің міндеті.

Тарихқа жүгінсек, музыкалық тағылым беру жөнінде музыка ағартушылары Б.В.Асафьев, Б.Л.Яворский, О.А.Апраксина, Д.Б.Кабалевский, А.Қ.Жұбанов және т.б. еңбектерінде елеулі орын алған. Мысалы: Б.Яворский «Музыканы қабылдау ісіне негіз болатын нәрсе – ойлау, бәрімізге анық естілетін сөйлеген сөз сияқты түсіне білу» - деп есептесе, ал Б.Асафьев ұстаздар ортасында кеңінен қолдау тапқан тәсілдерге мән беруді ұсынды. «Белгілі бір шығарманы жанды орындау арқылы таныстыру, сол арқылы музыкалық терминдерді жеткізу, оларды пайдаланудың анық та, айқын түсінікті түрін қарау. Ең негізгісі – оларды қызықтыра білу» [5].

Ұлы ойшыл Я.А.Коменский қызығушылыққа үлкен мән бере отырып, оны баланың білім меңгерудегі маңызды тірегі деп санаса, ал Ж.Ж. Руссо қызығушылықтың өзінен-өзі пайда

болмайтынын, оны дамыту қажеттігін айтқан. Кезінде «қызығушылықты оқу-тәрбие үрдісінің бөлінбес бөлігі» деп есептеген Ы.Алтынсарин, ғылым-білімге балалардың қызығушылығын әңгімелер, ертегілер, өлеңдер мен мысалдар арқылы қалыптастыруға болатындығын көрсетеді. Ал танымдық қызығушылықтың пайда болуы музыка өнеріне деген білім, білік, дағдыларының қалыптасуына әсер етеді.

Музыка, оның түрлері, жанрлары туралы, композиторлардың өмірі мен шығармашылығы туралы білімді музыканың өзімен таныса отырып алу музыкалық танымның кеңеюіне мүмкіндік береді. Егер оқушылар тек сауатты ән айтып, нота жазуын түсініп, кейбір шығармалармен таныс болса, бірақ шынайы көркем музыкамен кездескенде, ерекше қуаныш сезімін басынан өткізбесе, егер музыка олардың рухани әлемін байытпаса, олардың ойлары мен істеріне деген ойларын туғызбаса, әсемдікті марапаттап, ұсқынсыздыққа төзбеу сезімдерін оятпаса, онда басты мақсат орындалмайды: балалар ең бастысы – музыкалық тәрбие алмағандығы болады.

Сыныптан тыс музыкалық жұмыстарда оқушылардың іс-әрекеттерінің артуына неғұрлым ықпалды да тиімді болуы үшін практикалық жұмыстар жоспарланған белгілі бір шарттар негізінде ұйымдастырылады. Ойнақы не мұнды, салтанатты немесе қайғылы музыка адам жанына денедей еніп, адамдарды біріктіру, өз күштеріне сену қасиетін дарытып, әділдік жолындағы күреске тартып, рухын шыңдайды.

Олай болса, қазіргі таңда қазақ жастары үшін музыканы насихаттаудың ең қолайлы кезеңі туды. Мәселен, сан салалы оқу орындарында халқымыздың өз тілін, тарихын, мәдениетін, әдебиетін, музыкасын оқып үйренуге толық мүмкіндік бар. Сондықтан жас өспірімдерді бірте-бірте халық музыкасына тарту, құрбы-құрдастарымен қазақ концерттеріне бару – олардың біртіндеп рухани дамуына бірден-бір жол. Халық музыкасы жас сананы жайласа, оқушылар өз халқының жетістіктері мен табыстарын біртіндеп ұлттық мақтанышқа айналдырып, өзін, достарын, өскен ортасын, тіпті Отанды сүюді бастайды деп айтсақ та, артықтық етпейді.

Ал сыныптан тыс музыкалық жұмыстардың ішіндегі ең маңыздысы – танымдық мәні бар үйірмелік жұмыстар ғана емес, көпшілікке арналған тақырыптық өнер кештері, көкпар жарысы, "Ақсүйек" ойыны және т.с.с.

Осы орайда, музыка мұғалімі теориялық, әдістемелік жағынан мықты, өз жұмысын білетін, тиянақты болса, осындай іс-шараларды оқушылар зор ықыласпен, қызығып тыңдайды, әрі мұғалімнің беделі артып, тәрбие жұмыстарының сапасы арта түседі.

Мектептегі музыкалық білім беру үрдісінде пайдаланылып келген «Елім-ай», «Мұрагер», «Музыка» және де т.б. бағдарламаларының тақырыптық мазмұны өмірмен байланыстыру ұстамына негізделі отырып, мақсатты түрде тәрбиелік бағытты көздеген. Бағдарламада туған жерге, Отанға, Қазақстан табиғатына деген сүйіспеншілікке баулу және т.б. музыка мұғалімінің ғана емес, бүкіл қоғамның қасиетті борышы.

Қорыта келгенде, сыныптан тыс музыкалық жұмыстар көркем туындылармен таныстыру және түсіндіру арқылы оқушыларды мәдениетке тәрбиелейді, олардың дәрежесін шыңдай түсіп, одан да жоғары дәрежеге көтереді, сондай-ақ олардың түйсіну, сезіну мүмкіндіктерін қалыптастырып, жан сұлулығына тәрбиелеп, адамгершілікке баулитын – қайнар бастау екеніне көз жеткізеді. Ал сыныптан тыс музыкалық жұмыстар жоспарлы, мақсатты түрде өткізілген жағдайда ғана оқушылардың тыңдаған шығармаларын жан-жақты терең талдай білуге, оның қайталанбас әсемдігін сезініп, қабылдай білуге, талғамын, белсенділігін арттырып, музыкалық туындылардың шығу тарихымен таныса отырып алған әсер ләззаты және т.с. с. мәселелер шешімін табады.

2 Нысанбаев Ә., Әбжанов Т. Ойлау тарихының белестері. Фил. тарихы – Алматы, 199., – 76 б.

3 Аль-Фараби. Трактаты о музыке и поэзии. – Алматы: Ғылым, 1992.

4 Кішібеков Д., Сыдықов Ү. Философия. – Алматы, 1994. – 337 б.

5 Асафьев Б.В. Избранные статьи о музыкальном просвещении и образовании. – Л., 1973.

Аннотация

Ахметова А.К. – кандидат педагогических наук, профессор кафедры «Музыкального образования и хореографии».

Б.К.Жоргабаева – учитель музыки школы №157

Значимость музыкального искусства в воспитании учащихся

В данной статье рассматривается музыкальное искусство в воспитании учащихся. А именно помогает узнать среду, приучает учащихся к дружбе и товариществу, а также в будущем помогает становлению воспитанным гражданином.

Ключевые слова: внеклассная работа, музыкальное искусство, музыкальное воспитание, урок музыки, интерес.

Summary

Akhmetova A.K. – Candidate of pedagogical sciences, professor of department "Music education and choreography", aimkul_akhmetova@mail.ru

B.K.Zhorgabaeva - school music teacher №157

The importance of music in education of pupils

This article discusses the art of music in the education of students. Specifically it helps to know the environment, teaches students to friendship and partnership, as well as in the future is helping the formation of well-mannered citizen.

Keywords: class work, the art of music, music education, music lesson, interest.

УДК 78 (075.8)

ОҚУШЫЛАР ТӘРБИЕСІНДЕГІ ХОР ӨНЕРІНІҢ МАҢЫЗЫ

Ахметова А.Қ. – «Музыкалық білім және хореография» кафедрасының

профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты, aimkul_akhmetova@mail.ru

Апсаматова Р.Д. – Абай атындағы Тараз гуманитарлық колледжінің оқытушысы, 11011962@mail.ru

Мақалада оқушылар тәрбиесіндегі хор өнерінің маңыздылығы қарастырылған. Оқушылардың бірлесе отырып, хормен ән айту олардың музыкалық қабілеттерін (есту, ырғақ, есте сақтау) қалыптастырады, көркемдік талғам сезімдерін арттырып, ой-өрісін ұштап, таным түсінігін жетілдіре түседі. Хор балалардың өзара көпшіл болуына үйретеді, оларды достыққа, жолдастыққа баулып, әрі болашақта тәрбиелі азамат болып өсуіне көмектеседі.

Түйін сөздер: хор, сыныптан тыс жұмыс, көркемдік талғам, диапазон, қызығушылық, музыкалық-эстетикалық тәрбие.

Қазіргі педагогика ғылымының алдында тұрған ауқымды істердің бірі – ұрпақ тәрбиесі мәселесін дүниежүзілік құндылықтар негізінде жетілдіру. Әрбір жас ұрпақтың жеке тұлғалық сапаларын жан-жақты дамыту жаңа мектептің басты мақсаты болып табылады, сондықтан жеке оқушыны рухани құндылықтарға, көркем шығармашылық әрекеттерге тарту басым бағыт алуда.

Олай болса, балаларды жастайынан өнерге баулу ең өзекті міндет болып отырғаны баршамызға мәлім. Осы орайда, оқушылар арасында музыкалық білім беру жұмысын жетілдіру мәселелеріне аса зор көңіл бөлінген жөн. Мектепте оқушылармен сабақтан тыс жүргізілетін әртүрлі көркемөнер үйірмелері арқылы оқушылар қоғам талабына сай музыкалық-эстетикалық білім алады.

Осындай сыныптан тыс музыкалық жұмыстың ең көбірек тараған түрі – **хор үйірмесі**. Хор үйірмесіне белсене қатысу, баланың музыка тілін жақсы терең түсінуіне әсерін тигізеді. Әрбір хор мүшелерінің өз орындауына жауапкершілігі артып әншілік шеберлікке дағдылануы хор шығармаларының көркем дағдыларын меңгеруіне байланысты жүзеге асады. Олай болса, әр шығарманың мағынасын өз мәнінде сезіну, сол шығарманы беріле орындау баланың музыкаға деген сезімін, ынтасын, орындау шеберлігін тәрбиелейді. Міне, осындай жұмыстар жүргізудің оқушыларға берері мол.

Музыкалық педагогикада балаларды әнге тәрбиелеудің мәселелері О.А.Апраксина, Г.Г.Голык, В.Л.Живов, З.С.Квасница, О.П.Соколова, қазақстандық мұғалім-музыкант дирижерлар Г.А.Ахметова, А.В.Молодов, Х.К.Мусина, Т.Н.Нұрымбетов және т.б. арнаулы ізденіс еңбектері мен әдебиет, мақалаларында көрініс тапты.

Біршама еңбектерде балалар даусын тәрбиелеу арқылы музыкалық-эстетикалық тәрбие беру Ә.Нұғманова, халық әндері арқылы оқушылардың музыкалық-эстетикалық тәрбиесін қалыптастыру Р.Қ.Дүйсенбінова, әндік дауыс дағдыларын қазақ тілі фонетикасы негізінде қалыптастыру А.Ш.Қожахметова зерттеулерінде жан-жақты талданған.

Мектептердегі жұмыс тәжірибесі көрсеткендей, көбінесе орындалатын шығармалардың ішінде көп қолданылатыны (әсіресе қала жағдайында) – **хор шығармалары**.

Оқушылардың музыкаға деген қызығушылықтарын, хор шығармаларын орындау дағдыларын қалыптастыруда, оқу-тәрбие үрдісіне хор шығармаларын ендірудің әдістерін, хордың мектеп оқушыларына музыкалық білім берудегі рөлін қарастыру – өз алдына зерттеуді қажет тұтатын проблема.

Осы жолда көптеген еңбектер жасалып, біраз жетістіктер бар дей тұрсақ та, балаларды әнге баулу, **хор үйірмелерін** ұйымдастырып, жұмыс жасау ең қиын жұмыстардың бірі болып отыр. Мұның заңдылығы мен **өзектілігі** заман талабына сай жан-жақты жетілген азамат тәрбиелеуге септігін тигізетіндігінде.

Оқушылардың музыкаға деген тиянақты ынтасы мен сүйіспеншілігін тәрбиелеу, бірлесе отырып, хормен ән айту, би билеу олардың музыкалық қабілеттерін (есту, ырғақ, есте сақтау) қалыптастырумен қатар, ортақ табысқа қуана білуге, көркемдік талғам сезімдерін дамытуға тәрбиелейді. Үлкен салтанатты мейрамдарда ұйымдастырылатын көпшіліктің құрама хоры оқушыларды бір іске, бір мақсатқа топтастырып құлшындырады, достыққа, ынтымаққа ықылас-тандырады. Әр мұғалімнің музыкалық шығарманың терең мазмұнын талғампаздық көзқараспен түсініп, өмірге аса маңызды мәселе екендігі туралы ойын дамыта отырып, оның ішіндегі халықтың асыл мұраларын бағалауға үйрету негізгі міндет. Музыкалық бейнелер, суреттемелер, оның көркемдік сөзі, әсерлі әуені, жағымды саз арқылы патриотизмге, отанды сүйуге, еңбекке сапалы тәртіпке, жақсы әдет-ғұрыпқа, әдептілікке, мейірім-шапағатқа, адамгершілікке, ынтымаққа, достыққа тәрбиелеу хор жетекшісінің негізгі міндеті.

Хормен ән айтудың ерекше ролі: жеке басты қалыптастыруда ең жақсы, тиімді әдіс болып табылады. Хормен ән айтудың маңызы жайында әйгілі педагог К.Д.Ушинский былай деген: «Әнде, әсіресе хормен ән айтуда адамға нәр беретін, еңбекті ұйымдастыратын тату әншілерді жұмылдыратын... бірнеше жеке сезімдерді бір үлкен сезімге ұйытатын күш бар. Әнде, сонымен бірге, жанды, сезімді тәрбиелейтін бір нәрсе бар» [1].

Хормен ән айту көпшіліктің, сүйікті жанрларының бірі болып қаралады. Хормен ән айту - көпшілік өнер, ұжымдық шығармашылық. Бұлай дегеніміз, адамдардың үлкен тобы бір ой, санаға ұйымдасады, бір көркем-орындаушылық арқауға бағынады, сөзбен музыкадағы сезім, ойлар жеке адам арқылы емес, көпшілікпен жеткізіледі. Орындауда хор әншілерінің әрбірінің қуанышы ортақ іске өзінің үлесін, жанының бір бөлігін қосқан ойының өсуі анықталады.

Ал хор үйірмесінің негізгі мақсаты – оқушылардың музыкалық қабілетін арттыру, хор шығармаларына қызықтыру, музыкалық ой-өрісін кеңейту.

Сонымен қатар, оқушылардың музыка сабағынан алған білімдерін әрі қарай жалғастыра отырып, жетілдіру. Бұл хор үйірмесінің негізгі міндеті болып табылады.

Хор жанры халық арасына кеңінен таралып, көпшілікпен орындалатын лайықты шығармаларды уағыздау, халықты өнерге тәрбиелеу мен ортақ іске жұмылдыру мақсатында дамып келеді. Кейбіреулер кез-келген бір топ адамның бас қосып ән салуын **хор** деп санайды. Тіпті, жеке дауыста орындаса да хормен орындадық деп мәз болысады. Оны орындаудағы біркелкілік, мәнерлілікке еш мән берілмейді. Мұндай топтың орындауларын **хор** деп атауға болмайды. Ондай кездейсоқ орындалған әуендерді көпшіліктің үйреншікті жалпылама айтып жүрген әні деуге болады.

Хор – әр түрлі дауыста ән салатын адамдардан топтасып, ұйымдасқан ұжымы. Дәлірек айтқанда, **хор дегеніміз** – шығарманы көркем тілмен бірнеше дауыстың үндескен әуені арқылы идеялық мазмұнын бұзбай, нақтылы түрде тыңдаушыға жеткізетін және хор айтудың техникалық орындау шеберлігін игерген, әсемдеу жағынан толық мағлұматы бар ұжым.

Хорды П.Г.Чесноков, «дыбысталуында тұрақты ансамблі бар, тура құрылымды және көркем таза қойылған нюансы бар әншілер жиыны деп анықтаса [2], А.Егоров вокалды-хор шығармасын орындайтын көп әншілер құрамы деп тұжырымдайды [3].

Л.Абеян: "Хормен ән айту, оның мәні – орындалатын шығарма арқылы берілетін автордың ойын ұйымдасқан түрде мәнерлеп жеткізу. Бұл – өнер шығармасын сезіну мен белсенді қабылдау ғана емес, көркем шығарманы баян етілген мазмұнға сай тыңдаушының ойы мен сезімін оята білу" деп көрсетеді [4].

Сонымен, хор – негізінде ән айтуға қабілетті адамдардың ұйымдасқан ұжымы.

Хор мүшелері үшін ең негізгісі – автор ойын ұғынып, көркем бейне жасауда белсенділік таныта білу. Осыдан барып оқушылар үшін дыбыс жасаудың түрлі жолдары – регистрге, тесситураға байланысты, әдеби мазмұнын дауыс арқылы бере біліп, демді үнемдеу, жалғастыра алу тәсілдерін бірлесе меңгеру қажеттігі туады.

Хормен ән айтудың білімділік мәні зор. Сол арқылы оқушылардың музыкалық есте сақтау қабілеті мен талғамы өсіп, мәнерлеп орындау шеберлігі артады. Хормен ән айту дегеніміз – әнді құр жаттап алу емес, шығарманың көркемдік мәнін сезіне және түсіне орындау. Орындаушылық шеберлікті меңгеру барысында оқушының музыкалық-теориялық білімі артады. Нотамен ән айта отырып, лад басқыштарын сезіне білу қабілеті дамиды.

Музыкалық-педагогикалық анализ (талдау), әдістемелік әдебиеттер хормен ән айтуды музыкалық шығармашылықтың жүргізушісі ретінде қарастырылады. Мектеп хорларының негізгі

басты шарты – балалардың музыкалық қабілеттерін дамыту, музыкалық деңгейін кеңейту, музыкаға, хормен ән айтуға деген сүйіспеншілігін тәрбиелеу, хорда ән айту тәсілдерін үйрету болып табылады. Сонымен қатар музыкалық бейнелер, жағымды саз арқылы патриотизмге, елін сүйуге, еңбекке, тәртіпке, адамгершілікке, ынтымақтыққа, достыққа тәрбиелеу негізгі міндеттердің бірі.

Хор үйрмесінің негізгі мақсаты – сыныптағы музыка сабағына қарағанда хормен ән айту жоғары орындаушылық деңгейде болу қажет. Сондықтан хормен жұмыс барысында музыка сабағының репертуарын, өту деңгейін қайталамау керек, керісінше ол жоғары талапта құрылуы керек. Мектеп хорының музыка сабағында үйретілетін хормен ән айтуынан тағы бір айырмашылығы: хорға өз ынтасымен, қалауымен ән айтқысы келетіндер және вокальдық қабілеттері бар балалар қабылданады. Мектептегі музыка сабағы барлық оқушыларға міндетті сабақ болып табылады және бірде-бір оқушы ол сабақтан босатылмайды.

Музыка мұғалімі қызметі және оның жеке кәсіби құрылымындағы модельді қарастыруда академик Б.В.Асафьев былай деп атап көрсетеді: "Педагог-музыкант өзінің күнделікті жұмысында аспапта орындаушы ретінде, хордың жетекшісі ретінде, музыкалық әдебиетті жақсы білетін, әрі оны еркін меңгерген музыка тарихшысы ретінде өзін көрсете білуі тиіс" [5]. Яғни кез-келген сауатты музыкант сияқты, мұғалім музыка әдебиеттерін, музыка тарихын жақсы біліп, музыка тілінің ерекшеліктері мен заңдылықтарын талдай білуі тиіс.

Хормен ән айту оқушының музыкалық қабілетін дамытуда, рухани жан дүниесін тәрбиелеуге, мінез-құлқын қалыптастыруда өз әсерін тигізеді. Ән айту балалардың музыкалық, әрі көркемдік талғамын арттырып, ой-өрісін ұштап, таным түсінігін жетілдіре түседі. Хор балалардың өзара көпшіл болуына үйретеді, оларды достыққа, жолдастыққа баулып, өзара қарым-қатынастарын нығайта түседі, әрі болашақта мәдениетті азамат болып өсуіне көмектеседі.

Дұрыс ән айтуға үйрету арқылы балалардың дауыс аппараты жақсы дамиды. Әнді өз нышанына келтіріп айту үшін көптеген жұмыстар атқарылуы тиіс, яғни әннің мазмұнын тыңдаушыға жеткізу, дауыстардың бір-бірімен үйлесіп, интонациясының таза, дикциясының анық шығуын, әнді жинақы жабық дауыспен академиялық үлгіде айтып жаттықтыру керек.

Әнді хормен айту – халықтың бүкіл мәдениетінің негізі музыкалық білім мен тәрбие берудің ең ықпалды құралы. Оқушылардың музыкалық-эстетикалық дамуы табиғатқа, қоршаған ортаға, еңбекке, қоғамға деген көзқарасын тәрбиелеумен тығыз байланысты. Сан алуан тақырыптағы музыкалық шығармалар арқылы оқушылардың жан-дүниесіне, сана-сезіміне әсер ете отырып, музыкалық-эстетикалық белсенділігін арттыру, жоғары көркемдік талғаммен рухани дүниесін байыту, музыкалық шығармаларға деген сүйіспеншілігін арттыру – болашақ мамандардың негізгі мақсаты болуы тиіс.

Сонымен, музыка сабағында жүзеге асырылатын іс-әрекеттердің бірі – ән айту болып табылады. Ән айту балалардың орындаушылық үрдіске белсенді қатысып, музыкалық қабілетінің дамуына, музыкалық есту қабілетін тәрбиелеуге жағдай жасайды.

Егер педагогикалық деңгейде ән айту дұрыс ұйымдастырылса, онда ол музыкалық білім берудің ең тиімді жолы болып есептелінеді. Жоғары деңгей туралы айта отырып, педагогикалық үрдіс тек техникалық нәтижелер дәрежесіне жеткендігін орынды аңғару керек, сонда ән айту тәрбиесі "таза" ән айтуға айналады. Сонымен бірге балалар әнді қалай орындап тұрғанына, ән айту үрдісінің техникалық жағына аса жауапкершілікпен қарау өте қажет. Дыбысталу сапасын қалыптастыру, яғни дауыс аппаратының жұмысын ән айтатын жағдайға келтіру, жалпы және музыка мәдениетін, әсіресе вокальдық есту мәдениетін білу мұғалімнің, хор жетекшісінің арнайы білімі мен шеберлігіне байланысты іске асырылады.

Тәжірибе жүзінде бақылау формаларының пайда болуын қадағалап, балалардың жеке ән айту тәсілдерінің дамуын тексеру қажет. Барлық осы формалар практика жүзінде кең қолданғанда қанағаттанарлықтай болуы керек.

Адамның қиын да күрделі ән айту функциялары көптен бері зерттеліп келеді. Қазіргі уақытта осы тұрғыда зерттеуге тек қана вокальдық педагогика қайраткерлері ғана емес, сол сияқты бір-бірімен байланысты ғылымдар да қызығушылық білдіруде. Сонымен адамның дауыс аппараты ең үлкен байлық, оны күтіп, қадағалап, саналы түрде қолдану керек. Сонымен қатар, белгілі фониатрлар И.Левидов, Е.Алмазов, А.Содейко, А.Рябченко және т.б. кейбір жағдайларда дауыс аппаратының ауруларын вокальдық педагогика әдістері арқылы емдеуге болады деп дұрыс айтқан. Көптеген зерттеушілер дұрыс ән айту тәрбиесі дауысты қорғау болып табылады деген тұжырымға келген.

Балалар хорының дауыстары олардың жас ерекшеліктеріне байланысты. Дегенмен, әйелдер хорының дауыстарына ұқсастау болғандықтан, олардың дауысы сопрано және альт деп аталады. Олардың айырмашылығы диапазондарының көлеміне байланысты, жалпы балалар даусының көлемі кішілеу үн шығару сипаты да әлсіздеу және әйелдер даусына қарағанда ашық, жарқын естіледі.

Балалар даусының диапазоны жас ерекшеліктеріне қарай төмендегідей болады:

6 жасарлар: $pe^1 - do^2$

1 сынып (7-8 жастағы) $pe^1 / do^1 / - do^2 / pe^2$;

2 сынып (8-9 жастағы) $do^1 - pe^2$;

3 сынып (9-10 жастағы) $do^1 - pe^2 / mi^2$;

1-ші дауыс

4 сынып (10-11 жастағы) $do^1 - mi^2$;

5 сынып (11-12 жастағы) $do^1 - mi^2 / fa^2$;

6 сынып (12-13 жастағы) $do^1 - mi^2$;

2-ші дауыс

$do^1 - do^2$;

$si_k - pe^2$;

$la_k / si_k / - pe^2 / do^2$;

7 сынып (13-14 жастағы) $mi^1 / pe^1 / - si^1 / do^2$;

$si_k - do^1$;

8-11 сыныптар (14-16/17/ жастағы) $si_k - fa^2 / соль^2$;

$pe_k - pe^2$

Балалар хорының орындаушылық сипаты жас ерекшеліктеріне байланысты вокальдық орындау мүмкіншіліктерімен тығыз байланысты.

Хор ұйымдастыруда балалардың жас ерекшеліктеріне көп мәселелердің байланысты екенін ұмытпай, естен шығармау дирижердың негізгі міндеті. Міне, осыған байланысты хор үйірмесі оқушылардың жас шамасына қарай үш топқа бөлініп ұйымдастырылады.

1. Кіші сынып оқушыларының хоры – **кішкентайлар хоры**, бұған 1-2 сынып оқушылары кейде көбінесе 3 сынып оқушыларын қосуға болады.

2. Орта сынып оқушыларының хоры – **орташалар хоры**, бұған 3-4 сынып оқушылары кейде 5 сынып оқушыларын қосуға болады.

3. Жоғарғы сынып оқушыларының хоры – **үлкендер хоры**, бұған 5-7 сынып, кейде өз қалауларымен 8-10 сынып оқушылары, әсіресе қыздардың қатысуына болады.

Хор үйірмелерін мұндай топтарға бөлудегі негізгі мақсат балалардың дауысындағы болатын мутациялық өзгерістерді еске ала отырып, олардың дауысының өсуі мен қалыптасуына зиян

келтірмеу. Хорды мұндай топқа бөлудің тағы бір пайдасы балалардың жас шамасына қарай репертуарларды лайықты таңдауға, яғни мазмұнының көлемі олардың ой-өрісіне лайық болуы, дауыс диапазондарына сай, дәл болуды ескеруге мүмкіншілік жасайды. Дегенмен кейде мектептің, ондағы сыныптардың оқушылар санына байланысты және музыка сабағынан беретін мұғалімнің мүмкіндігіне байланысты хор үйірмесін екі топқа ғана бөліп ұйымдастыруға тура келеді. Мұндайда кішкентайлар хорына 1-4 сынып, орташалар хорына 5-8 сынып оқушыларын қатыстырып топтауға болады.

Бүгінгі күннің өскелең талабына сай егеменді еліміздің мұғалімдерінің алдында жаңа міндеттер қойылып отыр.

Мектепте музыка сабағымен қатар сыныптан тыс хор үйірмелерін ұйымдастыру оқушылардың ән айту, бірігіп хормен ән салуға қабілеттерін қалыптастырады. Оқушылардың музыкалық-эстетикалық дамуы – табиғатқа, қоршаған ортаға, еңбекке, сүйікті Отанымызға, қоғамға көзқарасын тәрбиелеу. Сан алуан тақырыптағы музыкалық шығармалар арқылы оқушылардың жан-дүниесіне, сана-сезіміне әсер ете отырып, музыкалық-эстетикалық белсенділігін арттыру, жоғары көркемдік талғаммен рухани дүниесін байыту, музыкалық шығармаларға деген сүйіспеншілігін арттыру мектептегі музыка мұғалімінің негізгі мақсаты.

«Музыкалық тәрбие берудің мақсаты – музыкант тәрбиелеу емес, ең алдымен адам тәрбиелеу» деп белгілі педагог А.Сухомлинский [6] айтқандай, мектептерде өткізілетін сыныптан тыс жұмыстардың, соның ішінде хор жұмысының басты міндеті оқушыларға музыкалық-эстетикалық тәрбие беру арқылы сезімталдыққа, әдемілік пен сұлулықты көре, сезіне білуге, иманжүзділікке баулу. Дұрыс ұйымдастырылған хор жұмысы жан-жақты адамгершілік қасиеттерді бойына сіңірген, өз ұлттық және классикалық өнеріміз өзге ұлттардың, әлемдік музыка мәдениетінің үлгілерін қатар игерген білікті, ойлы азамат тәрбиелеп шығаруға септігін тигізеді.

Бүгінгі таңда біздің республикамызда үйірмелерді жақсы жолға қоя білген, көптеген кәсіби хор ұжымдары бар, хор үйірмелері бар. Сонымен қатар, біздің елімізге ғана емес, шетелдерге танымал балалар хор ұжымдары сахнаға шығып жүр. Олар: «Елім-ай», «Көктем», ер балалардың хоры және т.б.

Балалар хоры тек музыка мектептерінде ғана емес, жалпы білім беретін мектептерінде де ұйымдастырылады. Осындай балалар хор ұжымдарының репертуарында қазақ, шетел композиторларының шығармалары, қазақ әндерінің өңдеулері бар. Балалардың хорға қатысуы – олардың музыкалық қабілеттіліктерін дамыту, музыкалық шығармаларды түсіну, музыкалық талғамын тәрбиелеу жұмысына көмек береді.

Кез-келген мектепте хор үйірмесі болуы керек. Ал хор үйірмесінің тәрбиелік мәні зор. Оқушылардың үйірмеге қатыса жүріп, өнерге деген сүйіспеншіліктері, қызығушылықтары молайып, музыка сабағына да ынталары арта түседі. Сонымен бірге татулыққа, достыққа, бір-бірін сыйлауға тәрбиеленеді.

Қазіргі таңда көптеген балалар хоры шетелдерге барып, өз өнерлерін көрсетіп жүр.

Алдағы уақытта балаларды қызықтыратындай тартымды, әсерлі, хорға лайықталған әндер көп болса деген ұсыныс білдіреміз.

В статье представлены полевые материалы экспедиции членов и экспертов Национального комитета по охране нематериального культурного наследия Казахстана при Национальной комиссии РК по делам ЮНЕСКО и ИСЕСКО и съемочной группы студии «Мерген», прошедшей с 28.04 – 04.05 2016 года в Жезказганско-Улытауском регионе Карагандинской области. В качестве, подтверждающего факта эндогенного характера степного коневодства региона и традиционных праздников, связанных с ним была произведена фото- и видеосъемка наскальных изображений лошадей Теректы-Аулие - древнего святилища, с эпохи бронзы связанного с культом коня и сохранившим свою культовую роль святого места до нашего времени.

Ключевые слова: культ коня, Теректы-Аулие, эпоха бронзы, сакский и тюркский периоды

В центре степных просторов Сары-Арки в 90 километрах на восток от города Жезказган уютно расположилось живописное урочище Теректы-Аулие – один из значительных историко-археологических комплексов Центрального Казахстана, состоящий из галереи наскальных рисунков-петроглифов, неолитической стоянки, поселений и некрополей эпохи бронзы, курганов раннего железного века и издревле популярное место поклонения. Дорога к Теректы-Аулие лежит через прекрасные степные ландшафты. На расстоянии видимости, кое-где виднеются *кыстау-зимовки* современных коневодов, чьи табуны лошадей мирно пасутся на богатых пастбищных угодьях, еще не высушенных летним солнцем. И вот, вдалеке показались растянутые по ширине скалистые сопки. Это и есть, урочище Теректы-Аулие.

Специалисты отмечают, что самое раннее историческое упоминание о урочище Теректы - Аулие имеется в работах аль-Бируни (XI в.) и относится к рисункам человеческой стопы и конских копыт вблизи водных источников [1, с. 6]. Аль-Бируни в своем сочинении приводит региональную легенду о мусульманском отшельнике Хазрете-Али, обосновавшемся в урочище Теректы-Аулие. Согласно легенде: «весь израненный в борьбе с местными кочевыми племенами Хазрет-Али решил умереть на гранитных сопках, места, которые ему понравились. Привязав на вершине своего коня, совершив молитву, он выбрал среди камней место и прилег в удобное ложе. Утром, проснувшись, Хазрет-Али не поверил в чудо. Раны все исцелились и он поднялся совершенно здоровым. У святого родника он увидел одинокое дерево – терек (тополь)» [2, с. 172]. Считается, что именно Хазрет-Али назвал эту местность Теректы-Аулие. Народная молва приписывает этому мифическому персонажу фольклора след стопы, выбитый на вершине самого высокого холма урочища. Эта «стопа, направленная в сторону Мекки, естественно, напоминает о том, что каждый мусульманин должен стремиться исполнить свой основной столп исламской веры - паломничество в Мекку, придерживаясь канонов религии» [3, с. 3].

Урочище окутано и другими тайнами, и легендами. К примеру, местное население хранительницей урочища считает двуглавую змею, живущую в колодез с кремневыми жилами. Металлическая сетка, покрывающая колодез обильно обвита лоскутками разноцветных полосок ткани – одному из многочисленных знаков коллективной памяти доисламского периода казахов, в широком смысле означающего желание исцеления от различных недугов, как телесных, так и душевных. Подобные лоскуты встречаются и на кустарниках и ветвях деревьев в урочище, а на одной из сопки возвышается оплетенный лоскутами молитвенный флаг в виде деревянного шеста. Кое-где в

расщелинах сопок заткнуты куски белой материи, называемой казахами – актық, демонстрирующие открытость и чистоту намерений.

Гид экспедиции по Теректы-Аулие археолог Сембинова Л.А. рассказала нам процедуру сеансов оздоровления паломников, включающая: чтение Корана, жертвоприношение и угощение, питье целебной воды из святого источника, скатывание по заполированной до блеска дорожке на наклонной плоскости одной из сопок с загадыванием желаний, ночлег на урочище и др. Как мы видим, набор лечебных процедур – это микс из языческих и мусульманских элементов. Возможно, поэтому за урочищем с древности прочно закрепился термин «святилище». Об этом говорит и само его название в переводе с казахского языка означающее: Аулие – Святой, а Терек (Байтерек) – Тополь, в сознании казахов фигурирующий как аналог *Мирового Древа*. Кстати, на эту мысль наталкивают и разноцветные лоскутки на деревьях и кустарниках, как и сам шест.

Отмечая, характеристики святынь вообще, археолог З. Самашев пишет, что ими принято называть «долговременно функционировавшие многокомпонентные сакральные центры сосредоточения духовной культуры человеческих сообществ, а конкретно - своеобразные храмы под открытым небом, где благодаря нахождению комплекса почитаемых объектов - скал с пригодными для нанесения рисунков плоскостями, водных источников, жертвенных площадок, скальных расщелин, гротов, валунов - совершались различные культово-мистериальные действия, приуроченные к важнейшим событиям календарного или иного цикла в жизни конкретных социумов и связанных с их религиозно-мифологическими представлениями» [4, с. 32].

В этом аспекте, урочище Теректы-Аулие служит своеобразным местом силы или духовным центром, храмом под открытым небом уже многие тысячелетия, о чем свидетельствуют не только исполнение паломниками в сегодняшней реальности различных религиозных и лечебных обрядов, синтезирующих древние языческие культы и мусульманские традиции, но и богатые сюжеты теректинских петроглифов - «молчаливые» свидетели, давно минувших дней. Огромный интерес представляет не только техника нанесения рисунка, когда сначала художником наносился контур изображения и только потом рисунок по контуру выглаживался галечником, но и сам сюжет теректинских петроглифов.

Их сюжетная линия многообразна, здесь присутствуют «несколько вариантов изображений быков с разной длиной и формой рогов; бактрианов, рисунки 12-ти козлов, расположенных друг за другом по спирали возможно, олицетворяющих с периодом жизни человека «мүшел» или календарем. Встречаются рисунки животных с длинной клювовидной мордой, с укороченными ногами и древовидными рогами, напоминающие оленей; трехпалого хищника из семейства кошачьих с длинным спирально закрученным хвостом и телом лошади» [1, с. 6].

Но, все же главный герой петроглифов - Конь/Лошадь. Именно, ему посвящено более 90% теректинских изображений, которые датируются специалистами тремя эпохами: бронзы, сакским и тюркским периодом, отмечает Сембинова Л.А. [5]. Большинство из них относятся к эпохе бронзы. Примечательно, что лошадь бронзы изображалась древними художниками статично/без движения, но узнаваемо реалистично, четко различаемы холка, конский хвост и другие более мелкие детали. Изображение ориентировано на восток. Специалисты отмечают, что в эту эпоху части тела лошади соотносились с моделью Космоса, были его метафорой. Так, «в индоевропейских ритуалах жертвоприношения (например, в древнеиндийском) части тела жертвы ассоциировались с элементами космоса: передняя часть - восток; задняя - запад; 4 ноги - 4 стороны света; голова - небо, бог Агни; тело - Земля; хвост - нижний мир» [6, с. 34-36].

Восточная ориентация лошади теректинских петроглифов продолжается и в скифо-сакское время. Но, здесь художник уже стремится изобразить лошадь в динамике, в движении. Появляются рога и крылья - характерные признаки божественности и царственности. Что, находит параллели в изобразительном творчестве ранних кочевников скифо-сакского ареала в других регионах Казахстана (Иссык, Тенлик, Бес-Шатыр, Берель и другие). В этом аспекте, иссыкские композиции «золотых коней и солнечная квадрига – символ движения Солнца по небосводу или пути солярного божества через 4 угла света» [7, с. 34] в центре с одним конем представляют последнего в качестве главного символа Космоса.

В тюркскую эпоху на Теректы-Аулие появляются петроглифы с изображением всадников на лошади, ориентированных на запад. Среди этих петроглифов обнаружено изображение лошади,

приносимой в ритуальную жертву. Что, несомненно говорит о продолжении и наращении палитры древнего культа коня новым колоритом.

Нам бы, хотелось сконцентрироваться на одной очень интересной композиции из всех наскальных изображений Теректы-Аулие, которая на наш взгляд, наиболее рельефно показывает эндогенный характер культа коня в Жезказганско-Улытауском регионе и табунном коневодстве в целом. Так, в 1,5-2 км на запад от основного массива петроглифов на небольшой возвышенности изображена лошадь, ориентированная на восток. Сразу поражает размер лошади, составляющий в ширину 1,5 м. и в высоту в 1 м. Данный петроглиф по мнению, известного этнографа и исследователя казахской лошади А.У. Токтабая, самое большое ее изображение в Центральной Азии.

Композиция выполнена практически реалистично. Позу же коня, ученые характеризуют как «динамичную позу», «готовностью к совокуплению» [1, с. 7]. По линии спины лошади древний художник расположил 24 углубления, которые символизируют союз 24 племен (родов) региона. Эти углубления, пройдя по линии спины лошади упираются в «Алтайский крест», расположенный на голове лошади, что говорит о нем как о Высшем Божестве. По мнению Сембиновой Л.А., это изображение одомашненной лошади – Айгыра/Самца/Солнца символа богатства, достатка, единства и процветания всех 24 – х племен региона [5].

В свою очередь, Бедельбаева М.В. считает, что над лошадью изображены «25 лунок различного диаметра (от 4 до 7 см) и глубины (от 0,5 до 1,5 см). Над головой (между первой и второй лунками) вписан крест. Аналогичный крест расположен над изображением в 1,5 м выше по плите [1, с. 7]. При этом, вокруг главной лошади – центра композиции расположились мелкие изображения жеребят и кобылиц, «горного козла и неопределенных животных, ориентированных в разные стороны и расположенных хаотично, бессистемно» [1, с. 7]. Но, мнения специалистов сходятся в одном: данная композиция символизирует собой «модель Вселенной с центром - солнцем, воплощенном в коне и олицетворяющем одновременно его оплодотворяющую силу [8, с.31].

Подытоживая первую часть обзора нашей экспедиции, мы представляем определенные выводы, которые способны пролить свет на проблематику *Коня* как единицы культурного кода Жезказганско-Улытауского региона. В этом отношении значение урочища Теректы-Аулие неопределимо. Так, вся сакрализованная территория Теректы-Аулие, некогда служившая обрядовой жизни индоевропейских племен - коне-, солнцепоклонников, диахронически отражаясь в тенгрианском мировоззрении тюркских кочевников, где *Конь* продолжая статус *Царя* становится зооморфным образом Бога-Тенгри, а впоследствии пройдя осмысление ислама культ коня возродился с новой силой, привнося свежую суфийскую эстетику и поныне предстает перед нами в качестве своеобразного Центра духовного очищения, дарующего человеку исцеление от многих болезней, исполнения желаний и долголетия, практикуемого в народной среде до сих пор. И здесь, *Конь* предстает в ипостаси Великого врачевателя, целителя душ.

Мы смело можем сказать, что Теректы-Аулие, рассматриваемое через концепт «Лошадь/Конь» говорит об ее особом статусе Божества, Демидурга и Покровителя этих краев с давних времен, выступающего в качестве одной из главных жизнеобеспечивающих единиц Жезказганско-Улытауского региона до настоящих дней.

1. Бедельбаева М.В. Научно-исследовательские и консервационные работы на святилище Теректы-Аулие в Улытауском районе// Вестник Карагандинского университета. Серия «История. Философия. Право». - 2010. – № 2 [58]. - С. 5-11.
2. Турсинбаева К.С., Артемьев А.М., Абдреева Ш.Т. Петроглифы Теректы-Аулие Центрального Казахстана//Вестник КазНУ. Серия экологическая. -№ 2/1 (38). – 2013. – С. 170 – 172.
3. Чумакова З. Святой источник с тополями, или Теректы-Аулие//Жезказганская правда, 2003 – 15 августа, С. 3.
4. Самашев З. Петроглифы Казахстана. - Алматы: Өнер, 2006. - 200 с.
5. Сембинова Л.А. Из интервью в Урочище Теректы-Аулие, 1 мая 2016 года.
6. Валиханов Ч. О киргиз-кайсацких могилах и древностях вообще // Собрание сочинений: В 5 т. - Т. I -Алма-Ата: Гл. ред. Каз. сов. энцикл., 1984. - 431 с.
7. Акишев А.К. Искусство и мифология саков. – Алма-Ата, Наука, 1984. – 176 с.

8. Ишангали С. Изображение коня в петроглифах Теректи Аулие (Центральный Казахстан) // Историко-культурное наследие Северной Азии: Сб. науч. тр. - Барнаул: Изд-во АГУ, 2001. - С. 29-32.

Түйіндеме

Шайгозова Ж. – п.э.к., ҚРСО мүшесі, Абай атындағы ҚазҰПУ Өнер, мәдениет және спорт институты

Сұлтанова М. – өнертану кандидаты, ҚРСО мүшесі, Абай атындағы ҚазҰПУ Өнер, мәдениет және спорт институты

Орталық қазақстанның ежелгі көшпелілердің аспан ат табынушылығы
(Теректі- аулие петроглиф далалық зерттеу материалдары арқылы)

Бұл мақалада материалдық емес мәдени мұраны қорғау жөніндегі Ұлттық комитетінің ҚР ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі Ұлттық комиссияның мүшелері және сарапшылардың және «Мерген» студиясының түсіру тобы Қарағанды облысы Ұлытау-Жезқазған өңіріндегі экспедиция өткен 2016 28.04-04.05 материалдар жарияланған. Фактісін растайтын басқа эндогендік сипаттағы дәстүрлі мерекелер ретінде есептейді өңір және оларға байланысты фото - және бейнетүсірілім аулие Теректі ауылы - қола дәуіріндегі ежелгі суреттер жартас жүргізілген болса, біздің заманымыздың дейін өз діни қасиетті орны мен рөлін ат жылқы ғибадатхананы мәденимен байланысты шығатын.

Кілтті сөздер: қола дәуірі және түркі кезеңдері, аттың аулие Теректі ауылы сакский ғұрыпы

Summary

Shaygozova Zh.N. - k.p.n., member UAPK Institute of Arts, Culture and Sports KazNPU name of Abai
Sultanova M. - is the candidate of art criticism, the member of AURK, Institute of arts, culture and sport of KAZNPU named of Abai

Cult of the heavenly horse at ancient nomads of the central kazakhstan
(on materials of field researches of petroglyphs
natural boundaries Terekty-Auliye)

In article are presented field materials of expedition of members and experts of National committee on protection of non-material cultural heritage of Kazakhstan at the National commission of RK for UNESCO and ISESKO and a film crew of the Mergen studio which has passed since 28.04 - 04.05 2016 in the Zhezkazgan-Ulytau region of the Karaganda region. In quality, the confirming fact of endogenous nature of steppe horse has been made breeding of the region and traditional holidays, related photo and video filming of rock drawings of horses of Terekty-Auliye - the ancient sanctuary, since an era of bronze connected with a cult of a horse and kept the cult role of the holy site till our time.

Keywords: cult of a horse, Terekty-Auliye, bronze era, saksy and Turkic periods

ӘӨЖ 792.072

САХНАЛЫҚ БЕЙНЕ ЖАСАУДЫҢ ШЕБЕРІ

Нұрпейіс Б.К. –өнертану докторы, Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының профессоры
(bakytn_70@mail.ru)

Мақалада Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Рахилам Машурованың М.Әуезов атындағы академиялық драма театрының сахнасында сомдаған рөлдері талдау нысанына алынған. Актриса өзінің шығармашылық еңбек жолында әлемдік және орыс, қазақ классикалық пьесаларынан бөлек тарихи, заманауи драмалық туындыларда да қайталанбайтын бейнелер жасады. Оның рөлдері

көрермендер санасына өзгеше эстетика, өзгеше психологиялық әсер етуімен бедерленді. Кейіпкерлерінің интонациялық бояуы, ойлану-толғану сәттері, сөз сөйлеу мәнерлері өмірдің өзінен алынғандай айшықты болды. Ол әрбір кейіпкердің сезімін тереңнен толғап, оқиғаның өрбуіне сай психологиялық тебіреністерін нанымды бере біледі. Психофизикалық, пластикалық тұрғыда көз ілеспес жылдамдықпен өтетін әрекет үстінде кейіпкердің даралығын таныта алуы Р.Машурованың актерлік шеберлігінің нәтижесі ретінде зерттелді.

Кілт сөздер: театр, шығармашылық, спектакль, сценография, режиссер, актер.

Өнер өлкесінде бірегей туған қайталанбас ірі тұлғалар болады. Қазақ театр өнерінің биік белестерге көтерілуіне орасан зор еңбек сіңірген дарынды да, майталман шеберлердің бірі Машурова Рахиям Әбдрахманқызы сондай өзгеше жаратылған жан. Биік мақсаттарға қол созған арманшыл бойжеткен Алматы қаласындағы Мемлекеттік Құрманғазы атындағы консерваторияның театр факультетінің актерлік бөліміне қабылданып, аталған оқу орнын үздік бағамен тәмамдайды. Студент кезінен сабаққа деген алғырлығымен, зеректігімен көзге түскен Рахилам Әбрахманқызы мектепті орыс тілінде бітіргеніне қарамастан қазақ тілін өз бетінше оқып еркін игеріп алады. Бұл туралы курстасы, белгілі театр сыншысы Әшірбек Төребайұлы былайша еске алған болатын: «Ұйғырдың осы бір пысық та ұшқыр қызы бертін келе талайымыздың тәубемізді есімізге түсірді. Әйтсе де, биге де, тілге де, ең бастысы, мамандық болып есептелетін актер шеберлігі пәніне де қырғидай тиді. Нағыз «қасқырдың» өзі болып шықты. Тынымсыз, дегбірсіз. Таңның атысы, күннің батысы консерватория кластарынан шықпайды. Қазақ тілінің оқулықтары қолынан түспегеніне түгеліміз куәміз. Алуан түрлі сөздердің түп-төркінін, ауызекі айтылу үлгісін (орпозия) немесе жазылу жобасын (орфография) сұрастырып, дүйім студенттерді ығыр қылғаны көз алдымызда. Қысылып, қымтырылғанын көрген емеспіз. Ойына түсіп кетсе, көшеде келе жатқан кез келген қазақтан сөз мәнісін сұрап жату Рахиламға дағды болды. Соның арқасында ғана орыс тілді, ұйғыр қызы Рахиям Машурова қазақ сахнасының айтулы шеберлерінің біріне айналды» [1]. Міне, осындай талмай ізденудің арқасында қабілет-қарымын көрсеткен жас ару 1968 жылы М.Әуезов атындағы академиялық драма театрына актерлік қызметке қабылданды. Содан бергі шығармашылық ғұмыры осы қара шаңырақпен тығыз байланысып жатыр. Осы қасиетті сахна төрінен таңғы шықтай мөлдіреген таза, жүрегі сырға, көкірегі жырға толы лирикалық, романтикалық кейіпкерлерді ғана емес ішкі жан дүниелері қарама-қайшылыққа толы сан-алуан бейнелердің галереясын жасады. «Нағыз актер үшін рольдің үлкен-кішісі жоқ», – деп К.С.Станиславский айтқандай Р.Машурова кез-келген рольге аса үлкен ықыласпен кірісіп, қиял көкжиегінің кеңдігін, тасқындаған шабытының молдығын әрдайым танытып отырды. Тіпті, «Ана – Жер – анадағы» Жанболат, «Ана жүрегіндегі» Марат секілді ер балалардың бейнесін де сомдады. Өз мамандығын ерекше құрметтейтін актрисаның басты кредосы қандай роль берілсе де, кейіпкер жан дүниесін ашу болды.

Тәжірибе жинақтау, шеберлік ұштау, ел алдында өзінді еркін ұстап, сахналас серіктестермен ұғынысу аса маңызды. Р.Машурова қазақ сахна өнерінің шашасына шаң жұқтырмайтын небір дүлдүл өнерпаздары С.Қожамқұлов, С.Майқанова, Б.Римова, Н.Жантөрин т.б. сахналас бола жүріп, өзінің шабыт шалымын, өнер адамына тән өрелі өнерін көрсете алды. Әсіресе, ұлттық бояуы мол, ішкі толғанысы толассыз ағыл-тегіл дарын иесі Сәбира апаның рөлмен жұмыс жасаудағы ізденістері қайран қалдыратын. Сахнадан сан тағдырлы, алуан мінезді әйел-аналардың қайталанбас бейнесін бедерлеген С.Майқановамен бірге бірнеше спектакльдерде қатар ойнауы жас актрисаның шыңдалуына зор әсерін тигізді. Шетінен жүйірік, ешкімге көлеңкесін түсірмей, тек қана шуақ шашатын, текті тарландармен сахналас болу бақытына ие болған Р.Машурова тамсана жүріп өзі де түледі. Адамды шыңдайтын, ұшыратын – ортасы. Расында да, ұлағат пен ұлылықтың қасиетті мекеніне айналған бұл театрда тау тұлғалы жұлдыздармен еңбек еткен Рахила Әбрахманқызы алға өрлей берді.

Сахна төрінде жасындай жарқыраған Р.Машурова сонау тұсаукесер алғашқы ролі Ә.Тәжібаевтың «Майрасында» (реж. Б.Омаров) Айбарша ролімен көрермендер назарын ерекше аударғанын театр сыншысы Қ.Қуандықов былайша жазған: «Ал, Айбарша – Рахилам Машурованы көру де бір ғанибет. Ол лапылдап жанып тұрған өрт. Сахнадағы серіктестерінің көңіл күйін қас пен қабағынан аңғарады. Сүйген, сенген адамына құлай берілу, қасына қасша қарау – Айбарша – Машуроваға тән мінез. Осымен бірге, Рахилам ойынында балалық аңғалдық, сүйкімділік ерекше

көзге түседі» [2]. Бұл мақаладан жас актрисаның серіктестерімен жарасымды қарым-қатынас түзіп, кейіпкер болмыс бітімі мен жаратылысын ашатындай әрекеттер жасағанын байқауға болады. Табиғатынан аса дарынды, іштей сезімтал актриса осы Айбарша ролінен бастап күні бүгінге дейін 70-тен астам бейне жасапты. Қай заманның адамын ойнаса да, салт-сана ерекшелігіне орай адамдық, азаматтық, тіпті пендешілік өзгешелік, ешкімге ұқсамас қызық қылық, әдет, психологиялық иірім, философиялық толғам тауып, бір-біріне ұқсастырмай кесек те, кескінді кейіпкерлер етіп мүсіндеді. Мәселен, ұлттық классика мен заманауи драматургиядан: М.Әуезовтің «Айман-Шолпанында» Шолпан, «Қара қыпшақ Қобыландысында» Күнікей (реж. Ә.Мәмбетов), Ш.Айтматовтың «Ана-Жер-анасында» Әлиман (реж. Ә.Мәмбетов, ауд. Қ.Мұхамеджанов), Иран-Ғайыптың «Шыңғысханында» Есүй, А.Тасымбеков, Қ.Ысқақтың «Кебенек киген аруларында» Хеличем (реж. Б.Атабаев), А.Сүлейменовтің «Кегінде» Шұға (реж. Ә.Рахимов), Б.Мұқайдың «Өмірзаясында» Ирма (реж. Қ.Сүгірбеков), Ә.Әмзеевтің «Қаракемпірінде» Қали (реж. Е.Обаев), С.Балғабаевтың «Сағыныш пен елесінде» Анар, Т.Мәмесейіттің «Бәкей қызында» Жамал (реж. Ә.Рахимов), Т.Жүженоғлының «Көшкінінде» (реж. А.Кәкішева) Кемпір, М.Әуезовтің «Абайында» (реж. Е.Обаев) Зейнеп ақын т.б. бейнелерді жасау тұсында Р.Машурова адам мінезін, көңіл-күйін жіті барлап, өзгеше күйге енді, бар бейнелеу құралдарын сарқа пайдаланды. Оның ойындары көрермендер санасына өзгеше эстетика, өзгеше психологиялық әсер етуімен бедерленді. Кейіпкерлерінің интонациялық бояуы, ойлану-толғану сәттері, сөз сөйлеу мәнерлері өмірдің өзінен алынғандай айшықты болды.

М.Әуезов атындағы академиялық драма театрында көптеген режиссерлер Ә.Мәмбетов, Б.Омаров, А.Пашков, В.Мажурин, Р.Сейтметов, Қ.Жетпісбаев, Ж.Омаров, Мен Дон Ук, Е.Обаев, Ә.Рахимов, Б.Атабаев, Қ.Сүгірбеков, А.Кәкішева т.б. жұмыс жасады. Солардың әрқайсысы да актриса шеберлігінің шындалуына, суреткерлік қырының ұшталуына өшпестей із қалдырды. Алымды актриса өзіндік қолтаңбалары сан-алуан болып келетін режиссерлердің барлығымен де ортақ тіл табыса білді. Олар қандай рольді ұсынса да тез игеріп, шабыттана өнер толғады. Кейіпкер жанының «кілтін» табу жолындағы қиындықтардың бәрін жеңіп, биік асуларды бағындырды.

Р.Машурованың актерлік өмірбаянынан әлемдік драматургиядан ойнаған рольдері айрықша орын алады. Солардың бірқатарын атап өтетін болсақ Шекспирдің «Юлий Цезарінде» (реж. Қ.Жетпісбаев) Порция, М.Булгаковтың «Жендеттерінде» («Мольер», ауд. А.Сүлейменов, реж. В.Мажурин,) Арманда Бежар, А.Чеховтың «Сүйікті менің ағатайымында» («Ваня ағай», ауд. Ә.Кекілбаев, реж. Ә.Мәмбетов) Соня, Е.Замятиннің «Еділ патшасында» («Аттила», ауд. Ә.Бөпежанова, реж. Ю.Коненкин,) Еділдің бәйбішесі Кіреуке, Гогольдің «Парасында» («Ревизор», реж. Е.Обаев, ауд. М.Әуезов) Анна Андреевна т.б.

М.Булгаковтың әлем театрларының сахнасына көп қойылған пьесаларының бірі – «Мольер». Бұл пьеса қазақ театрына В.Мажуриннің режиссурасымен «Жендеттер» деген атпен жарық көрді. Спектакльдің тартымды шығуына басты рольде ойнаған Мольер – Н.Жантөрин, Людовиг XIV – Т.Жаманқұлов, Шараон – Р.Сейтметов, Муарро – Т.Аралбаев, Мадлен – Г.Әспетова, Арманда – Р.Машурова мол үлес қосты. Театр сыншысы, профессор Л.Богатенкова спектакль премьерасынан кейін жазған мақаласында: «Сахнадағы Муарро мен жас актриса Р.Машурова ойнаған Арманданы қалай бағаласақ та артық емес. Осы көріністе бар өнерін салып, сахналық «тәуекелге» бел байлаған Р.Машурованың шынайы да нақышты, әуенді де ырғақты ойыны оның аса сирек кезігетін актрисалық дара қабілетін танытып, Арманда Бежарды ойнаған Мольер труппасындағы актерлердің алдыңғы санына қосты деуге болады» [3, 240 б.]. Иә, Арманда әлемінің астарлы, қалың қыртысты жан дүниесіне бойлай білген актриса еңбегі ұлттық сахна өнеріміздің табысына айналды.

А.П.Чеховтың психологиялық терең иірімге толы пьесаларын қоюға кез-келген театрдың батылы бара бермейді. Себебі пьеса кейіпкерлерін сомдайтын актерлік құрам мықты болуы керек. 1982 жылы М.Әуезов атындағы академиялық драма театрының сахнасына Ә.Мәмбетовтың режиссурасымен қойылған «Сүйікті менің ағатайым» спектаклінің жоғары бағаға ие болғаны қазақ театрының тарихынан белгілі. Театрдың Москвадағы гастролі кезінде аталмыш қойылым көрермендер күткен биіктен шығып, зор ризашылықпен қабылданғанын Одақтық баспасөз беттері жарыса жазды. Әсіресе, Войницкий ролінде ойнаған майталман актер Әнуар Молдабековтың актерлік шеберлігі аңызға айналып жүре берді. Ф.Шәріпова – Елена Андреевна, Ы.Ноғайбаев – Астров, С.Оразбаев – Серебряков, Соня – Р.Машурова т.б. дарабоз саңлақтардың ойындары да өзіндік ерекшеліктерімен ел есінде қалды.

Бұл спектакль туралы Л.Богатенкова кеңінен жазды. Ол Ә.Мәмбетов режиссурасымен рольде ойнаған актерлердің барлығының жұмысын кәсіби деңгейде талдап берді. Соня ролін ойнаған Р.Машурованың кейіпкердің жан тазалығы мен адалдығын, мұңы мен қуанышын нанымды бедерлегенін кеңінен сипаттаған. Театртанушы өзінің пікірін былайша білдірген: «Спектакль «Дядя Ваня» убедительно доказал, что в казахском театре «есть режиссер и актеры, которые чувствуют Чехова тонко и сложно». Лучшим подтверждением этой линии становится в спектакле решение образа Сони актрисами С.Даулетчиной и Р.Машуровой и особенно их умение передать духовное богатство героини и ее глубокую, всепоглощающую любовь к Астрову.

...Что бы ни делала героиня – отправляла няню к мужикам, успокаивала ли спорящих бабушку и дядю Ваню – в каждом своем движении и порыве она ни на минуту не забывает о присутствии Астрова. Она всей душой понимает, как измотан этот человек непосильной работой, ей физический больно видеть Астрова в подпитии. Но она знет, вернее чувствует, что в этом виновата сама жизнь, в которой все еще свирепствует сыпной тиф и холера, виновата безжалостная судьба отрезавшая талантливого человека от малейшей веры в осмысленность происходящего. Героиня Р.Машуровой одинока и несчастна. Но как много в ней деятельного и неиссякаемого добра к людям» [4, С.59]. Шынында да, Р.Машурованың Сонясы өте мейірімді, қақ-соқпен ісі жоқ, жүріс-тұрысы сыпайы, туған-туыстарын өте жақсы көреді. Спектакль финалындағы Соня монологын актриса жүрек толқытардай әсерлі жеткізді. Әділетсіздіктен жаны күйген момақан қыздың аузынан шыққан әрбір сөз сабырлы да, салмақты болғаны сондай, бүкіл жердің бетін жайлаған қатыгездікке үкім шығарып тұрғандай сезімге бөледі.

Талантты актрисаның музыкалық, әншілік қыры Ф.Эрвенің «Түлкі бикешіндегі» (ауд. С.Шаймерденов, реж. Ә.Мәмбетов) Дениза, Д.Файзидің «Башмағымындағы» (реж.А.Пашков) Сәруар, Қ.Аманжоловтың «Досымның үйленуіндегі» Мәмпәси (реж. Ж.Омаров), Қ.Мұхамеджановтың «Бөлтірік бөрік астында» комедиясындағы (реж.Ә.Мәмбетов) Марфуға т.б. рольдерінде айрықша көрінді.

Ал, 1983 жылы Қазақтың Абай атындағы академиялық опера және балет театрына А.Онеггердің «Жанна д'Арк» операсындағы Жанна д'Арк роліне шақырылып, азаттық пен отаншылдық идеясымен рухтанған батыр қыздың бейнесін сәтті шығарды. Р.Машурованың аталған рольде жарқырай көрінгенін Ә.Сығай жоғарыдағы мақаласында былайша сипаттаған: «Операның аты шулы майталмандарымен иық тірестіре жүріп, қаншама хор, би көріністері мол көлемді музыкалық туындының туын жықпай, жұрт алдына алып шыққан жас драма артисінің табиғи талантына сонда-ақ бас игенміз. Украиналық режиссер Владимир Бегма жас артист Машурованың сахналық ішкі даярлығын жоғары бағалап, жергілікті басылым беттерінде оған сүйіспеншілік танытқаны көпке белгілі». Расында да, драма театры актерлерінің опера әншілерімен қатар тұрып роль сомдауы сирек құбылыс. Р.Машурова Жанна д'Аркты өз деңгейінде кейіптеуге барын салды. Оның ойыны сан бояулы нақышқа толы болды. Әсіресе жүрек жұтқан батыр қыздың сезімін тереңнен толғап, оқиғаның өрбуіне сай психологиялық тебіреністерін нанымды берді. Музыкалық, пластикалық тұрғыда көз ілеспес жылдамдықпен өтетін әрекет үстінде кейіпкердің өмірге деген шексіз құштарлығын, ең бастысы рухының кемелдігін таныта алуы Р.Машурованың актерлік шеберлігінің нәтижесі еді.

Иә, Р.Машурованың кез келген ролі – бір асу, әрбір кейіпкер жолы – бір өткел. Сондай рольдерінің бірі Ә.Әмзеевтің «Қаракемпіріндегі» – Қали. Соғыстан оралмаған балаларын зарыға күтіп, бүкіл қайғысы ішіне түсіп кеткен бейбақ ананың жан азабын орындаушы бет әлпетіндегі құбылмалы өзгерістермен бере білді. Дөң басына күнде шығып сағымды далаға көз тіккен қарт ананың балаларынан күдерін үзбей, өз-өзіне дем беруі, оның рухының мықтылығын танытады. Қайғы мен кәріліктен мүжілген шүйкедей қара кемпірдің бойындағы тылсым күштің қуаты таңдай қақтырады. Өз-өзімен күбірлеп сөйлесіп, біресе жылап, біресе күліп жанын қоярға жер таппаған Қали–Р.Машурова қайғысына барша көрермендер ортақтасып отырады. Актриса әрбір қимыл-қозғалысын ойға құрып бар ғұмыры күтумен өткен адамның трагедиясын көрсете алды.

Дарқан дарын иесі Р.Машурова бірнеше кинофильмдерге де түсіп, есте қалатындай бейнелер жасады. «Қасқырдың қасіретінде» (Ш.Айтматовтың «Жанпида» романы бойынша, «Қырғызфильм», реж. Садырбаев) Гүлімхан, «Назугумда» («Өзбектелефильм», реж.А.Қасымов) Айымхан, «Қазақы оқиғадағы» (реж. Д. Манабай, «Қазақфильм») Маржан т.б.

Біртуар өнерпаз Р.Машурова 1975 жылдан бері Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясында дәріс беріп, сан буын шәкірттер тәрбиелеп шығарды. Оның жетекшілігімен бітірген түлектер Қазақстанның түкпір – түкпірінде өнімді еңбек етіп келеді. Атап айтатын болсақ Роза Рымбаева, Майра Илиясова, Әсел Мәмбетова, Гүлбаушан Тілеубекова, Ерлан Шәкеев сынды т.б. өнерпаздар республикамызға ғана емес, алыс-жақын шетелдерге де жақсы мәлім.

Білікті ұстаз өзінің бітіруші студенттерімен бірнеше дипломдық спектакльдерді А.Чеховтің «Ұсыныс», Д.Файзидің «Башмағым», М.Әуезовтің «Еңлік-Кебек», Е.Брусиловский мен Ғ.Мүсіреповтің «Қыз Жібек», Ф.Эрвенің «Түлкі бикеш», М.Төлебаевтың «Біржан-Сара», Моцарт, Бомаршенің «Фигароның үйленуі», С.Алексиевичтің «Мамандығы: Отанды қорғаушылар», «Тағдыр» (Шәкәрім мен М.Әуезов туындылары желісімен) т.б. қойылымдарды сәтті сахналады. Бұл шығармалардың қай-қайсысы болмасын студенттердің эстетикалық талғамын қалыптастыруға үлкен септігін тигізді. Дарынды жастардың қарым-қабілетін аша білді. Ұлағатты ұстаз шәкірттеріне сахнада шынайы өмір сүруді, оларды өз бетінше ой қорытып іздене алуға үйретті.

Рахилам Әбдірахманқызы «Театр өнері» факультетінің «Актер шеберлігі және режиссура» кафедрасын ұзақ жылдардан бері басқарып келеді. Студенттердің сапалы білім алуына кафедра меңгеруші ретінде мол үлес қосты. Оның «Шығармашылық психотехниканы жаттықтыру», «Вокальдық-сахналық бейне жасаудағы актерлік ізденістер», «Сахналық этюдтер мен үзінді ойнаудағы идеялық-эстетикалық тәрбиенің маңызы» атты т.б. оқу-әдістемелік құралдарының студенттерді актер шеберлігі мен режиссураға оқытуда пайдасы зор.

Сахна суреткері Р.Машурованың театр сахнасында сомдаған рольдері белгілі театр сыншылары Қ.Қуандықовтың, Б.Құндақбайұлының, Ә.Сығайдың, А.Қадыровтың, Л.Богатенкованың және басқа да жазушылар мен журналистердің, өнертанушылардың назарынан тыс қалған жоқ.

Р.Машурованың еліне сіңірген еңбегі Мемлекет тарапынан жоғары бағаланды. Ол Қазақстанның еңбек сіңірген артисі (1991), доцент (1997), ҚР білім беру ісінің үздігі (1998), профессор (2005), ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері (2009), «Құрмет» (2005) және «Парасат» (2015) ордендерінің иегері.

Өресі биік өнер иесі, кісілік пен кішілікті, парасат пен мейірімді қатар сыйдырған Рахилам Әбдірахманқызының сахналық, экрандық бейнелері болашақта арнайы зерттеуді қажет етеді.

1. Сығай Ә.Т. «Ақ қанат арман жетелеп», //Қазақ әдебиеті, –1996 ж. 05.03.
2. Қ.Қуандықов. «Майра», //Социалистік Қазақстан, –1968 ж. 16.12.
3. Богатенкова Л.И. «Жендеттер». Бел-белестер (құрастырған Б.Құндақбайұлы), –Алматы, «Өнер», 1987 ж., – 586 б.
4. Богатенкова Л.И. «В поисках не вымышленного времени», – Алматы, Ғылым, 1996. –176 с.

Аннотация

Нурпеис Б.К. – доктор искусствоведения, профессор Казахской национальной академии искусств имени Т.Жүргенова.

Мастер сценического образа

Предметом исследования данной статьи являются роли, исполненные Заслуженной артисткой Казахстана Рахилам Машуровой на сцене Казахского академического драматического театра имени М.Ауэзова. Актриса воплотила неповторимые образы не только в спектаклях, поставленных по пьесам зарубежных, русских и казахских классиков, но и в постановках на современную и историческую тему. Ее роли отличаются особой эстетикой, особым психологическим влиянием на сознание зрителей. Интонационные краски, моменты раздумий, манера вести беседу у ее героинь органичны настолько, словно взяты из самой жизни. Актриса глубоко ощущает чувства каждой героини, согласно развитию сюжета правдиво передает психологические переживания. Р. Машурова благодаря своему актерскому мастерству способна в мимолетное действие представить уникальность героини с точки зрения психофизиологии, пластики.

Ключевые слова: театр, творчество, спектакль, сценография, режиссер, актер.

Summary

Nurpeis B.K. – PhD in Art History, professor of the Kazakh National Arts Academy named after T.Zhurgenov

Master of scenic image

The subject of the research in this article are the roles performed Honored Artist of Kazakhstan Mashurova Rakhilyam on the stage of the Kazakh Academic Drama Theatre named after M. Auezov. The actress embodies unique images not only in performances, staged the play by foreign, Russian and Kazakh classics, but also in performances on modern and historical theme. Her roles are particularly aesthetics, special psychological influence on the minds of viewers. Intonation paint, moments of reflection, the way to conduct a conversation at her heroines are so organically, as if taken from life itself. The actress feels a deep sense of each character, according to the development of the plot she truly displays the psychological experiences. R. Mashurova according to her acting abilities in a fleeting effect present unique character in terms of psychophysiology, plastics.

Key words: theater, art, classic, performance, set design, director, actor.

ӘӨЖ 792.072

ТЕАТР КЕЛБЕТІ: ӨТКЕНІ МЕН БҮГІНГІ ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Нұрпейіс Б.К. – өнертану докторы, Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының профессоры

Ескендіров Н.Р. – PhD докторы, Қазақ Ұлттық өнер университетінің доценті.

Құмарғалиева Н.Р. – өнер магистрі, Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының оқытушысы

Мақалада F.Мүсірепов атындағы академиялық балалар мен жастар театрының қалыптасуы мен даму жолдары қарастырылған. Өзге театрлармен салыстырып қарағанда аталмыш театрдың шығармашылық құрамында болсын, алдына қойған жоспарында болсын көптеген айырмашылықтар бар. Ең бастысы театрдың өзіндік ерекшелігіне қарай көрермендердің жас мөлшерінің әркелкі болуымен байланысып жатыр. Соған байланысты театрдың репертуар саясаты, актерлік құрамы және режиссурасындағы ізденістер арнайы зерттелді. Театрдың өркендеуіне зор үлес қосқан Н.И.Сац, А.Тоқпанов, М.Қосыбаев, С.Шәріпов, М.Байсеркенов, Ж.Хаджиев, Н.Жақыпбай т.б. режиссерлер театрдың балалар өміріндегі маңыздылығын терең сезініп, уақыттың биік талабына жауап беретін мазмұнды спектакльдер жасауға ұмтылыс танытты. Жетпіс жыл аралығында театр шығармашылық жетістіктер мен сәтсіздіктерді бастан кешіре отырып, республикамыздағы іргелі өнер ордаларының біріне айналғаны талданды.

Кілт сөздер: театр, шығармашылық, спектакль, сценография, режиссер, актерлік ансамбль, ұлттық драматургия, актерлік ойын, режиссерлік өнер, сахналық әрекет.

XX ғасыр сахна өнерінің болашақ дамуына, режиссер мен актер шығармашылығына, театрдың эстетикасына, сахналық талдау теориясы мен көркемдік критерийіне ірі төңкерістер жасаған дәуір болып тарихта қалды. Осы ғасыр басында кеңес өкіметінде балалар театрының дүниеге келуі уақыт тудырған тамаша табыстардың бірі болды. Театр өнеріндегі мұндай феноменді дүниежүзіндегі басқа театрлар бірнеше ондаған жылдарға дейін білген емес.

Кеңес мемлекетінің алғашқы жылдары саяси, әлеуметтік және экономикалық қиындықтарға толы болғанына қарамастан балалардың өмірі мен болашақ тағдырына қамқорлық жасауды өкімет өзінің негізгі міндеттерінің бірі ретінде қолға алды. Сол аласапыран ауыр шақтарда балаларды аштық пен суықтан аман сақтап қалу мәселесінен басқа оларға білім беру мен өнерге баулу қатар жүргізілді. Әрине, мұның терең астарында ел-жұртты бір идеологияға бағындырып, өздеріне табындырып ұстау саясатын балалардың кішкентай кезінен бастағандарын ұғыну қиын емес. Дегенмен де, қызыл империя иелері социалистік әдебиет пен мәдениеттің, руханият пен өнердің өрістеуіне жағдай жасады. Сондай әріден ойластырылған кешенді идеология негіздері, сонау балабақша, мектеп жасындағы бүлдіршіндерге театр ашып беруді алдыңғы кезекке қойды.

Кеңестік кеңістікте 1918 жылдан бастап құрыла бастаған балалар мен жасөспірімдер театрының саны жыл өткен сайын артып, жеткіншектерді ізгі адамгершілік қасиеттерге, өнегелі істерге, жақсы мінез құлыққа тәрбиелеу ісінде белсенділік танытып, жаңа толқын жас ұрпақтың эстетикалық талғамы мен рухани сұранысын қанағаттандырудың үздік үлгісін де көрсетіп берді.

Бұрын ешбір елдің топырағында болып көрмеген бұл театрдың тууына белгілі өнер қайраткерлері Н.И.Сац, А.А.Брянцев, С.Я.Маршак, М.Ф.Макарьев, Ю.М.Бонди сияқты көрнекті тұлғалар елеулі түрде еңбек сіңірді. Олар өз істерінің өркен жайып өрбитініне сенімдері мол болды.

Орта Азия бойынша балалар театры Өзбекстанда 1928 жылы дүниеге келді. Кейінгі 1938–1940 жылдардың арасында Ашхабад, Бішкек, Самарқан, Бұқар, Қокан, Әндіжан, Наманған қалаларында да балалар мен жасөспірімдер театры құрылды. Алайда, бұлардың бәрі бірдей аяғынан тік тұрып өз беттерінше дами алмағандықтан кейбіреулері драма, музыка театрларына қосылып кетті. Осылардың ішінде Ресейдегі балалар театрларынан басқа Армения, Әзербайжан, Грузия, Латвия, Өзбекстан, Қазақстан жасөспірімдер мен балалар театрлары барлық қиындықтарға төтеп беріп іргелі театрлардың қатарына қосылды.

Қазақстанда балаларға арнап театр ашу мәселесі ХХ ғасырдың отызыншы жылдардан бастап қозғала келіп, 1940–шы жылдың алғашқы жартысында іске асты. 1930–шы жылдары оны ұйымдастыра қалатындай жағдай біздің елімізде болған жоқ. Оның басты себептерінің бірі дәл сол жылдары Қазақстанда драмалық театрлар бірінен соң бірі шаңырақ көтеріп жатты. «Қазақ театр тарихында»: «1937 жылы Қазақстанда 24 театр жұмыс істеді. Ал, 1940 жылы республикадағы жалпы театр саны 34–ке жетті. Оның ішінде 20–дан астамы қазақ театрлары еді» [1,146 б.], – деп көрсетілген. Сол жылдары осыншама театрларды мамандармен қамтамасыз етудің өзі үлкен мәселеге айналғаны жасырын емес. 1933 жылдан бастап Москва театры комбинатына (қазіргі Луначарский атындағы мемлекеттік театр өнері институты (ГИТИС) және Ленинградтағы (Санкт–Петербург) сахна өнері техникумының жанынан ашылған қазақтың актерлік студияларына талапкерлердің алғашқы легі жіберіле бастады. Сонымен қоса республика өкіметінің шараларына сәйкес әр театрдың жанынан актерлік студиялар ашылып, сахна өнерінің теориялық және тәжірибелік мәселелеріне қатысты Ресейден шақырылған мамандар дәрістер өткізді. Осындай қауырт кезеңде балаларға арналған қуыршақ театрлары да (1935 жылы орыс, 1938 жылы қазақ труппалары) дүниеге келді. Ал, балалар мен жасөспірімдер театрын ашу үшін де мамандар қажет екені түсінікті. Сонымен қоса балалар репертуарын түзетін драмалық шығармалар да жоқ еді.

Қазақ театр өнері енді ғана кең өріс алып, құлашын сермей берген тұста Ұлы Отан соғысы басталып, көптеген игі бастамалар кідіріп қалды. Соның ішінде оқтын-оқтын көтеріліп жүрген балалар мен жасөспірімдер театрын ашу мәселесі де кейінге қалдырылды.

Отан соғысының отты жылдары Қазақстанға эвакуациямен РСФСР–дің, Украинаның, Белоруссияның шығармашылық ұжымдары келіп, жұмыстарын жалғастыра берді. Алматыға Москва мен Ленинград киностудиялары да қоныс аударды. Қазақстандықтардың кеңес мәдениетінің ірі қайраткерлерімен қоян–қолтық, шығармашылық ынтымақта еңбек еткені «Қазақ театр тарихының» екінші томында кеңінен жазылған.

Соғыстың сұрапыл жылдары эвакуациядан басқа, сталиндік репрессиямен Қазақстанға жер аударылып келген өнер майталмандары да шығармашылық жұмыстарымен көзге түсті. Солардың бірі балалар театрының майталманы – Наталья Ильинична Сац болатын. Ол 1937 жылы сталиндік репрессияның қармағына ілігіп, ауыр азап пен қуғын құрығынан зорға құтылып, 1942 жылдың 21 тамызында бостандыққа шығып Алматыдағы опера және балет театрына режиссер болып келуі үлкен мәдени оқиғаға айналды. Әсіресе, 1944 жылдың 14 мамырында опера театрында Н.И.Сацтың режиссурасымен қойылған Дж.Пуччинидің «Чио-Чио-Сан» операсы аса үлкен жетістікке ие болды. Өз спектаклін көріп отырып, қазақтың майталман актерлерінің шеберлігіне елжірей сүйсініп, ерекше тебіренген Н.И.Сац: «Хотелось обнять всех артистов на сцене и в оркестре, в первую очередь Куляш Байсеитову за ее талант, за ее бережное несение в себе мною найденного, не расплеснутого–приумноженного. Какое счастье, что это была первая европейская опера в репертуаре казахского театра, что актеры не обросли еще оперными штампами, не требовали успеха лично себе – они верили всему, что пели и делали на сцене, как дети, которые сами получают радость от игры» [2, С.415]. Спектакльдің сәтті қойылғаны сондай, Н.Сацтың есімі бір күннің ішінде-ақ асқақтап даңқы алыста қалған Москваға жетіп үлгірді. Ол сол табысымен жер аударылу мерзімі біткенше жүре берсе де болушы еді, алайда соғыстың аласапыран жылдарында жас бүлдіршіндердің жарымжан көңілін аулап, олардың еңсесін көтеру туралы ойы оған маза бермейді. Білікті маманның іскерлігіне сенім артқан Қазақстан Орталық Комитетінің екінші хатшысы қазақ өнерінің үлкен жанашыры Жұмабай Шаяхметұлы Шаяхметов оның бастамасын құптап, сөзге келместен қолдау көрсетеді. Осы кездесуден соң Н.И.Сац арнайы түрде Москваға іс сапармен барып, өнер ісі комитетінің төрағасы М.Б.Храпченкоға жолығып, Қазақстанға балалар мен жасөспірімдер театрының ауадай қажет екендігін дәлелдеп, оны көп кешіктірмей ашуға рұқсат сұрайды. Шығармашылық жетістіктерімен сенімдерін ақтаған Н.Сацтың бұл сапары оң жемісін беріп, әуелі орыс балалар мен жасөспірімдер театрын ашуға келісім алады.

1944 жылдың 6 қыркүйегінде жасөспірімдер мен балалар театрын ашу мәселесіне байланысты Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Республика үкіметі арнайы қаулы қабылдады. Соғыстың ауыртпалығы кеудені жаншып тұрған ауыр шақта, театр ашу қиын болса да, бұл іс қызу қолға алынды. Бұрынғы «Алатау» кинотеатры үйін балалар театрына бейімдеп қайта салу жұмысы қарқынды жүргізілді. Тіпті, Н.И.Сацтың жетекшілігімен өтіп жатқан репетициялар күндіз тоқтатылып (репетициялар кешке өткізілді) актерлердің барлығы да театрдың құрылысына көмектесті. Бұған қаланың комсомол, пионер ұйымдары да бір кісідей ат салысып, сенбіліктер мен жексенбіліктер жиі болды. Көптің күшімен тез арада салынып біткен «Алатау» кинотеатры, енді жасөспірімдер мен балалар театры болып кішкентай көрермендердің құтты мекеніне айналды.

1945 жылдың 7 қарашасында Қазан төңкерісінің 28 жылдық құрметіне орай, балалар мен жасөспірімдер театрының орыс труппасы Е.Шварцтың «Қызыл телпек» пьесасымен ашылды. Қазақ труппасын ұйымдастыру жұмысы қатар жүргізілді. Осы мақсатқа орай бірен – саран қазақ актерлері қызметке шақырылып, орыс тілінде қойылып жатқан спектакльдерге қатыстырыла бастады. Айталық, Аққағаз Мәмбетова мен Тұрсын Жармұхамедова «Қызыл телпек» спектаклінде ойнаған еді.

1946 – 1947 жылдары қазақ труппасы құрылып, 1947 жылдың 2 ақпанында А.Н.Островскийдің «Мысыққа күнде той бола бермес» атты комедиясын көрсетті. Бірақ дәл сол уақытта XIX ғасырдағы орыс өмірін боямасыз суреттеп берген Островскийдің пьесасын терең ұғып, бірден игеріп кетуге театрдың шығармашылық тәжірибесі мен дайындықтары жетіспегендіктен де спектакль ойдағыдай шықпай қалды. Бұл туралы С.Шәріпов былайша еске алады: «Алғаш құрылған кезде артистер құрамы да өте шағын еді, труппада оншақты ғана (А.Мәмбетова, Р.Өтегенова, Л.Ғалымжанова, С.Сқақова, Қ.Көпбаев, Г.Тұрсынбаева, Ж.Мұсатаева, С.Шәріпов) адам болатын» [3,139 б.].

Әрине, бұл актерлердің қатары бірте-бірте Алматының театр училищесі мен кинотеатрлар мектебін бітірген жастармен толықтырылды. Қызылорда облыстық театры жабылып қалғандықтан, оның біраз актерлері 1948 жылы жаңадан ұйымдастырылып жатқан балалар театрына шақырылды. Олардың ішінде Ж.Бектасова, Б.Құланбаева, М.Құланбаев т.б. бар еді. Құрамын жаңа актерлермен толықтырған театр ұжымы көп ұзамай А.Толстойдың «Алтын кілт» (аударған Қ.Тоғұзақов) пьесасын қоюға әзірлене бастайды. Кеңес Одағы көлеміндегі бірнеше балалар театрының дәл осы ертегімен бүлдіршіндер әлемінің сиқырлы есігін ашқанын жақсы білетін Н.Сац репетицияға қызу кіріседі. Ол сахна өнерінің қыр-сырын жетік меңгеріп үлгірмеген жас труппа мүшелерінің актерлік шеберлігін жетілдіру мәселесіне баса көңіл бөлді. Режиссер ән-би, музыка сабақтарын жүргізумен шектелмей, пьеса кейіпкерлерінің ерекшелігі туралы мазмұнды дәрістер оқып отырды.

Сөйтіп, араға бір жарым жылдай уақыт салып ұзақ дайындалғаннан кейін, 1948 жылдың 4 шілдесінде А.Толстойдың «Алтын кілтімен» театр өз шымылдығын ресми түрде ашты. Қазақ балалары өзгеше шаттыққа бөленіп, қойылымды қуана тамашалады.

Театрдың шаңырағын көтерісіп, уығын керіскен актерлер А.Мәмбетова, К.Өмірзақов, Ж.Бектасова, Д.Шәріпов, К.Жаманов, Е.Қонақбаев, С.Шәріпов, С.Ысқақова, Н.Бәйімбетов, Т.Жармұхамедова, Р.Өтегенова, А.Құрашев, Ә.Ысмаилов, Т.Өкіметова (Т.Қосыбаева), С. Омарходжаева, Б.Құланбаева, А.Құланбаев, М.Құланбаев, Г. Тұрсынбаева, Х.Камардинова есімдері театр тарихының бетіне алтын әріппен жазылды.

Өзге театрлармен салыстырып қарағанда аталмыш театрдың шығармашылық құрамында болсын, алдына қойған жоспарында болсын көптеген айырмашылықтар бар. Осы орайда ең әуелі тілге тиек етер нәрсе- театрдың өзіндік ерекшелігіне қарай көрермендердің жас мөлшерінің әркелкі болуымен байланысты. Мұнда тілі енді ғана шыққан балғын бүлдіршіннен бастап, мектеп қабырғасында жүрген әр жастағы оқушылар, студенттер, жұмысшы жастармен қоса театрға ынтызар өзге де көрермендердің келетіндігінде. Театр алғашқы жылдары өз репертуарын негізінен мектеп бағдарламасына сай шығармалардан түзді. Атап айтқанда, Мұсатай Ақынжанов пен Қапан Бадыров бірлесіп жазған «Алтын сақа» пьесасы алғаш рет 1948 жылы Н.Молчанов режиссурасымен сахналық өмірін бастап талай буын жас ұрпақтың жүрегін толқытып, қиялын тербеген балалар пьесасының біріне айналды. Сол тәрізді В.Любимованың «Ақшақар» (аударған А. Хангельдин), М.Иманжановтың «Жас өмір» пьесалары бүгінгі күн адамдарының типтік мінездерін ашуға машықтануда актерлер үшін үлкен сабақ болды. Сол жылдары өткір көтеріліп жүрген тақырыпқа жазылған, саяси маңызы күшті, идеялық және көркемдік сапасы жағынан бағалы боп саналатын құнды спектакльдер ретінде театр репертуарынан кең орын алды.

Өзбек драматургі Б.Рахмановтың «Жүрек сырлары» комедиясының қойылуы да (аударған Қ. Мұхамеджанов, режиссері М.Қосыбаев) елеулі оқиға болды. Бұл театр ұжымы үшін жылдан жылға, сахна мәдениетін біртіндеп игере отырып, психологиялық негізде жазылған драмалық шығармаларды қоюға жасаған барлау қадамының дұрыс екенін танытты.

Мұнан кейін, жастар театры драматург Қ. Сатыбалдиннің «Аягөз ару» атты ертегі пьесасын дайындады. Спектакльдің тартымды болып шығуына ұжымның бұдан бұрын бірнеше ертегі пьесаларды дайындап, олардың өзіне тән өзгешеліктері мен ерекшеліктерін жете түсінудегі тәжірибесі көп көмек көрсетті. Пьесаның шымыр оқиғасы, әрбір кейіпкердің өзіне тән тілі, сөйлеу мәнері шығармашылық ұжымды сүйсіндіріп актерлік қиялға шабыт берді.

Театрдың бұғанасы бекіп, канатының қатая түсуіне режиссер Асқар Тоқпанов пен Мұрат Қосыбаев мол еңбек сіңірді. 1955 – 1959 жылдары ең бірінші рет қазақ труппасына М.Қосыбаев бас режиссер болып тағайындалды. Ол жетекшілік жасаған аралықта театр ұжымы жаңа шығармашылық белестерге көтерілді. Әсіресе, 1958 жылы Мәскеуде өткізілген Бүкілодақтық жастар театрының фестиваліне қатыстырылған Д.Фурмановтың «Бүліншілік» (режиссерлері М.Қосыбаев пен Е.Просолов) спектаклі бірінші дәрежелі дипломды, М.Ақынжановтың «Ыбырай Алтынсарин» атты пьесасы бойынша қойылған спектакль екінші дәрежелі дипломды иеленді.

Сонымен жасөспірімдер мен балалар театры 1948–1960 жылдары өз репертуарына жас бүлдіршіндерге арналған аңыз–ертегілер мен балаларды Отанды сүйуге үндеген, сол тәрізді мектепті жақсы оқып, қоғамдық жұмыстарға белсене араласуға шақырған педагогикалық – тәрбиелік мәні бар үгіт–насихаттық пьесалармен қоса, тарихи-өмірбаяндық тақырыптағы шығармаларды табыспен шығарды. Сонымен бірге әлем драматургиясына батыл барлау жасап, шығармашылық шыңдалу кезеңдерін бастан кешірді. Бұл жылдары театрдың актерлік құрамы үнемі жаңа буын орындаушылармен толықтырылып, кәсіби шыңдалудың күрделі белестерін меңгерді. Осы мерзім ішінде режиссерлер Н.Саң, А.Тоқпанов, М.Қосыбаев, С.Шәріпов, Н.Молчанов театрдың балалар өміріндегі маңыздылығын терең сезініп, уақыттың биік талабына жауап беретін мазмұнды спектакльдер жасауға ұмтылыс танытты. Аталмыш жылдар аралығында театр шығармашылық жетістіктер мен сәтсіздіктерді бастан кешіре отырып, республикамыздағы іргелі өнер ордаларының біріне айналды.

Өткен ғасырдың алпысыншы жылдарының екінші жартысынан бастап балалар мен жасөспірімдер театрында айрықша бір серпіліс басталып жетпісінші жылдары театрдың аты асқақтай түсті. 1966 жылы Мен Дон Ук режиссурасымен қойылған Ш.Құсайыновтың «Алғашқы ұшқындар» спектаклі театрға Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығын әперді.

Театртанушы ғалымдардың ғылыми зерттеулеріне қарағанда осы кезеңдегі актерлер бейне жасауда түрлі психологиялық талдауларға терең барып, адам жанының небір нәзік қалтарыстарын дөп баса білгендігі көп айтылған. Өмірді өнердей, өнерді өмірдей етіп біріктіру, бір шындықты екінші шындықпен астастыру, одан көркемдік шындық тудыру, ол тек ұлылардың қолынан келетін құдірет екені әлімсақтан аян. Сол тұстағы репертуардағы аударма пьесалардың бірқатары сахна шеберлерінің бағын жандырып, оларды кейіпкердегі психологиялық толғанысты сезінуге, ішкі тебіреністі жеткізу жолын зерттеуге жетеледі. Әсіресе, Ш.Айтматов туындылары қазақ актерлерінің сан қырынан көрінуіне кең жол ашты. Жастар мен балалар театрының сахнасында «Алғашқы мұғалім» (1964 ж.), «Арманым – Әселім» (1966 ж.), «Бетпе – бет» (1972 ж.) шығармалары репертуардан берік орын алды. Әсіресе, театрдың беделін көтерген спектакльдің бірі Мен Дон Ук режиссурасымен қойылған Ш.Айтматовтың «Арманым, Әселім!» шығармасы болды.

Аталған спектакль 1967 жылы Мәскеудің Кремль сахнасында көрсетілді. Одақтың 15 республикасынан жиналған 43 балалар мен жасөспірімдер театрының ішінде өнер көрсетіп, балалар спектакльдерінің байқауына қатысып, ең үздік деген алдыңғы бестіктің қатарынан көрінді. КСРО-ның азулы театр сыншылары еліміздің шеберлері сахналаған спектакльге жоғары баға берді. Театр

тарихында ерекше аталатын бұл құбылыстан кейін Мәриаш Жақсымбетова, Чапай Зұлқашев және Роза Әшірбекова «Қазақстанның еңбек сіңірген артисі» деген атаққа ие болды.

Дәл осы 1960-шы жылдардың соңына қарай балалар мен жасөспірімдер театрының сахнасында С.Мұқановтың «Мөлдір махаббат» (1966 ж., реж. М.Д.Ук), Ә.Тәжібаевтың «Қыз бен солдат» (1967ж., В.Пұсырманов), М.Каримнің «Ай тұтылған түн» (1968 ж., реж. Е.Обаев), М.Әуезовтың «Жас Абай» (1969 ж., Ш.Айманов) т.б. спектакльдер табыспен жүрді. Көрермендердің жан-жүрегін баурап алған С.Саттарова, Б.Қалтаев, Қ.Жәкібаев, М.Құланбаев, А.Ысмайылов, М.Жақсымбетова, Р.Әшірбекова, Ч.Зұлқашев, А.Кенжеков т.б. ойындары сол кездің өзінде – ақ аңызға айналған болатын.

Ал, театрдың 1970–1980 жылдар аралығындағы шығармашылық жолына кеңінен барлау жасап репертуарын саралаған кезде, театр сахнасына шыққан спектакльдердің басым бөлігі замандастар өмірін көрсететін қойылымдардан тұратынына көз жеткіздік. Кез-келген театрдың репертуары сол театрдың бет-бейнесін, дәрежесі мен келбетін көрсететін айна болғандықтан жастар мен балалар театрының репертуар саясатына қарап оның қандай бағытты ұстанғанын аңғару қиын емес. Әсіресе 1970 жылдан бастап театр драматургия жанрының спецификалық ерекшелігін меңгеріп, өмір болмыстың түрлі құбылыстарын тарихи дамуымыздың заңдылықтарымен сабақтастыра суреттеуге ұмтылған драматургтердің пьесаларын іріктеп ала білген. Театрдың 1970–1980 жылдардағы афишаларынан бүгінгі өміріміздің көкейтесті түйінді мәселелеріне, заман мен адамдарымыздың қарым-қатынасын ашуға талпынған Қ.Мұхаметжанов, Т.Ахтанов, Ж.Тәшенов, И.Савин, С.Жүнісов, С.Шаймерденов, Ә.Әбішев, Д.Исабеков, О.Бөкеев, С.Балғабаев, Т.Нұрмағамбетов, И.Сапарбаев, Т.Әбдіков, Ә.Тауасаров, Иран-Ғайып есімдері жарқырап көрінеді.

Театр бұл драматургтердің пьесалары арқылы жұртшылықтың сол кезеңді талдап-тануға, айналасындағы адамдардың қимыл-қарекеттеріне сын көзбен қарай алуына мұрындық болып, уақыт алға тартқан көкейкесті, жанды мәселелерді қозғап жасөспірімдер мен студент жастардың және өзге де театр сүйер қауымның сырласына айнала алды.

Бүгінгі тыныс-тіршілігімізді көркемдік зердеге салып заманның беталысы мен қоғамдағы айтулы өзгерістерді сахнада бейнелеу оңай шаруа емес. Жастар мен балалар театрының замандастар тағдырынан сыр шертетін қойылымдарының барлығы бірдей биік деңгейден көріне бермегенімен, қоғам өміріндегі әлеуметтік үлкен өзгерістерді бүгінгі тірліктің диалектикалық дамуын, замандастарымыздың парасат-бітімін бейнелеуде шығармашылық ұмтылыс, соны серпін байқатуымен ерекшеленеді. Театр сахнасындағы замандастар келбетін айқындайтын қойылымдардың түгелге жуығы жоғары адамгершілік қасиеттерге баулуға бағышталған. Театрдың мақсаты қайткен күнде де жастарды жақсылық пен жамандық парқын айыра алатын адамгершілігі жоғары азаматтардың дұрыс қалыптасуына жәрдем беруге негізделген.

Жетпіс жылдық шығармашылық жолында театр қазақ драматургтерімен бірге орыс, батыс классиктерінің және өзге халықтардың таңдаулы деген пьесаларын сахнаға шығарды. Қазіргі уақыттың кезек күттірмейтін өмір құбылыстарын суреттеп, сахнадан замандастарымыздың толыққанды бейнесін жасауды театр үнемі басты назарда ұстап отырды.

Қай елдің театры болмасын әр халықтың экономикалық – әлеуметтік өміріне, қоғамның материалдық жағдайына және сол дәуірдегі оқиғалар мен өзгерістерге байланысты дамида. Жастар мен балалар театрының ұжымы да, қоғамдағы саяси – мәдени өзгерістерге сай үн қата білді. Қайта құрудың самал желі есе бастаған жылдары өзге театрлармен салыстырғанда халқымыздың басына ауыр қайғы үйірген отызыншы жылдардың адамдар тағдырына, еліміздің әлеуметтік, қоғамдық саясаты мен мәдениетіне, рухани тұрғыдан өсіп дамуына зор зардап тигізген зұлмат заманның шежіресін шертіп беретін қойылымдар осы театрдың сахнасынан көрінді.

Әдебиет пен өнер жариялылық жағдайында қоғамдық өмірдегі өзгерістерді жедеғабыл барлау мен зерттеу жұмысына бірден кірісіп кете алмаса да елінің, халқының басып өткен іздеріне ой жіберіп, тарихтағы ақтаңдақ тұстарды толтырып, әлеуметтік әділет аңсаған жылдар мен кезеңдерге, тұтас дәуірге өзінің қызу қатысын білдіре бастады.

Сол жылдары өнеріміздің қара шаңырағы атанған М.Әуезов атындағы академиялық драма театрының сахнасында драматург Қ.Мұхамеджановтың «Біз періште емеспіз» (1988) деген драмасын режиссер Ә.Мәмбетов қойды. Бұл 1937 жылы репрессия құрығына ілінген адамдардың тағдырынан сыр шерткен тұңғыш пьесалардың бірі болатын.

Алайда, республикамыздағы көптеген театрлар тың тақырыптарды игеруге белсенділік таныта алған жоқ. Оның ең басты себебі біріншіден драматургиялық шығармалардың баяу жазылуына байланысты болса, екіншіден үнемі жоғары жақтың қас-қабағына қарап үйреніп қалған театр басшылары мен режиссерлері өз беттерінше ізденуге дағдыланбағандықтан еді.

Өзге театрлармен салыстырғанда жастар мен балалар театрының ұжымы ұлттық сана-сезімнің ояну құбылысына мол еңбек сіңірді. «Театр - бұл кафедра» деген Гоголь сөзінің растығын дәлелдеп, театрдың қоғам өміріндегі маңыздылығын халыққа тағы бір рет танытты.

Театрдың бас режиссері Р.Сейтметов демократия мен жариялылық әкелген шығармашылық еркіндікті тез бағамдап, халық сусындап білгісі келіп отырған өткен тарихымыздың «ақтаңдақ» кезеңдерінің шындығын көрсететін дүниелерді талмай іздестірді. Соның игі бастамасындай болып 1987 жылы Ш.Мұртазаев пен Қ.Ысқақов бірлесіп жазған «Қызыл жебе» драмасын сахнаға шығарды.

Ш.Мұртазаев белгілі қоғам қайраткері Т.Рысқұлов туралы бірнеше роман жазғаны белгілі. Сол романдарының бірінің негізінде дүниеге келген пьесада Тұрар Рысқұловтың азамат соғысының ала-құйын кезеңіндегі Ташкенттегі өмірі мен қызметі суреттелген. Спектакльде Түркістан өлкесіндегі шым-шытырық оқиғаларға белсене араласқан Тұрар-Айдос Бектеміров саяси іскерлігімен көзге түсті.

1988 жылы 23 наурызда театр сахнасына шыққан Ш.Мұртазаның «Сталинге хаты» отызыншы жылдардағы ашаршылықтың ауыр тауқыметі жайлы көрсетті. Екі бөлімді халықтық трагедияға арқау болған шынайы шындық ол ұзақ жылдар бойы айтылмай бүркемеленіп келген жеке басқа табынушылықтың зардаптары мен коллективтендіру барысында асыра сілтеудің қазақ еліне тигізген қасіреті болатын. Тұтас бір халықтың тағдырына тарихта теңдесі жоқ сұрапыл әрі сұмдық қанды із тастаған 1932-1933 жылдары Т.Рысқұлов жаны күйзеле Сталинге хат жазғанын кеш те болса білдік. Сол хаттың ізімен мұндай күрделі дүниені қозғап, батыл қалам тартқан Ш.Мұртаза Сталин мен Т.Рысқұлов арасындағы қақтығыстарды нанымды суреттей отырып нәубет жылдардың қанды ізін әйгілеп берді.

Спектакль режиссері Р.Сейтметов авторлық концепцияны айқын жеткізуге күш жұмсады. Қойылымда ел басқарушылардың іс-әрекеті, мақсат-мүдделері жеке басқа табынудың зардаптары соның кесірінен миллиондаған адамдардың жазықсыз жапа шеккендіктері шығармашылық тұрғыдан ұтымды шешім тапқан. Тұрар рөлін ойнаған А.Бектеміров пен Сталин рөліндегі Тыныбек Пірімжанов актерлік шеберліктің озық үлгісін танытуларымен ерекшеленді.

Өз билігіміз өзімізге тиіп, тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін де театр ұжымы тарих беттеріне үңілуді жалғастыра берді. Соның айғағындай О.Сүлейменов пен Б.Мұқаев бірігіп жазған еліміз үшін ажал айдаһарына айналып, қырық жылдан астам уақыт жасырын түрде уын сыртқа шашып жатқан полигонның зардабын бүкпесіз бейнелеген «Заманақыр»

пьесасын тағы да бірінші болып қойып, жерімізде жаңғақша жарылған атом бомбасының ауыр кесепатын сахнадан дер кезінде көрсете алды.

Сол тәріздес жетпіс жылдан астам уақыт бойы билеп төстеген коммунистік идеологияның жанға салған жаралары жөнінде драматург Ә.Таразидің «Павлик немесе жаңа адам жасаймыз» трагикомедиясын режиссер Е.Обаевтың «Індет» деген атпен сахнаға қоюы елеулі жаңалық болды. Д.Жолжақсыновтың еңбегі бағаланып, оған Әзберген рөлі үшін 1996 жылы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы берілді.

Спектакль 1997 жылы өткізілген Республикалық театр фестивалінде «Гран-Приді» олжалады. Ал, 1998 жылы Қазан қаласындағы Түркі халықтарының театр фестивалінде Д.Жолжақсынов «Үздік ер адам» бас жүлдесін, артист Б.Сейтмамытов қосалқы рөл үшін тағайындалған жүлдеге ие болды.

Бұдан кейінгі жылдары аталмыш театр өзінің географиялық аумағын кеңейтіп бірнеше алыс-жақын шетелдердегі фестивальдерге қатысып қайтты. Атап айтқанда, 1998 жылы Мысырда өткен Халықаралық театр фестивалінде «Жан азабы» спектаклі үздік қойылымдардың бірі ретінде бағаланды. Сол жылы Тараз қаласының 2000 жылдық мерейтойына арналған Республикалық театр фестивалінде Н.Жақыпбай «Ең үздік режиссер», Г.Қалыбаева «Ең үздік әйел актриса» жүлдесіне ие болды. Ал, 2000 жылы Қырғыз Республикасының Бішкек қаласындағы Халықаралық «Наурыз–2000» фестивалінде бірінші орынды жеңіп алды.

Театрдың көрнекті табысына жататын Ж.Хаджиев режиссурасымен қойылған драматург Иран – Ғайыптың «Қорқыттың көрі» спектаклі де театр репертуарында ұзақ жүрді. Сахналық бітім үлгісі режиссер тарапынан келісті табылып, тың сахналық идеясы мен өзгеше пластикалық шешімімен дараланатын бұл қойылым 2002 жылдың мамыр айында Қазан қаласында өткізілген Халықаралық театр фестиваліне қатысып, Қорқыт бейнесін сомдаған Б.Сейтмамытұлы «Акерлік жетістігі үшін» тағайындалған жүлдені иеленіп қайтты.

Театр ұжымы Махамбет Өтемісұлының 200 жылдық мерейтойына байланысты Орал қаласында (2003) өткізілген Республикалық ХІ театр фестивалінің «Гран–При» – бас жүлдесін жеңіп алды. Режиссер Ж.Хаджиев шығарманың бейнелік үлгісін қарастыруда өзінің ой-тұжырымының тереңдігімен қиял жүйіріктігін көрсетті. Тұтас алғанда спектакль бүгінгі республика театрларының көтерілген биігіне шығармашылық деңгейіне көркемдік өлшем болды.

Сол тәрізді тәуелсіздіктің 15 жылдығына орай Астанада ұйымдастырылған Республикалық ХІV театр фестиваліне қатысқан Т.Теменовтың «Алма бағы» спектакліндегі актерлік ойын жоғары бағаланып, лауреат атанды. Бұл қойылым осы жылдың күзінде Башқұртстанның астанасы Уфада өткен Түркі тілдес халықтардың IV Халықаралық «Тоғанлық» театр фестиваліне қатысып, шалдың бейнесін сомдаған Тұрсын Құралиев «Аталар дәстүріне құрмет» арнайы сыйлығымен марапатталды. 2007 жылдың 27–30 наурыз аралығында Халықаралық Театр Күні мерекесіне орай, Шымкент қаласында өткен Халықаралық Театр Фестиваліне қатысқан С.Сматаев пен Т.Теменовтің «Көгілдір такси» мелодрамасы үздік қойылымдар қатарынан табылып, спектакльде Мариям ролін сомдайтын актриса Күнсұлу Шаяхметова «Ең үздік әйел бейнесі үшін» лауреат атанды.

Алматы қаласында өткен II Халықаралық Орта Азия мемлекеттерінің театр фестиваліне (2008 ж.) қатысқан «Жұмақтағы жасын» (авт. У.Сароян, ауд. Д.Рамазан, реж.Т.Ахметов) спектаклі «Ең үздік шетел классикасын сахналаған қойылым» жүлдесін иеленді. Осы жылы аталған спектакль Алматы қаласында болған II Халықаралық Орта Азия мемлекеттерінің театр фестиваліне қатысып спектакльде ойнаған артистер: Мақашева Жанар, Әбікеева Динара «Ең үздік эпизодтық рөл үшін» жүлделеріне ие болды.

Сеул қаласында өткен «Ұлы Жібек жолы» театр фестиваліне (2009 ж.) «Мулен Ружға шақыру» (авторы және реж. Т.Теменов) спектаклімен қатысып, өнерсүйер корей халқының ерекше ілтипат-ықыласына бөленіп келді.

Алматы қаласында өткен III Халықаралық Орта Азия халықтарының театр фестиваліне (2010 ж.) қатысқан Ш.Айтматовтың (инсц. жаңа нұсқасын жасаған Т.Теменов) «Қызыл орамалды шынарым» лирикалық драмасында бас кейіпкер Әселдің рөлін сомдаған актриса Аида Жантілеуова «Ең үздік әйел бейнесі үшін» номинациясы бойынша лауреат атанды. 2011 жылы аталған спектакль Түркияның Адана қаласында өткен «Ұлы Жібек жолы» атты Түркітілдес елдердің халықаралық театрлар фестиваліне, 2012 жылы Түркменстанның Ашхабад қаласында болған Халықаралық театр фестиваліне қатысып ел мәдениетін танытты.

Ал, 2013 жылы Ш.Айтматовтың 80 жылдығына орай Бішкек қаласында өткен Халықаралық театр фестиваліне М.Әуезовтің «Ай-Қарагөз...» спектаклімен қатысып, қойылым режиссері Т.Теменов Ш.Айтматов атындағы Халықаралық сыйлыққа ие болды.

Әзірбайжан Республикасының Шеки қаласында өткен (2014 ж.) Халықаралық театр фестиваліне театр «Естайдың Қорланын» (авт. Иран-Ғайып, реж.М.Ахманов) көрсетіп, Түркітілдес халықтар театрлары арасындағы өзінің шоқтығы биік өнер ордасы екенін тағы бір мәрте паш етіп қайтты.

Таразда өткен «Тұңғышбай әл - Тарази Таразға шақырады» фестивалінде (2015 ж. қараша) театр ұжымы «Қара шекпен» (авт.Г.Хугаев, реж., ауд.Қ.Төлеуішов, А.Маамиров) қойылымымен қатысып, Бе-бе ролі үшін Ербол Садырбаев – «Үздік эпизодтық ер адам бейнесі», Қосүрей ролі үшін Лидия Кәден – «Үздік эпизодтық әйел адам бейнесі» номинацияларын жеңіп алды. Бұл спектакль 2016 жылы Түркияның Конья қаласында өткен «Мың тыныс – бір дауыс» атты Халықаралық театр фестивалінде де көрермендер көңілінен шықты.

Е.Аманшаевтың «Үзілген бесік жыры» шығармасының желісі бойынша «Ол» деген атпен сахналанған спектакль 2016 жылдың мамыр айында Көкшетау қаласында өткен «Дидар» II Халықаралық эксперименттік театр фестивалінде «Ең үздік қойылым» номинациясына ие болды.

Әрине, аталған қойылымдар режиссерлік ой-мұраттың әр нүктесіне дейін толық бейнелі суреттеу деңгейінен көріне бермегенімен де, шығармашылық ізденістің айқындылығын, орындаушылардың үйлесімді жанды әрекетін, сахналық мақсатты дұрыс орындауға деген құштарлықтарын ашып айтқанымыз жөн.

Сонымен театр жетпіс жылдық тарихында шығармашылық қалыптасу мен дамудың әртүрлі белестерін басып өтіп, бүгінгі ұлттық сахна өнерінде өзіндік орнын белгіледі. Бұл театр көп жылдарға дейін орыс балалар театрымен бірігіп жұмыс істеді. Қазақ ССР Министрлігінің № 42 қаулысына сәйкес 1985 жылдың 4 ақпанынан бастап қана өз алдына дербес бөлініп шықты. 1992 жылы Ғ.Мүсіреповтың 90 жылдығы құрметіне байланысты театр жазушының есімін иеленді. 1996 жылы театрдың 50 жылдығына орай оған академиялық деген статус берілді.

Киелі шаңырақтың осындай биік мәртебеге жетуіне театрды өз қолымен құрысқан Н.И.Сацтан бастап, қазақ театр өнерінде өзіндік өрнек бояуымен ерекшеленіп, үркер жұлдызындай жарқырап көрінген ұлттық режиссурамыздың белді өкілдері Сапарғали Шәріпов, Асқар Токпанов, Мұрат Қосыбаев, Сара Естемесова, Ғайни Хайруллина, Виктор Пұсырманов, Есмұқан Обаев, Маман Байсеркенов, Жанат Хаджиев, Қ.Жетпісбаев, Райымбек Сейтметов, Нұрқанат Жақыпбай, Талғат Теменов, Мұрат Ахманов мол еңбек сіңірді.

Жоғарыда атап өткен театрдың ірге тасын қаласқан өрелі өнерпаз актерлердің ізін баса әр жылдарда театрға келіп, оның мәуелеп көктеуіне белсене қатысқан сахна шеберлері: Қазақстан Республикасының халық артистері – Байділда Қалтаев, Сәлима Саттарова, Кененбай Қожабеков, Әмина Өмірзақова, Қасым Жәкібаев, Мұхтар Бактыгереев, Роза Әшірбекова, Досхан Жолжақсынов, Алтынбек Кенжеков, Тілектес Мейрамов; Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген артистері –Аққағаз Мәмбетова, Жамал Бектасова, Кәмәси Өмірзақов, Мәкіл Құланбаев, Мәрияш Жақсымбетова, Атакелді Ысмайылов, Матан Мұраталиев, Айтжан

Айдарбеков, Сейтхан Есенқұлов, Гүлжамал Қазақбаева, Рая Мұхамедиярова, Күләш Қажығалиева, Қадірбек Демесінов, Лида Кәденова, Тұрсын Құралиев, Сағат Жылгелдиев, Жібек Лебаева, Сағызбай Қарабалин және Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткерлері: Балтабай Сейітмамытұлы, Тынышкүл Сұлтанбердиева, Райхан Қалиолдина, Әсел Мәмбетова, Шолпан Сіргебаева, Күлжәмила Белжанова, Сәкен Рақышев, Жібек Бектемір, Қадірғазы Қуандықов, Хазима Нұғманова, Айгүл Иманбаева, Мәдениет қайраткері Жаксыбек Құрманбеков, «Дарын» мемлекеттік сыйлықтың иегерлері Лиза Серікова мен Рахман Омаров, Қазақстан Жастар одағы «Серпер» сыйлығының иегерлері Жанар Мақашева, Бейбіт Қамаранов, Бакыт Тушаев, Динара Әбікеева, Әсет Иманғалиев, Аида Жантілеуова және бүгінде репертуардың ауыр жүгін көтеріп жүрген Сүндет Бектауов, Жомарт Зейнәбілов, Еділ Рамазанов, Елдар Отарбаев, Раушан Байзақова, Сафуан Шаймерденов, Еркін Әбдірешев, Сәния Ерзатқызы, Мақсат Сәбитов, Дархан Сүлейменов, Қуаныш Тұрдалин, Гүлбаһрам Байбосынова, Ақбота Қаймақбаева, Мерей Әджібеков, Ақмарал Дайрабаева, Гүлдана Ергешова, Ерлан Усманов, Сәуле Тұрдахұнова, Есжан Хамидуллин, Толқын Нұрбекова, Руслан Ахметов, Динара Абдуллина, Ерлат Кушибаев Мөлдір Қоныскызы, Әсет Есжан, Талғат Келімбетов, Ербол Ыдырысов, Динара Шымырбаева, Анар Әділова, Қуаныш Керімқұлов және т.б. жаңа толқын, жас буын актерлер де театрдың өрлеуіне бар күш – жігерін салып жүр.

Театрдың шаңырақ көтерген кезеңінен бастап, бүкіл өсіп даму сапарында екі труппаның ыстық – суығы мен жетістігін бірге бөлісіп, ұзақ жылдар бойы (1946 – 1978) әдебиет бөлімінің меңгерушісі болып табан аудармай бір орында қызмет еткен Галина Рутковскаяның ерен еңбегі бөліп айтуға лайық.

Сол тәрізді әр жылдарда театр директоры қызметін атқарған Григорий Вайсман, Гүлжаһан Жанысбаева, Сақтаған Тұрлымұратов, Райымбек Сейтметов, Досхан Жолжақсынов, Тілектес Мейрамов, Талғат Теменов өз іскерліктерін театрдың іргелі өсуіне жұмсай білді. Бүгінде театр директоры болып отырған Сәбит Әбдіхалыков та театр жұмысын ілгерілету мақсатында жұмыстар атқарып келеді. Сахна өнерінің бүкіл қыр – сырын жетік білетін бұл мамандар театрдың әкімшілік қызметін орындаумен шектелмей, шығармашылық жұмысын жіті қадағалап, дәуір тынысы мен өмір талабына сай жаңа көркемдік ізденістерге жол ашып отырысты.

Театр өнері басқа өнер түрлеріне қарағанда табиғаты өзгеше өнер екені әлімсақтан аян. Себебі, спектакль жасауға театрда жұмыс істейтін бүкіл ұжым жұмыла араласады. Әрбір қызметкердің өзіндік орны бар. Осы тұрғыдан алып қарасақ, отыз жылдан астам уақыт труппа жетекшісі болған Гүлшаһра Байжанбаева мен консерваторияның алғашқы түлектерінің бірі, театр оркестрінің негізін қалаған Дариға Мұстақованың театр босағасынан құрметті еңбек демалысына шығулары олардың театрға деген үлкен махаббаттарының жанды айғағы іспеттес.

Бұл театрдың спектакльдері театр мен әдебиет сыншыларының әр жылдардағы ғылыми – теориялық зерттеу еңбектеріне арқау болды. Атап айтқанда: филология ғылымдарының докторы Файзолла Оразаевтың «Жастық шақ театры» деп аталатын кітабында театрдың қалыптасу кезеңінен бастап 1970 жылдарға дейінгі даму барысы әңгімеленген. Ал, театрды өз қолымен құрысып, онда режиссерлік еткен Сапарғали Шәріповтың театрдың ірге тасы қаланған күнінен, он бес жыл бойы қол жеткізген табыстарын саралап жазған бірер мақалалары 1960–шы жылдардағы газет-журналдарға жарияланған. Одан кейін театрдың әдебиет бөлімінің меңгерушісі болып қызмет істеп жүрген жылдары белгілі театр сыншысы, өнертану докторы Бағыбек Құндақбаев көптеген қойылымдарды кәсіптік деңгейде талдап, тұжырымды пікірлер білдіріп отырған.

Жастар мен балалар театры ұлттық сахна өнерінің дамуына ат салысып келе жатқан ірі мәдени ошақтардың бірі болғандықтан «Қазақ театр тарихының» екінші томында оның ең таңдаулы қойылымдары іріктеліп өзге театрлармен салыстырыла жазылған. (Мынадай тарауларда: «Бүгінгі күн театр сахнасында». Авторлары: Ф.Оразаев, Ә.Нұршайықов, Б.Құндақбаев. «Комедиялық

спектакльдер». Авторы: Б.Құндақбаев). Сөйтіп, театрдың 1970 жылдарға дейінгі кезеңі тұтас зерттелмесе де жоғарыда айтылған авторлардың еңбектері арқылы театрдың бет алысын, бағыт-бағдарын аңғаруға болады.

Сол тәрізді Қ.Қуандықовтың «Театрда туған ойлар», Қ.Мұхамеджановтың «Өнер жайлы ойлар», Ә.Сығаевтың «Сахнаға сапар», «Жарнама алдындағы ой», С.Досановтың «Жүректің отын сөндірме» кітаптарының кей тарауларында театр сахнасында әр жылдарды қойылған спектакльдер мен жекелеген актерлерге жазылған портреттер енгізілген. Бұлардан басқа мерзімді газет-журнал беттерінен театр сыншылары Л.И.Богатенкованың, А.Н.Қадыровтың, Г.Ю.Рутковскаяның, У.Садықованың, Қ.Мұхаметжановтың, Қ.Уәлиевтің, С.Мусинаның, режиссер Р.Сейтметовтың, актер С.Есенқұловтың, жазушылар Н.Оразалин мен А.Нысаналиннің, әдебиет сыншысы Ә.Бөпежанованың, Н.Ақышевтың мақалаларын жиі кездестіруге болады.

Мәңгі жас қалпынан өзгермейтін Ғ.Мүсірепов атындағы академиялық балалар мен жасөспірімдер театры еліміздің жарқын болашағы үшін аянбай еңбек етіп, қазақ мәдениетінің әлемге танылуына өз үлес қоса беретініне сеніміміз мол.

1. *Қазақ театр тарихы. Екі томдық.* – Алматы: Ғылым, 1978. – 2 т. – 432 б.
2. *Сац И.Н. Новеллы моей жизни.* – М.: Искусство, – 648 с.
3. *Шәріпов С. Сахнадан ескен жылы леп // Жұлдыз,* – 1962. – № 4.

Аннотация

Портрет театра: прошлый опыт и пути развития в настоящем

Нурпеис Б.К. – доктор искусствоведения, профессор Казахской национальной академии искусств имени Т.Жургенова.

Ескендиоров Н.Р. – доктор PHD, доцент Казахского национального университета искусств.

Кумаргалиева Н.Р. – магистр искусств, преподаватель Казахской национальной академии искусств имени Т.Жургенова.

В статье рассматривается процесс формирования и пути развития Академического театра для детей и юношества имени Г.Мусрепова. По сравнению с другими театрами, данному театру присущ ряд особенностей, касающихся состава труппы и творческих планов коллектива. Самое главное, театр ориентируется на юных зрителей разного возраста. В связи с этим в статье особое внимание уделяется репертуарной политике театра, актерскому составу и режиссёрским поискам. Внесшие большой вклад в развитие театра режиссёры Н.И.Сац, А.Токпанов, М.Косыбаев, С.Шарипов, М.Байсеркенов, Ж.Хаджиев, Н.Жакыпбай понимали значимость театра для воспитания детей и стремились создавать содержательные спектакли в соответствии с требованиями времени. В статье анализируются достижения и неудачи театра за семьдесят лет его творческой деятельности, в процессе которой театр превратился в один из важных театральных центров республики.

Ключевые слова: театр, творчество, спектакль, сценография, режиссер, актерский ансамбль, национальная драматургия, актерская игра, режиссерское искусство, сценическое действие.

Summary

Portrait of the theatre: the past experience and the present ways of development

Nurpeis B.K. – PhD in Art History, professor of the Kazakh National Arts Academy named after T.Zhurgenov

Eskendirov N. R. – PhD in Art History, associate professor of the Kazakh National University of Arts

Kumargaliyeva N. R. – Master of Arts, lecturer of the Kazakh National Arts Academy named after T.Zhurgenov

In the article the formation and ways of development of the Academic Theatre for Children and Youth named after G.Musrepov are studied. In comparison with other theatres, this theatre is characterized by a number of features concerning the structure of the troupe and its creative plans for the future. The most important thing is that performances of the theatre address the needs of different age groups of the young audience. Due to this fact, in the article the special focus is made on the repertoire policy of the theatre, its cast and directorial innovations. Prominent directors who made a significant contribution to the development of the theatre, such as N.I. Satz, A.Tokpanov, M.Kosybayev, S.Sharipov, M.Baiserkenov, Zh. Khadzhiyev, N.Zhakypbai understood the importance of theatre in the upbringing of children and strived to make meaningful productions according to the needs of the time. The authors of the article analyze achievements and setbacks of the theatre throughout its seventy-year history, in the course of which the theatre has turned into one of the important theatrical centres of the Republic.

Key words: theatre, creative work, performance, scenography, stage director, cast, national dramaturgy, acting, stage directing, stage action.

УДК:791:654.19

ОТАНДЫҚ ТЕЛЕВИЗИЯ ТАРИХЫ (1958-1990 жылдар)

Сәлім Ә. Т. - Т.Қ. Жүргенов атындағы азақ Ұлттық Өнер академиясы, «Кино және ТВ» факультеті, «ТВ режиссурасы және операторлық өнер» кафедрасының оқытушысы.
Магистр.

sat.kz@inbox.ru

Уақыт талабына сай әр кезеңнің өзіндік жемісі, жаңалық етіп «ғасыр кереметін» тарту етер жаңашыл тұлғалары болары да заңды құбылыс. Десек те жиырмасыншы ғасырдың күллі адамзат баласының өмірінде алар орны тым ауқымды. Осы уақытқа тиесілі көп жаңалықтың бірі, әрі бірегейі бола білген, «ғасыр жаңалығы» аталған теледидардың әр адамның өмірінде ойып алар орыны айшықты. Ал оның пайда болуы мен жүріп өткен жолын, жаңа өнердің қадасын қағып, қабырғасын бекемдеп қазақ телевизиясының жұмысын бастап берген нар тұлғалы азаматтарын білу келешектің парызы.

Түйін сөздер: теледидар, көгілдір экран, телевизия тарихы, телевизия, отандық телевизия, экран, қазақ телевизиясы, телеарналар, хабар тарату.

Халқымыздың небір түрлі қиын-қыстау, қым-қуыт кезеңдерді, қуаныш пен күйінішті, шарықтаулар мен төмендеулерді басынан кешкені кешегі жүріп өткен жолы, тарихтың сарғайған беттерінде сайрап жатыр. Олардың бәрін де уақыт кезеңінің ұлы істерімен бірлестіре саралай отырып саралау, бүгінгі күннің талабы.

Уақыт талабына сай әр кезеңнің өзіндік жемісі, жаңалық етіп «ғасыр кереметін» тарту етер жаңашыл тұлғалары болары да заңды құбылыс. Десек те жиырмасыншы ғасырдың күллі адамзат баласының өмірінде алар орны тым ауқымды. Осы күнде жаңалыққа жаны құмар әрбір адам өз жанына қажетті дүниелерді қажетінше пайдаланып, өмірінің айырылмас бір бөлшегіне айналдыруда. Бәрінен де шоқтығы биік, әрі «ғасыр жаңалығы» аталған теледидардың әр адамның өмірінде ойып алар орыны айшықты. Теледидар - өмірге келу мерзімінен бастап «көпшіліктің» қажетіне қызмет еткен бірден бір құрал. Бүгінде «көгілдір экран» уақыт уысынан шығып әлемнің кез-келген түкпіріне көз сала, өзіне өзгені табындыра, әрі таң қалдыра белестерді бағындырып, белгісіз биіктерге бет алуда. Құпиясы мен қызығы тең, сыршыл да сыңшыл да телевизия әлемі адамзат баласын өз тереңіне тартып, ой-қиялына орныға кіріп, өз уысында тұтқындап ұстауда. Қанша жерден шығамын деп талпынсан да, теледидар жан-жүрегінді баурай ой-теңізіне үйіре тартқан сайын сені өз әлеміне жіпсіз байлап тарта береді, тарта береді.

Сыршыл да құпиялы көгілдір экранның қазақ топырағындағы тарихына биыл 58 жыл толды. Естіген құлаққа 58 жыл аз ғана уақытты білдіретін шығар бәлкім. Бірақ, осы бір сындарлы жылдарда қазақ телевизиясы басынан небір сын сағаттарды өткізгені сөзсіз.

1951 жылдың 22 наурызында КСРО Мнистрлер Кеңесінің қаулысымен Бүкілодақтық радиоаппарат комитетінің құрамында КСРО-ның Орталық теледидары құрылды. Ал, 1957 жылдың басында Үкімет радио және телехабарларын тарату жөніндегі комитет құрылды. Осының нәтижесінде 1957 жылдың 29 маусымында Қазақ ССР Министрлер Кеңесі Телевизия және радиохабарлары жөніндегі комитет құру туралы қаулы қабылдады.

Қаулы нәтижесіне байланысты 1958 жылы қазақ жерінде алғаш рет телевизия пайда болды. Сол уақыттағы республика астанасы - Алматының тұрғындары 8 наурыз күні тұңғыш рет өз экрандарында Қазақ теледидарының алғашқы қарлығаштары, диктор Зұлхия Жұматова мен Нейля Омарованың дидарын көрді. Олар алғашқы жұмысын көпшілікті Алматыда теледидар хабарларының басталуымен және әйелдер қауымын мерекелерімен құттықтап, жылы лебіз білдірумен бастады. Содан соң «өкімет мүшесі» атты көркем фильм көрсетілді. Осылайша, қазақ топырағында «көгілдір экран» деген атпен, өнердің жаңа түрі «теледидар» өмірге келді. Мәліметтерге сүйенсек бұл кезде Алматы қаласында бар-жоғы 4000, ал Алматы облысында 100-ге тарта теледидар бар еді.

Дегенмен, қазақ теледидары ресми түрде 16-наурызда ашылды.Тұсаукесерге Республикамыздағы алғашқы телехабарларды даярлап, эфирге беруге Алматы телестудиясының тұңғыш директоры Х. Абылғазин, бас редакторлар С. Нұрғалымов, И. Саввин, бас режиссер Л. Ғалымжанова, телеоператорлар И. Смирнов, И. Сагитов, суретші Э. Немирский сынды бірқатар мамандар қатысты. Міне осы кісілер алғаш болып жаңа өнердің қадасын қағып, қабырғасын бекемдеп қазақ телевизиясының жұмысын бастап еді. Осы жылдың желтоқсанында Алматы студиясы бүкілодақтық экранға бес сағаттық бағдарламамен шықты. Бұл тұста қазақ әдебиеті мен өнерінің он күндігі жүріп жатты және соған лайық қызу қарқынмен арнайы хабарлар легі әзірленіп, көрермен назарына ұсынылды.

Ел өміріндегі осынау бір маңызды тарихи бастамадан соң араға бірер жыл салып, еліміздің басқа да қалаларында да бірқатар телестудиялар ашылып, Қазақ теледидарының хабар тарататын аумағы кеңейе түсті. Сол жылдардағы қиындықтарға қарамастан 1959 жылдың сәуіріне дейін қазақ теледидары 333 бағдарлама дайындап, 497 кинофильм мен киножурнал дайындап үлгерді.

Қазақ теледидары шымылдығын түрген сәттен-ақ, шынайы өнерден сусындаған табиғи тума таланттардан кенде болған емес. Ағалар салған сара жолмен 60-80 жылдары арынды келген бір топ жастар легі заман ағымына, уақыт тынысына орай сол кезеңдердің өткір де өзекті мәселелерін хабарларына арқау еткен Совет Масғұтов, Қадыр Даутов, Марат Барманқұлов, Сұлтан Оразалин, Құсман Игісінов, Амангелді Жақсыбеков, Ғаділбек Шалахметов, Сағат Әшімбаев, Шерхан Мұртаза, Жанна Ахметова, Нұртілеу Иманғалиұлы, Қынабай Аралбаев, Серік Байхонов, Бейбіт Құсанбек сынды мамандар теледидар көгіне қалықтап шығып, теледидардың қиын да қызықты тарихының куәгерлері болды. Бастау бұлағында Ұлы Даланың ешқашанда тот баспайтын, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып жатқан ауыз әдебиетінің мол үлгілерінен сусындап өскен, шешендік өнерге етене жақын, қаламдары қарымды, сөз құдіретінен ой түйдегін ағытқан от түлектер қыры да, сыры да мол өнер түрінің қалың қалтарыстарындағы құпияларға шындап ден қойды. [1, 5 бет]

Қазақ теледидары тұсауын кескен 1958 жылдан бастап экранға шыға бастаған "Мың бір рақмет", "Өнерпаз болсаң", "Пай-пай жырға бес!", "Туған жер түлектері", "Автограф береді...", "Замандасым - сырласым", хабарлары көрермендердің жан дүниесін, қарапайым еңбек адамдарының телевизиялық портреттерін жасап, оларды қалың көпшіліктің үлгі тұтарлық ортақ қаһарманына айналдырса, кейіндеу "Кеш жарық!", "Телевизиялық кафе", "Сырласу", "Эдельвейс" сол жылдардағы әйгілі адамдар жайында, әдебиет, өнер, спорт жұлдыздарының өмірі мен өнер жолдары жайлы қызықты бағдарламалар топтамасын көрермендерге тарту етті. Сондай-ақ, теледидар алғашқы жылдардың өзінен-ақ негізінен, бұқаралық ақпаратты хабарлармен қоса әдеби, мәдени, концерттік негізінде ресми хабарлар мен өндіріс, ауыл шаруашылығына арналған бағдарламаларын көрсетуді мақсат етті. Өнердің қай түрін алсақ та ұлттық сананың қалыптасуы мен дамуына қызмет етіп, қоғамдағы көңіл-күйге, рухани дүниеге өлшеусіз әсер етеді. Ал, бейне мен дыбыстың бір мезетте қатар тоғыса келіп, психологиялық көңіл-күйге әсер ететін сілкіністің күдірет-қарымы шексіз. Өмірдегі күрмеуі мол өзекті мәселелер, қоғамдағы күрделі өзгерістер, күнделікті өмірдің күйбеңі де сол жылдардағы сан салалы хабарлар өзегіне негізделіп, көрерменге ұсынылып жатты.

Алпысыншы жылдардағы хабарлар сан мыңдаған аудитория мен жылы қауышып, жүректерге жол тауып жатты. Осы жылдары сыры да мол, сымбаты да көз қаритындай телеөнердегі ізденістер мен іркілістер, тәжірибелер мен жаңалықтар сырларына кірігіп, телеөнер саласын тереңнен игеру үшін түрлі тәжірибелер жүргізілді. Бұл тұрғыда қазақ теледидарының қалыптасуы мен дамуына бірден бір үлгі - кеңестік теледидар болды. Бастауын сонау отызыншы жылдардан алған Кеңес теледидары дүниежүзіндегі экран шеберлерімен иық теңестіре жүріп, мол тәжірибе жинақтады. Сондықтан да, әлемдік теледидар тарихына орыс экран өнерінің қосқан мол мұрағаты бар. Орыстың радио мен газет, театр мен кино шекпенінен шыққан адуынды шоғыры өздерімен бірге телеэкранға жаңа бір леп, тың жаңалық пен пішін алып келді. Эфирдегі шеберлік, режиссерлік шешімділік, операторлық қырағылық, от ауызды, орақ тілді редакторлар мен жүргізушілер күдіреті алпысыншы, сексенінші жылдар аралығында кеңестік көрермендерін теледидар өнерінің құдыреттілігіне бас идірді. Шын мәнінде де, бейнелік қатардағы бояу түрлерінің алуандығы мен теледидардағы техникалық мүмкіндікті кең молынан пайдаланған Мәскеулік экран шеберлерінен тәлім алар тұстарда, көңілге түйер ойларда, үлгі болар формалар да мол болатын. Кеңестік теледидардың ізденістері мен тәжірибелері қадамын жаңа-жаңа басқан қазақ телевизиясы үшін озық үлгі болды. Кеңестік тәжірибені бірте-бірте іс жүзінде пайдалануды игере бастаған отандық телевизия мамандары футбол матчтарынан, концерттерден, мерекелік іс-шаралардан тікелей эфирдегі репортаждар жүргізе бастады және соған сай қазақ телевизиясының аудитория аясы да кеңейе түсті. Бұл уақыттағы жоғары сұраныстағы КТ 6 камераларының салмағы 60 киллограммға дейін жететін. Осы арада айта кететін тағы бір жәйт, алғашқы телекамералар жайында болмақ.

Отандық телевизия алғашқы жұмыстарын стационарлы камералардың күшімен бастады. Стационарлы телекамералар қарапайым механиканың негізінде қолмен оптикалық линзаларды ауыстырып отырды. Кейіннен, араға бірер жыл салып барып, телевизиямыз өткен ғасырдың жетпісінші жылдары чех камераларымен толықтырылды. Чех камераларының көрсету сапасы жап-жақсы болғанымен, ауыстыру процесі өте қолайсыз болды. Қуантарлығы, заман ағымына орай әрбір техника да адамзаттың ғаламат жаңалықтарына сай небір қызмет түрлерін ұсынатын болды.

Сондықтан да, бірер жылдардан кейін телевизия камералары толыққанды совет-француздық (SEKAM III), американдық (NTSC) және батысгермандық (PAL) камераларымен жұмыс жасады, ал кейіннен тұтастай жапондардың SONY жетілдірілген жүйелерімен ауыстырылды. Телетехниканың күн санап дамып, көптеген жаңа мүмкіндіктерді ашуы телевизияның білікті маман инженерлермен, тәжірибелі техниктермен толығып, шығармашылық топтың алдында шұғыл шешімін керек ететін сұраныстар мен жаңа талаптарды қойды.

Өткен ғасырдың 70-80 жылдары қазақ теледидары түрлі-түсті бейнеге көшті. Ол уақытта трансляцияның ұзақтығы 7 сағатқа, қызметкерлер саны 412-ге дейін жетті. 11 бас редакция, 4 шығармашылық бірлестік жұмыла жұмыс істеді. Бұл кездері Алматыдағы түрлі-түсті "көк сандықтың" саны 71 мыңға, ал ақ кара "көк сандықтың" саны 294,1 мыңға жеткен еді.

1958 жылдан 60-шы жылдардың соңына дейін бір сөзбен айтқанда қазақ теледидарының қалыптасу кезеңі болды. Бұл жерде қазақстандық телеарналардың көшбасшысы бұрынғы Қазақ

теледидарының рөлі зор. Қазақ теледидары бүгінде 100-ге жуық телекомпаниялардың көшбасшысы. 58 жылдық тарихтың қиын да қызықты жолында ол араласпаған оқиға, бармаған жер, көтермеген мәселелер кемде-кем. Тамыры тереңге жайылған ел тарихы мен халық жады, өскелең ұрпақ тәрбиесі мен ғылым саласы, ғасырлар қойнауындағы мәдениеті мен дәстүрі, салт-санасы, ел экономикасы мен саясаты, өндірісі мен шаруашылығы осының бәрі қазақ телевизиясының күнделікті көтерген жүгі болды. Кейбір дерек көздеріне сүйенсек, сол кездегі Алматы және облыстағы 4100 телевизиялық қабылдағыш Қазақ телевизиясының алғашқы бағдарламасының трансляциясын тұтқан. Алматыдан кейін көгілдір экран біртіндеп шалғай өңірлерге де тарала бастады. Атап айтқанда, Қарағанды мен Өскемен, Жезқазған мен Балқаш, Ақтөбе мен Семейқалаларында студиялар ашылып, аймақ тұрғындары Қазақ телевизиясының алғашқы көрермендері санатында болды. Қазақ теледидарының "алтын ғасыры" 70-90 жылдар шындығында да көгілдір айнамыздың жан-жақты кемелденіп, шарықтаған кезеңі. Сол жылдары 13 бас редакция бір-бірімен жарыса жыл сайын түрлі тақырыптарға жіктеп 130-150 топтама бағдарламалар жасап отырды. Бұл ретте қазақстандық телеарналардың ішіндегі тәжірибесі жағынан толысқан, тарихы бай, мұрағаты мол Қазақстан ұлттық телеарнасы ескі мен жаңаны қосып тұрған шынайы көпірдей. [2, 3 бет]

Өткен ғасырдың соңғы он жылдығы Қазақ теледидары үшін қиын-қыстау тоқырау жылдары болды. Ғасырлар бой аңсаған егемендігімізді алып, алдымыздан әлемдік терезе айқара ашылып, батыс пен өзге елдердің телеөнеріндегі сан алуан бағыт экранға лап қойғанда, біздің орта әлемдік авангардты қуып жетуге ұмтылды. Әрі жаңа қоғамдағы өзгермелі ахуалдың құбылмалығы да қазақ телесахнасының эстетикалық құндылықтарынан айырылып, жеңіл әуендегі клиптік танымға ыңғайласуына негіз болды. Бұл "телеөнердің өн бойындағы үздіксіз өтуге тиіс көпмәнділік пен тұтастықтың жоққа шығуына" әкеліп соқты. Мұнда көбінесе эфирлік эффектілерге, көрермендерге жоғары әсер беру үшін әдеттегіден өзгешелеу әдістерге көп орын бөлінді де, түр мазмұнынан гөрі биік сипат алды. Сол себептен де, 1989-1990 жылдарында Қазақ телевизиясы идеялық және шығармашылық жаңаруға талпына бастады. Осы тұста жариялықтың күшіне енуі тележурналистерге кеңестік тар идеологияның шеңберінен шығып, ұлттық мүдде туралы айту, ойды ашық білдірудің халықаралық ақпараттық тәжірибелерін баяу да болса игеру, қоғамдық пікірмен есептесу секілді қадамдарға баруға мүмкіндік туғызды. Ел экраннан ақиқат іздеді.

"Демократияның, Қазақстанның бүкіл прогресшіл даму перспективасының тағдыры бұқаралық ақпарат құралдарының қалай дамитынына тікелей байланысты болмақ." деген бағдарламалық ой-байлам нақ осы кезеңде айтылған болатын. 1990-1992 жылдары осы үрдіс белең ала келе "тәуелсіз арна" деген бізге мүлде беймәлім ұғымды қоғамдық-идеологиялық айналымға енгізді. Мемлекеттік телерадионың ықпалы төмендеп, сол жылдары пайда болған "КТК", "31" телеарна секілді жекеменшік тәуелсіз арналардың беделі күрт өсті. Олар жаңалықтарды жедел және жиі бере білуімен, сол тұстағы саяси-экономикалық өзгерістерді батыл сынай алуымен дараланды. Сонымен бірге батыстың дәрекі, арсыз өнімдерін талғамсыз жамыратып жіберді. Шет елдердің бұқаралық ақпарат құралдары республиканың рухани әлеміне лицензиясыз емін-еркін ене бастады. Бұл тұс елімізде стихиялы түрде жүріп жатқан ақпараттық құбылыстарға биліктің бой салып араласуымен айқындалады. Мемлекет ақпарат құралдары мен ақпараттық кеңістікті бөлісу үрдісіне тікелей араласып, оны заңмен реттеуге, жаңа арналардың шығармашылық қызметіне талдау жасауға кірісті. [3, 175 бет]

1. Тұрсынов Қ. Көгілдір экран. - Алматы: Қазақ университеті, 1998. 265 б.
2. Олжабай Л. Қазақ телевизиясының қара шаңырағы// Егемен Қазақстан, 2003, №15. 3 б.
3. Справочник журналиста Казахстана. - Алматы: Санат, 2002, 208 с.

Резюме

Сәлім Ә. Т. – преподаватель. Казахская национальная академия искусств имени Т.К. Жургенова, кафедра «Режиссура телевидения и операторского искусства. Магистр.

sat.kz@inbox.ru

История отечественного телевидения (1958-1990 годы)

Человек и его интерес к неизведанному меняют время, мир и конечно же общество. Наблюдая за эволюцией человечества можно испугаться допустив в своих мыслях чего можно ожидать от нас самих в ближайшие два-три века. А казалось бы, что еще осталось придумать? Вот так, и когда то наши предки удивлялись увидев говорящего человека в коробочке под названием - телевизор. Время прошло, телевидение влилось в нашу жизнь. А почему? С чем это связано? На эти вопросы мы сможем ответить только после того как изучим его историю происхождения и путь становления. Это статья описывает именно этот путь становления отечественного телевидения.

Ключевые слова: экран, телевидение, история телевидения, отечественное телевидение, казахское телевидение, телеканалы, подача информации.

Summary

Salim. A.T. - T.K. Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts, "Cinema and TV" department, "TV direction and cinematography" chair.

sat.kz@inbox.ru

The history of national television (1958-1990 years)

Man and his interest in the unknown change time, the world and of course society. Watching the evolution of humanity can be frightened by admitting in his thoughts what to expect from ourselves in the next two or three centuries. And it would seem that still have to come up with? That's right, and when our ancestors were surprised to see a person speaking in a box under the name of - the TV. Time passed, TV flowed into our lives. And why? What is the reason? These are the questions we can answer only after study of its history and origin way of formation. This article describes this way of formation of national television.

Keywords: screen, television, history of television, national TV, Kazakh TV, channels, the supply of information.

Раздел V. НАЧАЛЬНАЯ ВОЕННАЯ ПОДГОТОВКА

УДК 373.1.035.

ФОРТИФИКАЦИОННОЕ ОБОРУДОВАНИЕ МЕСТНОСТИ.

Кулатаев К.А. – старший преподаватель кафедры педагогов-организаторов и начальной военной подготовки института искусств, культуры и спорта КазНПУ им.Абая.

В данной статье основное и вполне обоснованное внимание уделено военно-инженерной подготовке, как одной из наиболее важных дисциплин, входящих в состав боевой подготовки, показаны роль и назначение инженерного оборудования местности, а также представлена характеристика отдельных видов инженерных сооружений. Виды и способы фортификационного оборудования местности видоизменялись в соответствии с общим ходом военных действий. Одной из главных задач фортификационного оборудования занимаемых войсками районов (позиций) является обеспечение наиболее эффективного применения оружия, боевой техники и надежная защита войск от всех средств поражения противника. В статье большое значение придаётся вопросам укрепления местности и созданию коммуникаций, препятствующих возможным ударам вероятного противника. С целью наглядности трудозатрат на отрывку и оборудование траншей, ходов сообщения и других инженерных сооружений в статье обучаемым представлена таблица.

Ключевые слова: фортификационное оборудование, инженерные заграждения и сооружения, противник, местность, личный состав.

Курс военно-инженерной подготовки является одним из наиболее важных, входящих в состав боевой подготовки военнослужащих. Занятия, проводимые со студентами высшего учебного заведения по данной дисциплине, в первую очередь и в большей степени, посвящены ознакомлению с технологией возведения инженерных сооружений, изучению способов возведения и преодоления различных заграждений, методов преодоления различных преград. В своей совокупности они формируют знания, необходимые будущему преподавателю – организатору начальной военной подготовки, и возможность их применения в ходе занятий с обучаемыми.

В современном бою инженерные заграждения играют важную роль в обеспечении боевых действий частей и подразделений. Они устраиваются на местности и предназначены для задержания продвижения противника, затруднения его маневра, вынудить двигаться в направлении, где он может быть уничтожен, нанесения ему потерь в живой силе и технике.

Инженерные заграждения применяют во всех видах боевых действий войск в сочетании огня и действиями войск. Инженерные заграждения должны быть неожиданными для противника.

Инженерные сооружения зародилась с появлением армий. Ее развитие было связано с совершенствованием оружия, появлением новых средств вооруженной борьбы, увеличением количества боевой техники, привлекаемой для решения боевых задач, с качественным изменением личного состава войск.

Полевая фортификация наиболее широко применяется в сухопутных войсках. Другие виды Вооруженных Сил используют средства полевой фортификации в меньшей степени [1].

С целью пресечения провокаций и вторжения противника, а также для успешного ведения боевых действий и затруднения действий противника осуществляется фортификационное оборудование местности. К примеру для пограничников, оно включает: опорные пункты пограничных застав,

оборонительные позиции и сооружения для непосредственной обороны городков пограничных застав, отдельные окопы и сооружения для пограничных нарядов.

Наиболее массовыми фортификационными сооружениями на поле боя являются открытые сооружения – траншеи, ходы сообщения, окопы для огневых средств, котлованные укрытия для техники, а для личного состава – щели. Это простые, но совершенно необходимые элементы инженерного оборудования местности в боевых условиях.

